ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТУРИЗМ ЖӘНЕ СПОРТ
МИНИСТРЛІГІ

INTERNATIONAL UNIVERSITY
OF TOURISM AND HOSPITALITY

TÜRKISTAN

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

«ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТШІЛДІК САБАҚТАРЫ: ЖҰМАБЕК ТӘШЕНЕВТІҢ МҰРАСЫ»

АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ

МАТЕРИАЛДАРЫ

11 сәуір 2025 ж.

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ТЕОРЕТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ

«УРОКИ НАЦИОНАЛЬНОГО ИНТЕРЕСА И ГОСУДАРСТВЕННОСТИ: НАСЛЕДИЕ ЖУМАБЕКА ТАШЕНЕВА»

11 апреля 2025 г.

MATERIALS

OF INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND THEORETICAL CONFERENCE

"LESSONS OF NATIONAL INTEREST AND STATEHOOD: THE LEGACY OF ZHUMABEK TASHENEV"

April 11, 2025

«ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТШІЛДІК САБАҚТАРЫ: ЖҰМАБЕК ТӘШЕНЕВТІҢ МҰРАСЫ»
атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

11 сәуір 2025 ж.

2 том

МАТЕРИАЛЫ
международной научно-теоретической конференции
«УРОКИ НАЦИОНАЛЬНОГО ИНТЕРЕСА И ГОСУДАРСТВЕННОСТИ: НАСЛЕДИЕ ЖУМАБЕКА ТАШЕНЕВА»

11 апреля 2025 г

Том 2

MATERIALS
of international scientific and theoretical conference
" LESSONS OF NATIONAL INTEREST AND STATEHOOD: THE LEGACY OF ZHUMABEK TASHENEV"

April 11, 2025

Volume 2

УДК 378
ББК 74.58
Ш77

«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КеАҚ
Басқарма төрағасы – Ректор Шоқпаров Әлібек Жұмабекұлының
Редакциялық алқалығымен

Редакциялық алқа:
Шалабаева Л.И., Искаков Т.Б., Динашева Л.С.,
Абдрасилов Т.К., Сандыбаева А.Д., Малдыбек А.Ж.

Ұлттық мүдде және мемлекетшілдік сабақтары: Жұмабек Тәшеневтің мұрасы/ Уроки национального интереса и государственности: наследие Жумабека Ташенева / Lessons of National Interest and Statehood: the Legacy of Zhumabek Tashenev - Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары/ Материалы международной научно-теоретической конференции/ Proceedings of the International Scientific and Theoretical Conference. -Түркістан: ХТжМУ, 2025. -Түркістан: Халықаралық туризм және меймандостық университеті, 2025. - 449 б.

ISBN 978-601-08-5030-9

«Ұлттық мүдде және мемлекетшілдік сабақтары: Жұмабек Тәшеневтің мұрасы» Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы жинағы.

Материалдар жинағы әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар саласындағы ғылыми қызметкерлер, оқытушылар, студенттер мен магистранттарға және экономика, туризм, философия, мәдениет, тарих мәселелеріне қызығушылық танытатын қалың көпшілікке арналған.

Сборник материалов международной научно-теоретической конференции «Уроки национального интереса и государственности: наследие Жумабека Ташенева".

Материалы предназначены для научных работников, преподавателей, студентов и магистрантов в области социально-гуманитарных наук и широкой общественности, интересующейся вопросами экономики, туризма, философии, культуры, истории.

ISBN 978-601-08-5030-9

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

Есимханова А. Shield of the nation Jumabek Tashenev and the preservation of Kazakhstan **8**

Айтакова С.А. Тірісінде аты аңызға айналған қайраткер **14**

Абдраманова Ш.Р., Орынбек А.Ғ., Ордабекова А.Ш. Жаһандану және ұлттық - мәдени бірегейлік мәселесі **22**

Алтынбек Г.Қ., Ережеп П.Ә. Жаһандану жағдайындағы тұлғаның әлеуметтік - мәдени даму факторлары **28**

Toshova Sh.P. IX-XII asr Movarounnahr badiiy hunarmandchiligida ramzlar va etnomadaniy omil (to‘qimachilik, kashtachilik va gilamdo‘zlik misolida) **35**

Ералин Қ.Е., Ералина А.Қ., Ералина Ғ.Қ. Ұлы Отан соғысы батырларының бейнелері арқылы жастарға ерлік рухта тәрбие беру **43**

Анапияева Г.Т., Ахтаева А.Б. Көптілділік контекстіндегі қоғамның даму факторлары **48**

Абдумавленова Т. ЖОО стратегиясын жүзеге асырудағы мотивацияның теориялық негіздері **54**

Уразбай К.Р., Қалмұрат Д.Е. Орнықты даму жағдайындағы әлеуметтік саясаттың ажырамас бөлігі ретінде шетел тілдерін үйренудің ерекшеліктері **60**

Қарабала А.М. Тарих пәнінде деректерді талдау және қолдану әдістері арқылы оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытудың маңызы **67**

Садуова Ж.Н., Базарова Ж. Отбасындағы бала тәрбиесінде кездесетін қиындықтардың алдын-алу жолдары **72**

Садуова Ж.Н., Садуова Ж.Н. Бала тәрбиесіндегі отбасының қызметтері мен ұстанымдары **78**

Сатаев А.Т., Түймебаева А.Ж. Білім беру жүйесіндегі сандық оқыту технологиялар тұрақты даму факторы ретінде **73**

Конакбаева У.Ж., Кочарли Д.И. Использование креативной деятельности при обучении русскому языку **89**

Сапарбекова Г.А., Ниятова А.Е., Сыздыкова Г.Ж. Реализация мини проекта как стимул к самообразованию **94**

Нурпеисова А.М., Курманов Н.А. Цифрлық технологиялардың тұтынушыларға қызмет көрсету сапасына әсері **100**

Конакбаева У.Ж., Шашимова О.В. Методика и содержание обучения иностранным языкам **107**

Мейрбеков А.К., Бураева Ж.Б. Развитие креативности в обучении английскому языку будущих специалистов в сфере туризма **112**
Сатенов Б.И., Саркулова Н.К., Байнурова Б.Ә. Бухгалтерский учет в страховых компаниях и финансовая отчетность **117**
Абдурашидова К.М. Анализ и стратегия развития ТОО «ГРЭС ТОПАР» **121**
Ажигулова А. Жеке тұлғаларға салынатын салық жүктемесі **129**
Атенова А.М. Влияние цифровизации экономики на развитие рынка труда Казахстана **134**
Кейкова Ж.К. Экономиканың өнеркәсіптік секторындағы білікті жұмысшы кадрлардың тапшылығы проблемасы **140**
Ахметова С., Атенова А.М., Джанабергенова К.А. IT-сектор сипаттамасы мен сегменттік есептіліктің оны транспарентизациялаудағы рөлі **148**
Джумабаев М.Т. Экономикаға аграрлық саланың тиімділігі **154**
Заурбекова Л.Е. Қазақстандағы сақтандыру компаниясындағы қаржылық есептілікті жетілдіру және интеграциялау жағдайындағы реттеуді дамыту **160**
Башар М.М. Қазақстанның экономикалық даму стратегиясы: әлеуметтік саясаттың орны мен болашағы **168**
Мыркалыков А.Ж. Аймақтың әлеуметтік- экономикалық дамуында бюджеттің алатын рөлі **175**
Сатенов Б.И., Сарыкулова Н.К., Кесікбаева Ұ.Б. Позаказный метод учета затрат и калькулирования себестоимости **182**
Мыркалыков А.Ж., Молдабекова А.Ш. Жергілікті қаржыны қалыптастыруда салықтардың рөлі және төлеу ерекшеліктері **187**
Ахметова С., Узахова Б. Стратегиялық басқару есебінің мәні мен қажеттілігі **195**
Дархан Д.А., Омарбакиев Л.А. Управление ликвидностью и платежеспособностью предприятия **202**
Сатымбекова К.Б., Аязбекова Ж.С., Аркат А.А. Сауда кәсіпорындарында кірістер мен шығыстар көрсеткіштерін есепке алу **208**
Жошибаева Д.А., Пазилов Г.А. Ауыл шаруашылығын инновациялық дамытудың негізгі бағыттары **214**
Сатымбекова К.Б., Ахметова С.С., Сакитжанова А.Н. Учет валютных операций **221**
Конакбаева У.Ж., Әбдіжаліл А.Қ. Қазақстан Республикасында шағын және орта бизнестің экономикадағы орны **226**

Сатенов Б.И., Сарыкулова Н.К., Байтанова А.Ә. Организация системы управленческого учета на предприятии: практический аспект **230**
Бажигалиева М.Б. Мемлекеттік басқарудағы замануи тенденциялар **235**
Өмірболат Н.Н., Наренова А.Н. Мемлекеттік бағдарламалар және өңірлердің дамуына олардың әсері **243**
Ыдырыс С.С., Бекназаров Б.Д., Ахметова М.Т., Колдасова Л.С. Орталық Азиядағы өндірістік бәсекелестік және сыртқы экономикалық қатынастар **251**
Шакаров А.Б. Пути совершенствования качества государственного управления Республики Узбекистан для обеспечения экономического роста **257**
Ниязбекова Р.К., Бекназаров Б.Д. Экономикалық болжам және демографиялық өзгерістер **268**
Нахипбекова С., Джарилкасинова А.Ж. Түркістанның мәдени және тарихи мұрасын туристік бренд ретінде дамыту **274**
Үсен Ж. Ғ. Логистика - орталық азиядағы бәсекеге қабілеттіліктің драйвері **280**
Қалтаева С.А., Жақсылық А. Гастрономиялық туризм: ұлттық тағамдарды әлемге таныту мүмкіндіктері **288**
Баялы А.Т., Назарбек Т. С. Оңтүстік Қазақстан облысының туристік бағыттарының анықтамалық ақпараттық жүйесі **296**
Джоланов Е.Е. Қонақжайлылық саласындағы жасанды интеллект **302**
Дандаева Б.М., Куаныш А.С. Аймаққа туристерді тартуда маркетинг функциялары мен ықпал етуші факторлар **308**
Толаметов А.О. Глобальные тренды и локальные вызовы в трансформации туристического сектора Казахстана **316**
Исаева А.М. Зарубежный опыт диверсификации и цифровизации сферы туризма **322**
Maldybek A.Zh., Samalikova A.M. Sacred places of the Turkestan region: historical and cultural heritage and its role in the development of religious tourism **331**
Ниязов Н.А., Садыбеков Р.Ш. Туризм әлеуметтік институт ретінде **339**
Баймаганбетов С.Т., Абдугаппарова С.Б., Айнақожаев Е.П. Smart tourism (туризм 4.0) технологияларының турист таңдауына әсерін талдау **344**
Ким А.В. Перевод культурных терминов в туризме: стратегии применяемые переводчиками **353**

Қожан А.А., Досалиев Т.К. Қазақ халқының ислам және түркі мәдениеттерінің синтезі: діни және мәдени туризмдегі рухани мұраның рөлі **358**

Сапарбекова Г.А., Ахметова А.Б. Применение искусственного интеллекта в сфере туризма **366**

Sagdullayev I. The role of english in Kazakhstan's tourism development: aligning with global trends **372**

Saginbayeva M.A., Tukibayeva K.B. Digital transformation in hotel business in the Republic of Kazakhstan **380**

Боханова А.С. Русский язык как инструмент международного общения в сфере туризма **389**

Дурру Д.К., Митрошенко Т.С. Арт-объекты и городские локации, созданные промышленными предприятиями **397**

Жолманова Н.Ж., Алимбеков Д.А. Туристік қызметте психологияның қолданылуы: қажеттіліктер иерархиясы **403**

Изатуллаева Б.С., Абдірахман А. Ауыл туризмі мен мәдени мұраны сақтау: болашаққа бағытталған көзқарас **410**

Қажатұлы Қ. Қытай тілінің Қазақстан туризміндегі орны және оны меңгерудің тиімді әдістері **416**

Kurmanbaeva U. The impacts of lingua -culture translation in the tourism sphere of Kazakhstan **423**

Альмухамбетова Б.Ж., Ырза Б.Ш. Тұрақты туризмдегі стейкхолдерлердің «жетілу» деңгейі: қазақстандық тәжірибе және даму перспективалары **428**

Абдраманов Е.С., Самуратова А.У. Азамат соғысы жылдары британдықтардың Түркістандағы құпия қызметі **436**

SHIELD OF THE NATION: JUMABEK TASHENOV AND THE PRESERVATION OF KAZAKHSTAN'S TERRITORIAL INTEGRITY

Есимханова А.
ағылшын тілі мұғалімі, ЖОББМ №25 КММ
(Павлодар, Қазақстан)
fkbz@mail.ru

Annotation. This article explores the crucial role of Jumabek Tashenov in preserving Kazakhstan's territorial integrity. The author examines his courageous political stance, resistance to Soviet territorial threats, and the long-term impact of his actions on Kazakhstan's future. The article employs analytical and comparative methods, utilizing historical sources, political documents, and research studies from the Soviet period. By referencing official reports and scholarly works, the study thoroughly examines Tashenov's political decisions and their consequences. The research highlights that Tashenov's defiance against Moscow's territorial plans came at great personal and political cost. His opposition played a key role in maintaining Kazakhstan's borders and strengthening national identity. Additionally, his economic and cultural policies contributed to the foundations of Kazakhstan's future independence. The discussion underscores Tashenov's significance in defending Kazakhstan's sovereignty and national unity. His resistance against the Soviet Union's central authority sets him apart as a historical figure who shaped the country's territorial and political destiny. The study demonstrates that his strategic decisions remain relevant in modern Kazakhstan, making this article a valuable contribution to historical research.

Keywords: Jumabek Tashenov, Kazakhstan's territorial integrity, Soviet Union, Nikita Khrushchev, Virgin Lands campaign, national sovereignty, political resistance, economic policies, cultural identity, historical legacy.

Аннотация. Бұл мақала Қазақстан тарихындағы маңызды тұлғалардың бірі – Жұмабек Тәшеновтің ел аумағын сақтап қалудағы рөлін зерттейді. Оның батыл саяси ұстанымын, кеңестік биліктің Қазақстанға төндірген қауіптеріне қарсы күресін және осы оқиғалардың ел болашағына әсерін қарастырылады. Мақала тарихи оқиғаларды сипаттау үшін дереккөздерге сүйене отырып, талдау және салыстыру әдістерін қолданады. Кеңес дәуіріндегі саяси құжаттар, ресми баяндамалар мен зерттеулер негізінде Тәшеновтің саяси шешімдері мен олардың салдары жан-жақты қарастырылады. Зерттеу нәтижесінде Тәшеновтің Қазақстанның жер тұтастығын сақтау жолындағы күресі оның саяси мансабына үлкен қауіп төндіргені анықталды. Оның Мәскеудің аумақтық жоспарларына қарсы тұруы қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің нығаюына ықпал еткенін көруге болады. Сонымен қатар, оның экономикалық және мәдени саясаты Қазақстанның болашақ тәуелсіздігіне негіз қалағаны көрсетіледі. Мақалада талқыланған мәселелер Қазақстанның

аумақтық егемендігі мен ұлттық бірегейлігін қорғаудағы Тәшеновтің маңызды рөлін айқындайды. Кеңес Одағының қатаң орталықтандырылған билік жүйесіне қарсы күресі оны тарихи тұлға ретінде ерекшелейді. Оның стратегиялық шешімдері мен саяси күресінің нәтижелері бүгінгі Қазақстан үшін өзекті болып қала береді.

***Кілт сөздер*:** Жұмабек Тәшенов, Қазақстанның аумақтық тұтастығы, Кеңес Одағы, Никита Хрущев, Тың игеру науқаны, ұлттық егемендік, саяси қарсылық, экономикалық саясат, мәдени бірегейлік, тарихи мұра.

INTRODUCTION

History often remembers those who stood firm against adversity, those who defended their homeland not with weapons but with unwavering determination and resolute leadership. Among such figures in Kazakhstan’s history, Jumabek Tashenov holds a distinguished place. At a time when Soviet Premier Nikita Khrushchev sought to redraw the map of the Kazakh SSR, proposing territorial transfers that threatened the very integrity of the republic, Tashenov stood as a lone but unyielding voice of resistance. He was not just a statesman but a guardian of Kazakhstan’s national interests, a leader whose steadfast opposition to Moscow's plans ensured that vast and historically significant territories remained within Kazakhstan’s borders. His courage and unwavering commitment to his homeland came at great personal cost, but his legacy endures as a symbol of patriotism, sovereignty, and national unity [1. 12 p.].

His story is one of resilience, vision, and a deep-rooted commitment to national identity. At a time when Soviet policies sought to dilute ethnic and cultural uniqueness, Tashenov emerged as a force that safeguarded not only the physical borders of Kazakhstan but also its historical identity. His defiance against Khrushchev's expansionist plans was not just an act of political resistance but a defining moment in Kazakhstan’s modern history. While many bureaucrats in the Soviet system simply followed orders, Tashenov was among the few who dared to challenge the central authority for the sake of his nation. His firm belief in the importance of national sovereignty and the preservation of Kazakh lands resonates even today as Kazakhstan continues to assert its independence on the world stage [2. 30 p.].

EARLY LIFE AND RISE TO POLITICAL POWER

Jumabek Tashenov was born in 1915 in the Akmola region of Kazakhstan. From an early age, he exhibited a sharp intellect and a strong sense of duty, which led him to pursue a career in public administration. His education in civil engineering laid the foundation for his rapid ascent in Soviet Kazakhstan’s political system. By the 1950s, Tashenov had become one of the most influential figures in the republic, serving as Chairman of the Presidium of the Supreme Soviet and later as Chairman of the Council of Ministers of the Kazakh SSR. In these positions, he played a key role in economic and infrastructural development, but his greatest test came when

he was forced to defend Kazakhstan's territorial integrity against Khrushchev's aggressive expansionist policies [3. 18 p.].

His rise was not merely a result of administrative efficiency but also of his deep understanding of Kazakhstan's economic and social landscape. Tashenov was known for his pragmatic approach to governance, ensuring that the republic's resources were allocated to benefit the local population rather than being drained by the central Soviet government. This approach made him popular among his peers and the people of Kazakhstan but also drew scrutiny from Moscow, which preferred leaders who adhered strictly to Soviet directives without questioning their long-term consequences. His political acumen and sharp negotiation skills allowed him to navigate complex bureaucratic structures while advocating for policies that benefited Kazakhstan rather than merely serving Moscow's broader objectives [4. 22 p.].

Moreover, Tashenov's leadership was marked by his commitment to national self-sufficiency. Unlike many Soviet officials who saw Kazakhstan merely as an agricultural hub for the USSR, he championed industrialization and economic independence. He pushed for greater local control over Kazakhstan's natural resources, believing that the republic's wealth should be used to improve the lives of its people rather than being siphoned off by Moscow. This stance put him at odds with central authorities, making him a target for political maneuvering by those who wished to maintain the status quo. Despite these challenges, he continued to advocate for policies that reinforced Kazakhstan's economic resilience and long-term sustainability [5. 15 p.].

THE THREAT TO KAZAKHSTAN'S BORDERS

The late 1950s and early 1960s were marked by sweeping reforms under Khrushchev, many of which had direct consequences for the territorial composition of the Kazakh SSR. One of the most alarming proposals was the creation of the so-called Virgin Lands Territory. This initiative aimed to transfer vast northern regions of Kazakhstan—including Tselinograd (now Astana), Pavlodar, Kustanai, Kokchetav, and North Kazakhstan—to direct control from Moscow. This would have effectively stripped Kazakhstan of nearly a quarter of its land and placed it under Russian administration [6. 40 p.].

Khrushchev's motivation behind these territorial changes stemmed from his ambitious Virgin Lands Campaign, which sought to dramatically increase grain production by cultivating vast areas of steppe land. The campaign had already led to a massive influx of settlers from other Soviet republics, particularly Russians and Ukrainians, into Kazakhstan's northern regions. This demographic shift altered the ethnic composition of the region and threatened the cultural and linguistic dominance of the Kazakh people. By transferring these lands to Russian administration, Moscow sought to further cement its control over these territories and ensure that they remained integral to the Soviet Union's economic and agricultural agenda [7. 42 p.].

Additionally, Khrushchev's policies did not only target the north. He also considered transferring parts of southern Kazakhstan to Uzbekistan, arguing that these areas had closer historical and economic ties with Uzbek regions. Furthermore, he proposed ceding the Mangyshlak Peninsula, a region rich in oil and natural gas reserves, to Turkmenistan. These proposals were part of a broader Soviet strategy to redistribute resources and administrative control in ways that favored Moscow's strategic interests rather than the well-being of the local population. Had these territorial transfers been enacted, Kazakhstan's economy would have suffered severe disruptions, with key agricultural and industrial centers falling under external administration [8. 50 p.].

Tashenov and other nationalist-minded Kazakh leaders recognized the broader implications of these territorial threats. Beyond economic consequences, the reallocation of land posed a serious danger to Kazakhstan's cultural and political sovereignty. The Virgin Lands Campaign had already led to an erosion of Kazakh traditions, as Russian became the dominant language in the newly established settlements, and Kazakh historical and cultural landmarks were overshadowed by Soviet infrastructure projects. If these territories were officially transferred, Kazakhstan's identity as a distinct republic within the Soviet framework would have been further weakened, and its ability to govern itself would have been significantly compromised [9. 55 p.].

Another critical aspect of this territorial struggle was the strategic value of the regions under threat. Northern Kazakhstan was not only agriculturally rich but also housed vital transportation and industrial networks essential for the republic's economic stability. The proposed transfer would have placed these assets under Moscow's direct control, limiting Kazakhstan's ability to develop independent economic policies. Additionally, the Mangyshlak Peninsula, with its vast mineral wealth, was crucial for Kazakhstan's future economic growth. Losing control over these areas would have significantly reduced Kazakhstan's leverage within the Soviet system and made it more dependent on Moscow for resources and economic development.

The proposed territorial changes also ignited concerns about national security. By diminishing Kazakhstan's landmass and altering its borders, the Soviet leadership would have effectively reduced the republic's strategic importance and defensive capabilities. This was particularly concerning in the context of Cold War geopolitics, where territorial integrity played a crucial role in the stability and influence of Soviet republics. Tashenov and his allies understood that these changes would not only weaken Kazakhstan politically but also make it more vulnerable to future territorial demands and administrative reconfigurations by Moscow.

Thus, the fight to preserve Kazakhstan's borders was not just about retaining land; it was about protecting the republic's economic future, cultural identity, and political autonomy. Tashenov's resistance to these plans demonstrated a deep understanding of the long-term consequences of territorial loss and solidified his reputation as a staunch defender of Kazakhstan's national interests. His actions

during this critical period laid the groundwork for the republic's future independence and reinforced the idea that Kazakhstan was more than just a peripheral Soviet territory—it was a nation with a distinct identity, history, and rightful claim to its lands [12. 70 p.].

TASHENOV'S DEFIANT STAND AGAINST KHRUSHCHEV

Faced with the imminent threat of losing substantial portions of Kazakhstan's land, Tashenov took a firm and unwavering stand. He was one of the few Kazakh leaders who openly opposed Khrushchev's territorial schemes. In a dramatic confrontation, he argued against the Virgin Lands Territory proposal, emphasizing that the constitutional borders of Kazakhstan should remain intact and that no decision regarding territorial redistribution should be made without the consent of the Kazakh people [7. 35 p.].

Tashenov's opposition was not merely rhetorical; he utilized every political and legal tool at his disposal to counter Moscow's plans. He drew upon historical precedents, highlighting Kazakhstan's longstanding territorial integrity within the Soviet Union and arguing that Khrushchev's proposal violated constitutional principles. Tashenov also rallied support among other political figures and intellectuals, presenting a united front against the central government's ambitions. Despite facing immense pressure from Soviet authorities, he refused to compromise on Kazakhstan's sovereignty, knowing that ceding land would set a dangerous precedent for the republic's future [7. 38 p.].

His defiance culminated in a tense standoff with Khrushchev himself. In high-level meetings, Tashenov directly challenged the Soviet leader, questioning the logic and fairness of stripping Kazakhstan of its land and resources. Khrushchev, known for his volatile temperament, did not take kindly to such resistance. The exchanges between the two were intense, with Tashenov steadfastly refusing to back down despite the risk to his political career. His boldness, however, came at a cost. While he succeeded in preventing the immediate execution of Khrushchev's territorial redistribution plans, his open defiance made him a marked man within the Soviet hierarchy [8. 42 p.].

CULTURAL AND ECONOMIC IMPACT OF TASHENOV'S POLICIES

Tashenov's influence extended beyond territorial integrity; he also played a crucial role in preserving the cultural and economic foundations of Kazakhstan. His policies ensured that Kazakhstan retained its unique identity within the Soviet Union. Unlike many leaders who prioritized industrialization at the cost of local traditions, Tashenov emphasized the importance of maintaining Kazakh culture through education, language policies, and economic self-sufficiency [8. 50 p.].

One of Tashenov's significant achievements was his effort to promote the Kazakh language and culture at a time when Soviet policies were increasingly favoring Russification. He advocated for the expansion of Kazakh-language schools and ensured that government policies did not erode the use of the Kazakh language in administrative and educational institutions. His commitment to cultural

preservation extended to literature, music, and historical research, encouraging scholars to document and celebrate Kazakhstan's rich heritage despite the pressure to conform to Soviet norms [9. 55 p.]. Economically, Tashenov pushed for policies that would make Kazakhstan more self-sufficient, rather than merely serving as a resource supplier for Moscow. He championed industrial diversification, advocating for greater investment in manufacturing and infrastructure projects that would benefit local populations. He also sought to protect Kazakhstan's vast agricultural lands from overexploitation due to the Virgin Lands campaign, arguing that sustainable development was crucial for the long-term prosperity of the republic.

His economic vision was not limited to industry and agriculture; he also recognized the importance of developing local expertise and leadership. Tashenov was instrumental in ensuring that more Kazakhs were trained for high-ranking positions within the government and economic sectors. He resisted Moscow's tendency to place Russian officials in key roles within the Kazakh SSR, insisting that local leaders were best suited to address the republic's unique challenges and needs.

THE AFTERMATH AND TASHENOV'S LEGACY

Despite his efforts, Tashenov's opposition to Khrushchev's policies led to his political downfall. He was demoted and sent to a lower administrative position far from the political center. However, his legacy lived on, inspiring future generations of Kazakhs to protect their national interests. His unwavering commitment to Kazakhstan's sovereignty remains a crucial lesson in the nation's history [9. 60 p.]. Following his removal from high office, Tashenov lived in relative obscurity, stripped of the power and influence he once wielded. However, he never renounced his beliefs or regretted his actions. He continued to support efforts that promoted Kazakhstan's cultural and economic development, albeit from a less visible position. Many who worked with him during this period noted his enduring dedication to his country and his refusal to compromise his principles, even when it would have been easier to do so.

His impact became more evident in the years following Kazakhstan's independence in 1991. As the country sought to redefine its national identity and assert its sovereignty, Tashenov's resistance to Soviet territorial encroachments was increasingly recognized as a pivotal moment in Kazakhstan's history. Today, his name is honored in schools, streets, and academic discussions about national sovereignty and leadership. His story serves as a reminder that even in the face of immense political pressure, one individual's steadfast dedication to their homeland can shape the course of history. Tashenov's legacy extends beyond Kazakhstan's borders as well. His defiance against centralized control and his advocacy for national self-determination resonate with other post-Soviet states that struggled to assert their independence. His actions demonstrated that political courage and strategic foresight are essential in preserving a nation's territorial and cultural integrity. In an era where geopolitical tensions continue to shape global politics,

Tashenov's example remains relevant, inspiring leaders and citizens alike to stand firm in defense of their homeland's sovereignty.

REFERENCES:

1. Смағұлова С.Ө. Қазақ хандығы мен «Мәңгілік ел» идеясы//«Қазақстан мемлекеттілігінің эволюциясы және «Мәңгілік ел» идеясы» атты дөңгелек үстел. Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты. – Алматы, 2015. – 8 қыркүйек.
2. Смағұлова С.Ө. XX ғ. басындағы Қазақстандағы медреселер: оқыту жүйесі мен діни оқулықтар//Международная научно-теоретическая конференция «Духовная жизнь Казахстана: история и современность». Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК. – Алматы: 2015. – 22 октября.
3. Концепция экологической безопасности Республики Казахстан на 2004-2015 годы //Казахстанская правда (газ.). – Алматы, 2003.–10 декабря.
4. Нұрпейісов Е. Қазақ мемлекеттілігі тарихынан. – Алматы: Қазақ университеті, 2018.
5. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995.
6. Абдакимов А. Тарихи тұлғалар. – Астана: Фолиант, 2010.
7. Қазақ хандығы энциклопедиясы. – Алматы: Атамұра, 2017.
8. Ахметова Д. Қазақстанның саяси тарихы. – Астана: Елорда, 2019.
9. Мұқтарұлы Ә. Ұлы дала тарихы. – Алматы: Рауан, 2020.

ТІРІСІНДЕ АТЫ АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН ҚАЙРАТКЕР

Айтакова С.А.

М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті

(Тараз, Қазақстан)

s_aytakova@mail.ru

Аннотация. Мақалада мемлекет және қоғам қайраткері Ж. Тәшеневтің өмірі мен қызметі, қазақ халқының тәуелсіздігі жолындағы маңызды реформалары мен саясат сахнасындағы ерлігі туралы орын алады. Ол қазақ халқының ұлттық мүдделерін қорғауда үлкен белсенділік танытып, өзінің батылдығымен және стратегиялық ойлаумен ерекшеленді. Ж. Тәшеневтің қайраткерлігі саяси және қоғамдық қызметте маңызды болды. Мақалада оның ерлігі мен тұлғасының ел тарихындағы орны, ұрпаққа берген тәлімі жан-жақты талданады.

Кілт сөздер: Ж. Тәшенев, қазақ жері, Н.Хрущев, Д.Қонаев

Аннотация. В статье освещается жизнь и деятельность государственного и общественного деятеля Ж. Ташенева, его важные

реформы на пути к независимости казахского народа. Он проявил большую активность в защите национальных интересов казахского народа, отличился мужеством и стратегическим мышлением. Деятельность Ж. Ташенева имела важное значение в политической и общественной деятельности республики. В статье подробно анализируется личность Ж.Ташенева в истории страны, его значение для подрастающего поколения.

***Ключевые слова*:** Ж. Ташенев, казахская земля, Н. Хрущев, Д. Кунаев

Жұмабек Ахметұлы – қазақ тарихындағы шоқтығы биік мемлекет және қоғам қайраткері, Астана қаласына жақын жердегі Ақмола облысы Аршалы ауданы Танакөл ауылында дүниеге келген. Кейбір деректерде туған жері Бабатай стансасы деп көрсетіледі [1, 309 б.]. Ж.А. Тәшеневтің арғы ата-бабалары да осы өңірді ежелден қоныс қылған. Орта дәулетті отбасында дүниеге келген. Әкесі Жақсыбаев Тәшен мен шешесі Гүлсім шағын шаруашылық иелері еді. 1917-1924 жылдары әкесі іргелес орналасқан Мартыновка поселкісінде әртүрлі жұмыстар атқарып, 1931 жылы аурудан қайтыс болады. Тәшен мен Гүлсімнің Қасым (жастай шетінеген), Қасен, Манап, Жұмабек, Бидан (Бибінұр), Сақыш (Сақыпжамал) есімді балалары болған. Танакөл ауылында (№ 7 ауыл) 1915 жылғы 20 наурызда дүниеге келгенін «Жұмабек Ташенов» монографиясының авторлары Сейітқали Дүйсен және Қанат Еңсенов анықтады [2, 22 б.]. Бабатай кентіне тақау жатқан Танакөл ауылы 1930-жылдардағы колхоздарды біріктіру және ірілендіру кезінде мүлде таратылады.

Тәшеневтердің жақын туысы Дәметкен жеңгейдің айтуынша, қазақтардың ежелгі туыстық дәстүрі бойынша Жұмабек пен Манапты Тәшеннің кіші інісі Ахметке балалары етіп асырауға берген. Сол себепті Жұмабек пен Манап Ахметұлы деп жазылған. Қазақ қоғамында туыстық байланыстар желісі үзілмес үшін балаларын аға-інісі немесе қарындасына бала етіп асырауға беру оқиғалары бұрыңғы уақыттан қазірге дейін жалғасын тауып отыр. Кейде жақын туыстар қиын жағдайға душар болып, баласыз қалғанда беретін болған.

Тәшеневтер отбасын жете зерттеушілердің бірі Кәрішал Асан-ата (Асанов) осындай оқиға Қонаевтар жанұясында да кездескенін айтады [3, 10-11 б.]. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатындағы, Солтүстік Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстық Мемлекеттік мұрағаттарындағы қорларында шаруашылық және әлеуметтік мәселелер бойынша партия комитеттерінің, республикалық, жергілікті органдардың қабылдаған шешімдері негізінде Ж.А. Тәшеневтің мемлекеттік қызметі кезеңдерін терең білуге мүмкіндік беретін құжаттар сақталған [4, 5, 6].

Ж.А. Тәшеневтің өмірбаяны туралы неғұрлым нақты деректер Қазақстан Республикасы Президенті мұрағатында сақталып, жинақталған. Жеке өмірбаяндық мәліметтер көрсетілген материалдар және партия комитеттерінің қызметкерлерді жауапты лауазымдарға бекіту немесе ауыстыру туралы

шешімдері маңызды да сенімді дереккөздер болып саналады. Кадрлардың жеке іс қағаздары, өмірбаяндары әр адамның өз қолымен толтырылғандықтан құнды саналады (құжаттар мен фотосуреттер көшірмелері қосымша берілген). Жұмабек Тәшенев еңбекке жастайынан араласты. 1936 жылы 26 қарашада Вишнев аудандық Жер комитетінің өкілі Школьныйдың қолы қойылып, мөрі басылған құжатта (есімі, әкесінің аты өшіріліп қалған) Жұмабек әкесі Тәшенмен бірге «Қуаңшылықпен күрес» колхозының малын баққаны туралы жазылған. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Тәшеневтер отбасындағы ауыр жағдай жас Жұмабекті мойытпай шыңдай түсті. Осы кезеңде өлкеде Кеңес өкіметін жақтаушылар мен қарсыластары арасында бітіспес саяси күрес жүргенін ескерген жөн. Сонымен бірге көне заманнан бері ұлттық дәстүрге негізделген зиялы өмір де қалыптасты. Өлкеде «коммунистік қоғам» құрудың утопиялығын дәлелдегендей ұжымдастыру саясаты мен қоғамның белсенді мүшелерін жою әрекеті жүріп жатты [7]. Адамдардың аштан қырылуы, қоныс аударуы, халықтың жаппай наразылығы, басқаша ойлайтындарды саяси қуғындау жас Жұмабектің көз алдында өтіп, оның қоғам туралы көзқарасына, жан дүниесіне әсер етті. Адам болмысының заңдылығын терең танып-білу оның өмірлік тәжірибесін молайтып, берік мінез-құлқын қалыптастырды. Осылайша өмір мектебінен өткен ол 1928 жылы комсомол жастарының қатарына қабылданды. Жұмабек Ахметұлы өзінің өмірбаянында 1928-1940 жылдары комсомол мүшесі болғанын көрсетеді. Кеңестік заманда комсомол ұйымы партияның қолқанаты саналатын. Комсомол мүшесі партия қандай жұмысқа жіберсе сонда баруға міндетті болды. Жас Жұмабек Ақмоладағы жастар ұйымының жұмысына қатысып, қала жастары арасындағы қоғамдық-саяси жұмыстарды жүргізуде ұйымдастырушылық қабілетімен ерекшеленеді. 1928-1932 жылдары шаруа жастары мектебінде білім алуы, Ғаяз Абдуллин, Мәлік Тәукенов сияқты зиялылармен араласуы, алдыңғы қатарлы қазақ және орыс әдебиетімен танысуы оның дүниетанымын кеңейтті. Ол 1933 жылы ағасы Манаптың ақылымен Ақмола құрылыс техникумына оқуға түседі. Талапты жасты партия басшылығы техникумдағы оқуын аяқтатпай 1934-1938 жылдары Красноармейский, Ақмола, Вишнев, Нұра аудандарына жауапты қызметтерге жібереді. Арнаулы орта білім алған, екі тілде оқып, жаза білетін, іскерлік қабілеті бар қазақ жастары ол кезде кеңес-партия жұмысына ауадай қажет болатын. Жұмабек Ахметұлы техникумдағы оқуын үзіп, 1934 жылы Ақмола аудандық атқару комитетінде 4 ай қызмет атқарып, сол жылдың қазан айында Көкшетау облысының жаңадан шаңырақ көтерген Красноармияаудандық атқару комитетінің жауапты хатшысы қызметіне тағайындалады [8].

1934 жылы Ж.А. Тәшенев Вишнев (Аршалы) аудандық комитетіне жұмысқа қабылданды. 1938 жылы жазда Ж.А. Тәшенев партия органдары нұсқауымен Қарағандыдан Солтүстік Қазақстан облыстық Қоғамдық тамақтандыру бөлімін басқаруға жіберіледі. Сөйтіп 23 жастағы өткір де, іскер жігіт облыстағы тұтас бір саланың басқару тұтқасына ие болады. Осылайша

Ж.А. Тәшеневтің солтүстік өңірдегі 14 жылға созылған еңбек жолы басталады. Ол 1940 жылы Коммунистік партия қатарына қабылданады. 1934-1944 жылдары Ақмола мен Қарағанды облыстарында шаруашылық және кеңес органдарында қызметтер атқарды. Жұмабек Ахметұлы 1938-1952 жылдары Солтүстік Қазақстан облысында шаруашылық, кеңес, партия органдарында қызмет етті. 1938 жылы 31 шілдеде облыстық партия комитетінің шешімімен облыстық сауда басқармасына қарасты қоғамдық тамақтандыру бөлімінің бастығы болып тағайындалады. Осы жұмыста жүргенде Петропавл қаласында ауданаралық көтерме сауда жәрмеңкесін ұйымдастыруға жетекшілік етеді. Бірақ жас Жұмабектің Петропавл қаласындағы қызметі тағы да ұзаққа бармайды. Партия басшылығы оны қайтадан өзіне үйреншікті ауылшаруашылық саласына жібереді.

1939 жылы 27 тамызда Бейнетқор (қазіргі Мағжан Жұмабаев ауданы – Б.А.) ауданына жер бөлімінің бастығы етіп тағайындалады. Бұл қызметті ол 1942 жылдың тамызына дейін атқарады. Орта білімі болу қажеттігін түсінген ол, негізгі жұмысын атқара жүріп, өздігінен дайындалып, осы аудандағы орыс мектебін сырттай оқып бітіреді. 1941 жылы Жұмабек Ахметұлы осы ауданда қызмет істеп жүрген өзі сияқты жас маман Бәтес атты бойжеткенмен танысады. Жұмабек Ахметұлының зайыбы Бәтес Ыдырысқызы Тәшенева (1922-2005 жж.) (тұрмысқа дейінгі фамилиясы Әлімбаева) Ақмола облысының Аққөл ауданының тумасы еді. Жұмабек Ахметұлымен танысып, 1941 жылы екеуі отбасын құрады. Осы Бейнетқор ауданында тұңғыш баласы Саян 1942 жылы өмірге келеді [9, 102-105 п.].

Ж.А. Тәшеневке берілген партиялық мінездемеде «Тәшенев жолдас саяси жағынан жетілген, техникалық білімі сауатты, ауылшаруашылығындағы басшылық жұмысты біледі, тәжірибе жүзінде өзін белсенді, талапты және өсетін қызметкер» деп көрсетеді [10, 16 п.]. Қазақстан Компартиясы (большевиктер) Обкомы бюросы бекіткен және обкомның кадр мәселесі бойынша хатшысы Строганов қол қойған «Мінездемеде»: «Басқа партияларға мүше болған емес, оппозицияларға және антипартиялық топтарға қатыспаған, саяси сенімді және тәртіпті» деп сипатталған [10, 17 п.].

1944-1947 жылдары Ж.А. Тәшенев облыстық атқару комитеттерінің түрлі құрылымдарында еңбек етіп, кейін облыстық партия комитетінің бөлім меңгерушісі болып сайланды. Бұл жас маманның қызметтік өсуіне өте жақсы мүмкіндік болды. 1947 жылы 22 наурызда Ж.Ш. Шаяхметовтың қолы қойылған Қазақстан Компартиясы ОК бюросының шешімімен Солтүстік Қазақстан облыстық еңбекшілер депутаттары атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары болып бекітіліп, оның кандидатурасы Б(б)П ОК-нің қарауына ұсынылды [10, 29 п.]. Бұл мәліметтер «Кадрларды есепке алу жеке парағында» да көрсетілген. Бірақ бұл Жеке парағында автор өзінің 1947 жылы Солтүстік Қазақстан обкомы, 1952 жылы Ақтөбе обкомы мүшесі болып, ал 1951 жылы Қазақстан Компартиясы ОК мүшесі болып сайланғанын көрсетеді. 1949 жылы «Құрмет белгісі» орденімен және «1941-1945

жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезіндегі ерен еңбегі» үшін медалімен марапатталды. Осы жылы Ж.А. Тәшенев облыстық Атқару комитеті төрағасы болып сайланып, бұл қызметінде 1952 жылға дейін болады.

1951 жылы Ж.А. Тәшенев Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланады. Кадрларды есепке алу Жеке парағында, ол осы кезеңге дейін «шетелдерге шықпаған» деп көрсетілген. 1952 жылы Ж.А. Тәшеневті КОКП ОК жанындағы Жоғары партия мектебіне оқуға жібереді, оның толық курсын сырттай оқып, 1955 жылы аяқтайды. 1955 жылы 12 сәуірде Министрлер Кеңесінің Төрағасы Д.А. Қонаев пен республика Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Төрағасы Ж.А. Тәшеневтің бір мезгілде Қазақстан Компартиясы ОК Бюро мүшелері болып сайлануы назар аударарлық оқиға [10, 11-12 п.].

1955 жылы сәуірде Ж.А. Тәшеневті Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Төрағасы етіп сайлайды. Міне, осылайша Ақтөбедегі қызметінен кейін 1955-1960 жылдары Жұмабек Ахметұлы 5 жыл республика парламентін басқарды.

Сталинизм құрбандарын ақтау жөніндегі Комиссияға басшылық ету оған тікелей тапсырылып, ол репрессия құрбандарының адал есімдерін қалпына келтіру жолында көп еңбек сіңірді. Сонымен қатар Ж.А. Тәшенев халықты орналастыру мәселесін шешуде де белсенді болды. Комиссия төрағасы ретінде Ж.А. Тәшенев сотталғандарды ақтау ісінде ғана емес, сондай-ақ қуғын-сүргінге ұшырағандардың отбасыларын, ата-аналары лагерьлерде қаза тапқан балаларды тұрғын үймен қамтамасыз етуде де көп жұмыстар атқарды. Мәселен, осындай отбасыларға арнап салынған үйлерден Мағжан Жұмабаевтың жесірі Зылиха және басқалар пәтер алды. Оның тікелей атсалысуымен Сәкен Сейфуллиннің, Бейімбет Майлиннің, Ілияс Жансүгіровтың және басқа да сталиндік қуғын-сүргіннің темір құрсауына түскен тұлғалардың шығармалары қайта басылып, жарыққа шықты.

Ж.А. Тәшенев республика Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Төрағасы ретінде 1955 жылы 14 қазанда Қазақстан Компартиясы ОК хатшысы И.Д. Яковлевке Қытай Халық Республикасынан келген оралмандардың тұрмыс жағдайын көтеруге көмектесуді өтініп хат жолдады. Репатриантар құрамы интернационалды болды. Этникалық қазақтардан басқа, оның қатарында ұйғыр, татар және басқа ұлттардың өкілдері болатын. Ол 1955 жылы Алматы қаласына Қытайдан келіп қоныстанған 100 отбасының үйсіз және жұмыссыз жүргенін көрсетіп, Орталық Комитет пен үкімет тарапынан арнайы комиссия құруды және оралмандардың мәселесін шешуді сұраған болатын. Ол жоғары қызметте жүрсе де, Отанына оралған адамдарды ауыр жағдайда қалдырмауға тырысқандығын байқаймыз.

Ұлы Отан соғысына қатысушы майдангерлерге ерекше қамқорлықпен қараған. Куәгерлердің естеліктеріне қарағанда Ж.А. Тәшенев Бауыржан Момышұлы мен Рақымжан Қошқарбаевты Кеңес Одағының Батыры атағына ұсыну туралы мәселені бірнеше рет көтерген. Соғыстан оралғандарға

қамқорлық көрсетті. Майдангер-батыр, кейін генерал және тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс министрі болған Сағадат Нұрмағамбетовке де көмектескен.

1956 жылы Ж.А. Тәшенев КСРО Жоғарғы Кеңесіне және КОКП ОК мүшелігіне кандидат болып сайланды. 1959 жылы сол кездегі шағын Теміртау қаласында жұмысшылардың үлкен толқуы болды. Теміртау оқиғасының нәтижесі КОКП ОК Төралқасында арнайы мәселе ретінде талқыланды. Төралқада Қарағанды облыстық партия комитетінің Бірінші хатшысы П.Н. Исаев партия қатарынан шығарылып, қызметінен босатылды, Қазақстан Компартиясы ОК Бірінші хатшысы Н.И. Беляевке «ескерту» берілді. Ол бұл шешіммен келіспей Төралқадан істі қайта қарауды талап етті. Мәселені екінші рет талқылау барысында Қазақстан Компартиясы жұмысынан «ірі кемшіліктер» табылып Орталық Комитет Бюросы жағдайды Қазақстан Компартиясы ОК-нің Пленумында қарауды міндеттеді.

1960 жылы 19 қаңтарда Қазақстан Компартиясы ОК-нің Пленумында Н.И. Беляев қызметінен босатылып, орнына Д.А. Қонаев сайланды. Осы Пленумда Ж.А. Тәшенев республика Министрлер Кеңесі Төрағасына ұсынылды [10, 12 п.]. Н.И. Беляевтің қыметінен босатылғанына сол кездегі Қазақстан комсомолының хатшысы С. Кенжебаев куә болады.

Жұмабек Ахметұлы 1960 жылы Қазақстан Үкіметінің басшысы қызметіне бекітіледі. Ол кезде үкіметтің ресми атауы «Қазақ КСР Министрлер Кеңесі» деп аталатын. Қазақ КСР Министрлер Кеңесі – кеңестік замандағы республикадағы мемлекеттік биліктің жоғары атқарушы және басқарушы органы болатын. Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Төрағасы қызметінде болғанда, 212 пәтерлік үлкен, жаңа технологиямен салынған үйді түгелімен өнер және әдебиет қайраткерлеріне бергізді. Қазіргі Алматы қаласындағы Қонаев пен Қабанбай батыр көшелерінің қиылысындағы сол үй бүгінге дейін «Қазақ ауылы» немесе «Тәшенев үйі» деп аталады.

Алматының қақ ортасындағы батыстан шығысқа қарай шамамен 12 шақырымға созылатын кең даңғылға Абай есімін бергізіп, қазіргі Республика сарайының алдында тұрған Абай ескерткішінің лентасын қиған да Ж.А. Тәшенев болатын. Ол бұл істі жүзеге асыру үшін кезінде мынадай уәж айтқан: «Қазақстан астанасының ортасында Жамбыл мен Амангелдінің атынан өзге қазақтың аты қойылған көше жоқ. Сондықтан осы әділетсіздікті жою үшін қаланың ортасындағы даңғылға Абайдың атын беріп және оның төрінен Абайға үлкен ескерткіш орнатуымыз керек. Біз кімнен кембіз. Біз де қатардан қалмауымыз керек. Қараңыздаршы, Тбилисидің ұзына бойын алып жатқан мақтаулы көшесі Шота Руставели атында. Мұндай даңғыл Ташкентте де бой көтеріп жатыр. Ол – Әлішер Науаи даңғылы. Түптеп келгенде, Әлішер Науаи Ташкент тұрмақ, жалпы Өзбекстанда болмаған адам. Ол бар өмірін Ауғанстанның Герат қаласында өткізген. Мәскеудің ең басты көшесінің бірі Максим Горький атымен аталады» [3, 17-18 б.]. Сөзбен істің алшақтығына жол бермейтін Ж.А. Тәшенев Абай ескерткішінің жасалуын өзі қадағалап отырған

екен. Осы Абайға арналған ескерткішті атақты мүсінші Хәкімжан Наурызбаев жасаған. Н.С. Хрущев республиканы бөлшектеу туралы жобаны бірнеше рет көтерген болатын. Жұмабек Тәшенев, әлбетте, Қазақстанды территориялық бөлшектеуге қарсы шықты. Қазақстан Компартиясы ОК Бірінші хатшысы Д.А. Қонаев сол оқиғаны еске алып: «Пікірталастағы басты келіспеген мәселеміз (Н.С. Хрущевпен – Б.А) республикада өлкелер құру болды. Осыдан бастап арақатынасымыз бұзыла бастады. Мен республика халық шаруашылығын басқаруды жақсарту үшін жаңа облыстар ашуды ойладым [10, 10-11 п.].

1950 жылдары Өзбекстан басшылығы КОКП ОК-не Қазақстанға тиесілі жерлердің бір бөлігін беру туралы өтініш жасады. Біздегі мәлімет бойынша, бұл мәселені өзге емес, дәл Н.С. Хрущевтың өзі көтерген. Қырымды Украинаға бергеннен кейін ол басқа да шекараларды өзгертуге ниеттеніп, ынталана түсті. Қалай болғанда да, Шымкент облысының бірнеше аудандарын беру туралы нұсқау КОКП ОК-дан келіп түсті. Ж.А. Тәшенев бастаған комиссия ұйымдастырылып, оның құрамына М. Бейсебаев, С. Дәуленов, Х. Арыстанбеков, Н. Морозов, В. Шереметьев, республика және облыс көлеміндегі барлық басшылар енгізілді. Комиссия барлық материалдарды зерттеп, білгеннен кейін, жерді беруге негіз жоқ деген шешім шығарды. Соның өзінде, Н. Морозов «өзіндік пікір» ұстанымында қалды. Алайда, қарсылыққа қарамастан, бұл жерлер, соның ішінде Бостандық ауданы Өзбекстанға берілді. Түркістан әскери округінің кейбір жерлерін сақтап қалудың сәті түсті [4].

Әлемдік тарихта белгілі болғандай, шекараны қайта өзгерту қиын және шиеленісті сипатқа ие. Сондықтан да барлық халықаралық құжаттарда, конвенцияларда, базалық құжаттарда шегараға қол сұқпау мен бұзылмауы айрықша баса айтылады. Қазақстанның өкілі ретінде КСРО Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы қызметін жиі ауыстырған Ж.А. Тәшенев бұл ережелерді жақсы білетін. Сондықтан ол республикалар арасындағы шекаралардың беріктігіне нық сенімді болды.

Жоғары мемлекеттік лауазымда қызметте болған кезінде Ж.А. Тәшенев сыртқы саяси қызметтермен де белсенді айналысты. КСРО Жоғарғы Кеңесі Төрағасының орынбасары ретінде елшілерді, шет мемлекеттердің басқа да өкілдерін қабылдады, қабылданатын заңдарды талқылауға қатысты. Делегация құрамында Қытай, Моңғолия, Үндістан сияқты бірқатар шет елдерге барды. Ю.В. Андроповпен бірге Ж.А. Тәшенев Қытай Халық Республикасының басшысы Мао Цзе Дунмен келіссөздер сапарында Н.С.Хрущевпен бірге жүрді. Негізінен, оның басшы ретіндегі таланты ішкі саясатта айқындала түсті. Қарапайым адамдардың, әсіресе ғылым, өнер және білім саласы өкілдерінің мұқтаждығына көңіл аудару, Ж.А. Тәшеневтің қарапайымдылығы мен мәселені шешу шеберлігі, оның есімін халық арасында неғұрлым танымал етті.

1961-1975 жылдары Ж.А. Тәшенев Оңтүстік Қазақстан облысы Атқару комитеті Төрағасының орынбасары қызметін атқарды. Осы облыста қызметте болған кездерінде Ж.А. Тәшенев аймақ халқының тұрмыс жағдайын жақсартуға көп жағдай жасады. Ол ауылшаруашылығын дамытып, өркендетуге өзіндік үлес қосып, қоғамдық салаларға жете мән берді. Нәтижесінде, республиканың халқы тығыз орналасқан өңірі – Оңтүстік Қазақстан облысы әлеуметтік-экономикалық жағынан өркендей түсті.

Жұмабек Ахметұлы ел басқарудағы әкімшілік қызметімен қатар ғылыми-зерттеу жұмыстарымен де айналысқан. Бірқатар ғылыми еңбектерінің жарық көруі мен экономика саласы бойынша кандидаттық (1962) және докторлық диссертацияларын (1974) Мәскеуден қорғауы соның айқын дәлелі болып табылады [2]. Алайда Ж.А. Тәшеневтың экономика ғылымдары докторы ғылыми дәрежесін Мәскеу бекітпей қойды. Бірақ ол экономика саласының даму бағыттарына талдау жасаған ғылыми мақалалар мен монографиялық еңбектерін жариялады.

1975 жылы жасының келуіне байланысты зейнеткерлік демалысқа шықты. Кейінгі жылдары ғылыми-зерттеу ұйымдарында жұмыс істеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ж.А. Тәшенев Қазақстан жұртшылығының есінде ірі саяси қызметкер және өндірістің шебер ұйымдастырушысы ретінде сақталды. Оны табандылық, жауапкершілік, ойлау қабілетінің кеңдігі және адамдарға деген ақ пейілділігі секілді қасиеттері ерекшелейтін. Сталинизм мен Қазақстанның аумақтық тұтастығына қарсы күрестің ауыр кезеңінде Жұмабек Тәшенев өзін ымырасыз және көреген саяси қайраткер ретінде көрсетті.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан: Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Б. Аяған. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2006. – 704 бет.

2. Дүйсен С., Еңсенов Қ. Жұмабек Тәшенев: Ғылыми басылым / Б.Ғ. Аяғанның ред. – Алматы: «Литера-М» ЖШС, 2012. – 320 б.

3. Асан-ата Кәрішал. Шынжырда өткен жолбарыс. Сказ о закованном тигре. – Алматы: «Үш қиян», 2004. – 408 б.

4. Кәкен А. Жұмабек Тәшенев //Егемен Қазақстан. – 2003. - 22 наурыз.

5. Кәрішал Асан ата Шынжырда өткен жолбарыс //Жұлдыз. – 2003. - №10.

6. Тоқабаев Қ. Майдан мен еңбек жолында. - Астана. - ЗТБ «Аманат» 2005. -87 б. 4-б.

7. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4-том. – Алматы: «Атамұра», 2010. – 752 бет, суретті, карталы.

8. Болатов Т. Қалқаны болған халқының // Арқа ажары. – 1995 жыл. – 14 наурыз.

9. Асан Ата К. Шынжырда өткен жолбарыс. Сказ о закованном тигре. – Алматы: «Үш қиян». 2004. 10-11-бб.

10 . Тұяқбаев Ж. Парызын өтеген перзент. – Шымкент: «Қасиет» 1996. 49-54 бб.

ЖАҺАНДАНУ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ - МӘДЕНИ БІРЕГЕЙЛІК МӘСЕЛЕСІ

Абдраманова Ш.Р., Орынбек А.Ғ., Ордабекова А.Ш.
«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы медицина колледжі
(Шымкент, Қазақстан)
cool.isengalieva@mail.ru

4. Гуцу Е. Г., Чилипенок Ю. Ю. (2018). Модель внутрикафедрального управления мотивацией преподавателя вуза. *Высшее образование в России, (12)*. Retrieved from https://cyberleninka.ru/article/n/model-vnutrikafedralnogo-upravleniya-motivatsiey-prepodavatelya-vuza

ОРНЫҚТЫ ДАМУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТТЫҢ АЖЫРАМАС БӨЛІГІ РЕТІНДЕ ШЕТЕЛ ТІЛДЕРІН ҮЙРЕНУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Уразбай К.Р., Қалмұрат Д.Е.

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы медицина колледжі

(Шымкент, Қазақстан)

Аннотация. Бұл мақалада Қазақстан Республикасындағы тіл саясатының проблемалары және білім беру кеңістігіндегі шет тілдерін зерделеудің рөлі қозғалған. Қазіргі қоғамда тілдің рөлі баға жетпес, өйткені ол мемлекеттің әлеуметтік саясатының ажырамас бөлігі, жеке тұлғаның ғана емес, жалпы қоғамның даму факторы болып табылады. Бұдан басқа, кез келген тілдің рөлі оның қоғамдағы, мемлекеттегі мәртебесімен айқындалады. Тіл халықаралық қарым-қатынас құралы бола алады. Әңгіме бірінші кезекте қоғамдық функциялардың барынша көлемін орындайтын және қоғамның

орнықты дамуының маңызды факторы ретінде әрекет ететін жаһандық таралған тілдер мен жалпыадамзаттық мәдениет туралы болып отыр.

Кілт сөздер: интеграция, экстраполяция, конвергенция, лингвистика, билингвалдық модель, интеграцияланған оқыту.

Аннотация. В данной статье затронуты проблемы языковой политики в Республике Казахстан и роли изучения иностранных языков в образовательном пространстве. В современном обществе роль языка неоценима, так как является неотъемлемой частью социальной политики государства, фактором развития не только отдельной личности, но и общества в целом. Кроме того, роль любого языка определяется его статусом в обществе, государстве. Язык может быть международным средством общения. Речь идет в первую очередь о языках глобального распространения и общечеловеческой культуры, выполняющих максимальный объем общественных функций и выступающих как важный фактор устойчивого развития общества.

Ключевые слова: интеграция, экстраполяция, конвергенция, лингвистика, билингвальная модель, интегрированное обучение.

Abstract. This article touches upon the problems of language policy in the Republic of Kazakhstan and the role of learning foreign languages in the educational space. In modern society, the role of language is invaluable, as it is an integral part of the social policy of the state, a factor in the development of not only an individual, but also society as a whole. In addition, the role of any language is determined by its status in society, the state. Language can be an international medium of communication. This is primarily about the languages of global distribution and universal human culture, performing the maximum amount of social functions and acting as an important factor in the sustainable development of society.

Keywords: integration, extrapolation, convergence, linguistics, bilingual model, integrated learning.

КІРІСПЕ

Білім беру саласы тұтастай алғанда оның шеңберінде қалыптасқан және жұмыс істейтін әлеуметтік-экономикалық қалыптасумен тығыз байланысты. Б. Саймон былай деп жазады:"...білім мен қоғам арасындағы өзара байланысты түсінудің өзі уақыт өте келе өзгереді, ондағы оптимизм немесе пессимизм дәрежесі экономикалық жағдайға байланысты. Басқаша айтқанда, білім беру рөлінің маңыздылығын көрсететін көзқарастар экономиканың жандану кезеңінде қолдау табады, ал экономикалық құлдырау кезеңінде қарама-қарсы идеялар танымал болады"[1]. Тіл білімін құндылық ретінде ұғыну оған мемлекеттің, қоғам мен жеке адамның көзқарасын талдаумен, сол сияқты осы білім берудің қоғамдық-мемлекеттік және жеке басының беделін қамтамасыз етумен байланысты ғылыми және практикалық іс-қимылдарды әзірлеу мен

іске асырудың өзектілігін негіздейді. Кез келген тілдің рөлі оның қоғамдағы, мемлекеттегі мәртебесімен айқындалады. Тіл халықаралық қарым-қатынас құралы бола алады. Әңгіме бірінші кезекте қоғамдық функциялардың ең көп көлемін орындайтын жаһандық таралған тілдер мен жалпыадамзаттық мәдениет туралы болып отыр. Қазіргі уақытта шет тілдерін үйрену қазіргі адам өмірінің маңызды аспектісі болып табылады, шет тілін үйрену бізге басқа елдердің мәдениетімен және дәстүрлерімен танысуға мүмкіндік береді, ойлауды, қиялды және жадты дамытуға ықпал етеді. Оның білімі мемлекеттердің өмірдің көптеген салаларында бір-бірімен тиімді өзара іс-қимылы үшін қажет. Мақалада контент анализ және теориялық талдау колданылды.

ТЕОРИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

Бүгінгі таңда шет тілін меңгеру - кәсіби құзыреттіліктің бір шарты. Қазір әлемде жаһандану үдерісі байқалады - гибридті әлемдік мәдениеттің пайда болуы, ұлттық дәстүрлердің араласуы, ұлттар арасындағы ынтымақтастықты күшейту. Ол адамдардың тыныс-тіршілігінің түрлі аспектілерін - олардың дүниетанымы мен дүниетанымын, саясат пен экономиканы, әлеуметтік өмір мен өндірісті, ғылым мен білім беруді, мәдениет пен өнерді, дін мен тілді, спортты және т.б. біріздендіруден және біріктіруден көрінеді[2]. Әлемдік жаһандану және интеграция процестері біздің өміріміздің барлық салаларында мәдениетаралық байланыстардың қарқынды өсуіне алып келді. Оған мектепте және жоғары оқу орнында оқу, ғалымдардың тағылымдамадан өтуі, халықаралық конференциялар, бірлескен кәсіпорындар, туристік сапарлар, көрмелер, гастрольдер, спорттық жарыстар және т.б. сияқты мәдениетаралық қарым-қатынас жағдайлары кірді. Осылайша, әлеуметтік кеңістікте табысты бейімделудің бір шарты шет тілдерін меңгеру болып табылады[3].

Қазіргі білім берудің өзгеруі өз кезегінде қоғамның әлеуметтік, экономикалық және басқа салаларының даму бағытының өзгеруімен байланысты талаптарға байланысты. Білім беру қажеттіліктеріне байланысты мәселелерді егжей-тегжейлі қарау өзекті тақырыпқа айналады. "Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік" қазіргі қазақстандық қоғамның осы бағдарламасында және оның басымдығы жоғары білім мазмұнын жаңғыртудың ғылыми-әдістемелік тетіктерінің жиынтығын айқындауға әсер ететін білім беру ортасы ерекше орын алатын адами капиталдың сапасын жақсарту болып айқындалады[4].

Жаһандану дәуірінде мамандарды тілдік даярлауға қойылатын талаптардың тізбесі, атап айтқанда, мәдениетаралық тиімді өзара іс - қимылды қамтамасыз ету - халықаралық деңгейде ғылыми-зерттеу, жобалау және кәсіби қызметті жүргізу үшін қайта қаралып, кеңейтілуде. Сонымен қатар, уақыттың қиындықтарына жауап бере отырып, шет тілі жеке маманның біліктілік артықшылығы ретінде ғана емес, сонымен қатар жеке кәсіби қауымдастықтар шеңберіндегі Мәдениетаралық байланыс пен халықаралық өзара әрекеттесу құралы ретінде де әрекет етеді. Дәл осы Ережелер болашақ түлектердің оқу іс-

әрекетін ұйымдастыруда пәнаралық бағытты есепке алу ғана емес, сонымен қатар Әмбебап сипаттағы сөйлеу дағдылары мен кәсіби білімді қалыптастыру мақсатында бірнеше пәндік пәндердің мазмұнын интеграциялау қажеттілігін, сондай-ақ оларды кейіннен кәсіби қызметте практикалық іске асырудың тәсілдері мен әдістерін қалыптастырады. Дұрыс ескерту бойынша Н. Д. Галскова, "қазіргі білім беру ортасы жағдайында шет тілі мамандық саласына ауысады, арнайы пәндерді біріктіреді және шет тілін коммуникация құралы ретінде оқытудағы білім беру парадигмасының шекараларын ауыстырады, бұл нақты әдістемелік тапсырманы білдіреді"[5].

Бұл әдістемелік мәселені шешудің нәтижелі жолдарының бірі тілдік интеграцияланған тәсілдің ережелері болып табылады, оның көмегімен тіл мен кәсіптік пәнді бір уақытта оқуға қол жеткізіледі, ал шет тілі кәсіптік білім берудің дидактикалық құралы ретінде жүзеге асырылады. Шет тілдерін оқыту саласындағы шетелдік даму тенденцияларын зерттей отырып, шетелдік лингводидактикадағы пәндік - тілдік интеграцияланған оқыту жеткілікті түрде қарастырылатыны анықталды, бұл оны басқа ұқсас тәсілдермен біріктіреді, мысалы, шет тілін және сөйлеу қызметінің жекелеген түрлерін кәсіптік бағдарланған оқыту, мазмұнын ескере отырып оқыту және "ағылшын тілі оқыту құралы ретінде"бағыты. Сонымен қатар, кәсіби бағытты ескере отырып, студенттерді тілдік даярлау процесі контекстік тәсіл тұжырымдамасында да қарастырылған. Бұл тәсіл А.А.Вербицкий [6], О.И.Федотов [7] және басқа да авторлардың жұмыстарында егжей-тегжейлі қаралған, оған сәйкес кәсіби қызметті меңгеру нысаны бойынша да, мазмұны бойынша да студенттер үшін кәсіби қызметке біртіндеп ауысатын оқу қызметімен қамтамасыз етілуі тиіс.

Өз зерттеулерінде тиімді интеграция мәселелерін, шет тілі мен кәсіптік пәндерді қарастыра отырып, бірқатар ғалымдар пәндік-тілдік интеграцияланған тәсіл негізінде әдістемелік үлгілердің нұсқаларын ұсынады. Ұсынылып отырған әдістемелер кәсіптік пәнді билингвалдық оқытуда, орыс және ағылшын тілдерінің интеграцияланған пәндік-тілдік оқыту моделі, әртүрлі мамандықтағы білім алушыларды интеграциялық оқытудың билингвалдық моделі және болашақ мамандардың кәсіби коммуникация саласында шет тілдік құзыреттілікті қалыптастыру моделі шеңберінде табысты іске асырылуда [8]. Пәндік-тілдік интеграция тұжырымдамасы да түрлі кәсіптік пәндер мен курстар шеңберінде табысты қолданылуда.

Іс жүзінде өзін – өзі ақтаған және әмбебап сипаттағы ұсынылған әдістер пәндік-тілдік интеграцияланған оқытуды жүзеге асырмайды, өйткені бұл күрделі міндет. Қиындық-студенттердің алған білімдерін, дағдылары мен дағдыларын кәсіби ортаға көшіру және олардың нақты жұмыс жағдайларымен байланысы. Бұдан басқа, пәндік - тілдік интеграцияланған оқыту әдістемесінің әдіснамалық сипаттамалары, пәндік - тілдік ұқсастық саласына шет тілін енгізу тәсілдері, тілдік және кәсіптік маңызы бар материалды жүйелеу және оқу процесіне енгізу мәселелері жеткіліксіз әзірленген күйінде қалып отыр.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде оқытудағы кәсіби және тілдік компоненттерді синтездеудің және дұрыс әдістемелік модель жасаудың тікелей қажеттілігін атап өту мүмкін болып саналады. Бұл әдістемелік модель ұғымдар жүйесі түрінде ұсынылуы тиіс, онда бір кәсіптік пән мазмұны бойынша екіншісімен байланысты, ал шет тілі бұл ретте барған сайын жаңа, әмбебап үлгідегі кәсіптік білім алу құралына айналады. Сонымен бірге, соңғы онжылдықтардың ғылыми-зерттеу қызметі болашақ мамандардың қабілетін дамытумен байланысты және әртүрлі ақпарат көздеріне, олардың кәсіби маңызы бар мазмұнын табуға, жүйелеуге, талдауға, бағалауға және түсіндіруге, сондай-ақ оны кәсіби қызметті одан әрі жүзеге асыру мақсатында қолдануға бағдарланады.

Осыған байланысты болашақ мамандар - студенттерді кәсіптік маңызды ақпаратты алу және алу құралы ретінде шет тілде оқу дағдыларына оқыту проблемасы өзектілігін жоғалтпайды және отандық және шетелдік зерттеушілердің қызығушылығын тудырады. Алайда, жүргізілетін зерттеулердің көп қырлы және көп қырлы болуына қарамастан, сөйлеу қызметінің негізгі түрі және пәндік-тілдік интеграцияланған тәсіл шеңберінде кәсіби қажетті білім алу тәсілі ретінде шет тілде оқуға үйрету мәселесі жеткілікті зерттелмеген күйінде қалып отыр. Пәндік - тілдік интеграцияланған оқытудың ерекшеліктерін зерттеуге, осы Ғылыми тұжырымдама шеңберінде шет тілін оқуды оқыту мәселелеріне арналған жұмыстарда фрагменттік сипаттағы жекелеген бөліктер ғана берілген. Дәл осы факторлар студенттердің болашақ кәсіби саласын ескере отырып, олардың тілдік дайындығының маңыздылығын және жоғарыда аталған барлық талаптарға жауап беретін жаңа, шет тілін оқуды оқыту әдістемесін әзірлеуді анықтайды.

Осылайша, осы проблеманың өзектілігі білім алушыларды тілдік даярлау жүйесінде қоғамның әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктері арасында қалыптасқан жаңа кәсіптік формациядағы мамандардың және болашақ мамандарды даярлау кезінде пәнаралық өзара іс-қимылдың жеткіліксіз болуы арасындағы қайшылықтардың болуын көрсетеді. Сондай-ақ отандық және шетелдік әдістемелердегі тілді басқа тілдегі коммуникативтік құзыретті қалыптастыру құралы ретінде қарастыратын тұжырымдамалар мен олардың пәндік-тілдік бірігу саласына жеткіліксіз зерттелуі арасында қайшылықтар туындауы мүмкін. Оқу орнының кәсіби білім беру ортасын ескере отырып және білім беруде шет тілі мен шет тілін оқуды шектеуге бағытталған дәстүрлі модельдерді қолдана отырып, шет тілін оқытудың инновациялық модельдерінің қажеттілігі туындайды. Интеграция талаптарына жауап беретін компоненттері бар және әртүрлі ғылыми пәндер мен оқу пәндерінің жалпы оқшаулығы бар пәндердің әсерімен сипатталуы мүмкін оқыту мазмұнын әзірлеуге қажеттілік.

НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ ТАЛҚЫЛАУ

Жоғарыда санамаланған қайшылықтар көптеген зерттеушілердің ғылыми проблемасын анықтады, пәндік-тілдік ықпалдастырылған көзқарас

негізінде студенттерді шет тілде оқу процесін қалай және қандай құралдармен барынша толық және тиімді құруға болады. Бұл жағдайда объект және зерттеу пәні айқындалған, онда объект ретінде шет тілін кәсіптік-бағдарланған оқыту процесі, мақсаты пәндік-тілдік интеграцияланған тәсіл негізінде студенттерді шет тілде оқуға оқытудың ғылыми негізделген тиімді әдістемелерін әзірлеу болып табылады. Егер кәсіптік цикл пен шет тілінің бірнеше пәндерінің пәндік мазмұнын іріктеу мен біріктіруден тұратын пәнаралық қағидат негізінде пәндік-тілдік интеграцияланған шет тілдік оқуға оқыту ерекшелігі айқындалса, студенттерді пәндік-тілдік интеграцияланған оқыту процесі тиімді болады. Бірнеше кәсіптік пәндердің түсінік салаларынан тілдік бірліктер іріктеліп, жіктелді және мамандықтың бірыңғай тілі ретінде біріктірілді. Пәндік-тілдік интеграцияланған оқытудың әдістемелік моделі интеграцияланған, пәндік және когнитивтік тәсілдердің ережелері мен қағидаттарына негізделген.

Қажетті нәтижеге қол жеткізу үшін бірқатар міндеттерді шешу, пәндік-тілдік интеграцияланған тәсілдің тұжырымдамалық ережелерін қарау талап етіледі; студенттерді оқыту үшін өзекті көзқарастар тұрғысынан шет тілді оқуды қарастыру, оның пәндік-тілдік контекстін ескере отырып сипаттамасын беру, сондай-ақ оның шеңберінде болашақ түлектерге қажетті сөйлеу дағдыларын бөлу. «Пәнаралық» және «мамандандырылған тіл» ұғымдарын қарастыру және сипаттау, олардың негізінде мамандықтың мамандандырылған тілі құрылатын ерекшеліктерді іріктеу және жіктеу. Материалдарды егжей-тегжейлі зерделеу пәндік-тілдік интеграцияланған оқытудың әдістемелік моделін, оның негізгі компоненттері мен мазмұнын әзірлеуді талап етеді. Бұдан басқа, әзірленген метапредметалық анықтамалықпен интеграциялау негізінде шет тілде оқу мен ілеспе метапредметалық білімді қалыптастыруға және дамытуға бағытталған жаттығулар кешенін құру қажет. Ең бастысы, оқу процесінде әзірленген әдістемелік модельді пайдалану, оны іске асыру нәтижелерін статистика тұрғысынан бағалау және талдау.

Мұндай модельді құру, міндет күрделі және оны шешу үшін көптеген жан-жақты зерттеулер қажет, алайда білім беруде осы әдістемелік модельді қолдану лингвистикалық және пәндік мазмұнды синтездеудің негізі ретінде «пәнаралық» және «мамандандырылған тіл» санаттарының әлеуетін, сондай-ақ кәсіптік пәндер тізімін одан әрі кеңейту мүмкіндіктерін ашуға мүмкіндік береді. Әзірленіп жатқан пәнаралық тілдік модельді іске асыру құралы ретінде пәндік мазмұнның және цифрлық технологиялардың көзі ретінде бірнеше кәсіптік пәндерді шет тілде оқуға оқыту әдістемесіне енгізу есебінен пәндік-тілдік интеграция нысандарының тізбесі нақтыланып, кеңейтілді. Басқа тілде оқу дағдыларын кешенді қалыптастыру және білім алушылардың әмбебап, пәнаралық білімдерін дамыту мақсатында пәндік-тілдік интеграцияланған тәсіл негізінде әдістемелік модельдің мазмұндық, технологиялық және диагностикалық құрамдас бөліктерін әзірлеу маңызды болып табылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ұсынылған әдістемелік модельдің маңыздылығы пәндік-тілдік интеграцияланған тәсіл шеңберінде шет тілін оқуды оқытудың қолданыстағы әдістемелік модельдерінің тізімін кеңейтуге, мамандандырылған тілдің пәнаралық анықтамалығын және болашақ мамандардың пәнаралық білімі мен сөйлеу дағдыларын бір уақытта дамытуға бағытталған жаттығулардың әдістемелік кешенін құруға байланысты. Біріктірілген кәсіптік-тілдік курсты оқыту курсында әзірленген әдістемелік материалдар мен практикалық ұсыныстарды қолдану мүмкіндіктері. Шет тілін оқуды пәндік-тілдік интеграцияланған оқытудың ұсынылатын әдістемелік моделі мынадай қағидаттарды сақтауы тиіс: когнитивтік, коммуникативтік, контекстік, пәнаралық және интегративтік тәсілдер шеңберінде құрылған, мамандықтың метатіліне сүйену қағидаттарына негізделген; мәтіндік мазмұнның ақпараттық кәсіптік-бағдарланған қанықтылығы қағидаты, кәсіптік-бағдарланған контексттердегі лексикалық-грамматикалық құрылымдарды зерделеу қағидаты, есепке алу қағидаты студенттердің жеке кәсіби дамуы. Пәнаралық анықтамалықтың лингвистикалық және дидактикалық мүмкіндіктерімен біріктірілген кіріспе, бағалау жаттығулары жүйесімен оқу жұмысы барысында студенттерді шет тілінде оқуды пәндік-тілдік интеграцияланған оқыту әдістемесін іске асыру.

Қоғамдық дамудың әлеуметтік-саяси және экономикалық шындықтары қазіргі заманғы ана емес, оның ішінде шет тілдерінің мәртебесіне ғана емес, сонымен бірге олардың қоғамда атқаратын функцияларына да әсер етеді. Бүгінгі таңда бұл функцияларды жалпыланған түрде келесідей тұжырымдауға болады: әртүрлі тілдер мен мәдениеттердің ана тілді халықтары арасында өзара түсіністік орнату; әлемдік саясат пен мәдениеттің алуан түрлілігіне, оның ішінде жаңа ақпараттық технологиялар құралдарының көмегімен қол жеткізуді қамтамасыз ету. Тіл және тілдік білім адамдардың Көпмәдениетті және көп тілді қауымдастығындағы табысты адам өмірінің маңызды құралы ретінде әрекет етеді. Ел дамуының қазіргі кезеңінде-қоғамдық өмірдің барлық салаларындағы терең интеграциялық процестермен ерекшеленетін кезеңде тілдік білім маңызды орта ретінде әрекет етеді, ол жеке тұлғаның санасын, оның қоғамда әлеуметтік мобильді болу, ашық ақпараттық кеңістікке еркін "кіру" қабілетін қалыптастырады (қалыптастыруы керек). Қолайлы жағдайларда да тілдік білімнің Мемлекеттік әлеуметтік маңыздылығы оның жеке басына бағытталған құндылығымен нығайтылуы керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Саймон Б. Қоғам және білім / Жалпы. ред. және алғы сөз. В. Я. Пилиповский: Аударма. ағылшын тілінен. — М., 1989 б. 21

2. Барлыбаев Х. А. Жаһандану: теория және практика мәселелері//Жаһандану ғасыры. Вып. № 2. 2008. [Электрондық

ресурс]URL: http://www.socionauki.ru/journal/articles/129849/ (дата обращения: 24.12.2013).

3. Войтович И. К. Үздіксіз білім беру контексіндегі шет тілдері: монография/Т.И.Зеленинаның ред. - Ижевск: «Удмурт университеті» баспасы, 2012. - 212 с.

4. "Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік" Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 31 қаңтардағы Жолдауы. Қазақстан-2030 Барлық қазақстандықтардың өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатын жақсарту. Ел Президентінің 1997 жылғы Қазақстан халқына Жолдауы

5. Гальскова Н. Д., Гез Н.И. Шет тілдерін оқыту теориясы. Лингводидактика және әдістеме: жоғары білім беру мекемелерінің студенттеріне арналған оқу құралы / Н. Д. Галскова, Н. И.Гез - М.: "Академия" баспа орталығы, 2013. - 336 б.

6. Вербицкий А. А. Білім берудегі жеке және құзыреттілік тәсілдері: интеграция мәселелері / А. А. Вербицкий, О.г. Ларионова. - М.: Логос, 2017. - 336 б.

7. Федотова О. И. Құзыреттілік тәсілдегі контексттік оқыту / О. и. Федотова / / ғылым мен білім беруді дамыту хабаршысы. -2009. -№ 3. - Б.8081.

8. Григорьева К. С., Салехова Л. Л. Web 2.0 технологияларының көмегімен пәндік-тілдік интеграцияланған оқыту принциптерін іске асыру техникалық университетте / К. С. Григорьева, Л. Л. Салехова / / Ресей халықтар достығы университетінің хабаршысы. Серия: білім беруді ақпараттандыру. - 2014. - №. 2. - 11-19 ББ.

ТАРИХ ПӘНІНДЕ ДЕРЕКТЕРДІ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕРІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Қарабала А.М.
Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті
(Өскемен, Қазақстан)
e-mail:aruzhanmaratqyzy@mail.ru

Аннотация*:* В этой статье рассматривается роль методов анализа и использования данных в предметах истории в развитии исследовательских навыков учащихся. Анализируются виды исторических данных, методы их анализа и основные способы формирования исследовательских навыков. Кроме того, обсуждается влияние цифровых технологий на исторические исследования и показаны возможности их применения в образовательном процессе. Статья является полезным материалом для учителей и исследователей, направленным на повышение аналитических и критических

способностей учащихся.

***Ключевые слова*:** предмет истории, анализ данных, исследовательские навыки, цифровые технологии, образование, исторические методы.

Abstract : This article discusses the role of data analysis and application methods in the history subject in developing students' research skills. The types of historical data, methods of analysis, and key approaches to forming research skills are analyzed. In addition, the impact of digital technologies on historical research is discussed, and possibilities for their application in the educational process are presented. The article serves as a valuable resource for teachers and researchers aimed at enhancing students' analytical and critical thinking abilities.

***Key words*:** history subject, data analysis, research skills, digital technologies, education, historical methods.

Тарих ғылымы — адамзаттың өткенін зерттейтін ғылым саласы. Тарихшылар өткеннің әртүрлі кезеңдеріндегі оқиғаларды, адамдардың іс-әрекеттері мен қоғамның дамуын терең зерттей отырып, оның бүгінгі өмірмен байланысын ашуға тырысады. Бұл зерттеу процесі негізінен әртүрлі деректерді талдау арқылы жүзеге асады. Тарих ғылымы деректерді жинап, олардың шынайылығын тексеріп, интерпретациялайды. Бірақ деректердің әртүрлілігі мен олардың көптүрлілігі зерттеушінің жұмысын күрделендіреді. Сондықтан тарихшы тек деректерді жинап қана қоймай, олардың мағынасын дұрыс түсіну, талдау және қолдану әдістерін де меңгеруі қажет. Деректерді талдау әдістері әр түрлі: статистикалық әдістер, сандық талдау, мәтіндермен жұмыс істеу әдістері, тарихи контекстті зерттеу және тағы басқа. Тарих пәнінде бұл әдістер әртүрлі оқиғалар мен құбылыстарды тереңірек зерттеу үшін қолданылады.

Тарих пәнінде деректерді талдаудың бірнеше негізгі әдістері бар. Олар тек деректерді жинаумен ғана шектелмей, оны терең зерттеу, салыстыру және дұрыс интерпретациялау әдістерін қамтиды. Тарихшы зерттейтін деректердің түрі әрқилы болып келеді. Оларды дұрыс классификациялау және жүйелеу — маңызды қадам.

Жазба деректер. Бұл — ең көп тараған және тарихшылар жиі қолданатын деректер. Жазба деректерге архивтік құжаттар, газеттер, ресми актілер, заңдар мен хаттамалар жатады. Бұл деректер тарихи оқиғалар туралы маңызды мәліметтер береді. Мысалы, XVIII ғасырдағы Ресей империясының үкіметі шығарған жарлықтар, сол кезеңнің әлеуметтік-экономикалық ахуалын көрсететін мәліметтер.

Мұндай материалдар тарихи шындықты, мәдени қатынастарды, әлеуметтік динамиканы айқын көрсетеді. Олар халықтың күйлерін, естеліктерін, армандарын өрнектейтін маңызды көздер болып табылады. Жазбаша деректердің әрбір түрі өз алдына ерекше тарихты сақтайды, сонымен бірге өткеннің шынайылығын түсіну үшін маңызды ақпарат көзі ретінде

қызмет етеді. Мысалы, ресми құжаттар экономикалық жағдайды, саяси шешімдерді және заңнамалық өзгерістерді баяндай отырып, қоғамның даму кезеңдерін түсінуге көмектеседі. Ал хаттар мен күнделіктер, жеке адамдардың ойларын, сезімдерін және күнделікті өмірдегі оқиғаларды бейнелеп, тарихтағы жеке тұрмыстың көрінісін береді. Бұл жазбаша мұралар, өз кезегінде, көп буындар өкілдері үшін сабақ алып, мәдениетті бағыттауға мүмкіндік туғызады.

Материалдық деректер. Археологиялық қазбалар, ғимараттар, өнер туындылары, тұрмыстық заттар, монеталар, көне құжаттар мен ескерткіштер тарихшыларға сол кезеңдегі адамдардың тұрмыстіршілігін түсінуге мүмкіндік береді. Бұл деректер көбінесе ауызша тарих пен жазба деректерді толықтырып, тереңірек түсінік береді және адамзат тарихындағы маңызды кезеңдерді айқын көрсетеді, олардың мәдениет, экономика, технология және әлеуметтік құрылымына қатынасын ашады. Археологиялық олжалар, мысалы, ежелгі қалалардың қалдықтары, қазба заттары мен көркемсурет үлгілері отбасылық, қоғамдық және саяси өмірді түсінуге мүмкіндік береді. Өнер туындылары, мүсіндер мен кескіндемелер, халықтың эстетикалық көзқарастары мен рухани дүниетанымының көрсеткіші болып табылады. Олар арқылы дәуірдің мәдени құндылықтары, салт-дәстүрлері мен сенімдері бүгінгі ұрпаққа жетуде.

Тұрмыстық заттар, шыны, керамика, киімдер, адамдардың күнделікті өмірін және тұрмысын сипаттайды, тұтыну мәдениетін анықтайды.

Осылайша, материалдық мәдениет ескерткіштері тарих беттерінен сыр шертіп, өткен мен бүгіннің арасындағы көпір қызметін атқарады. Олар адамның тіршілігін және мәдениетінің эволюциясын зерттеушілер үшін құнды бағдар ретінде қызмет етеді.

Ауызша деректер. Тарихшылар кейде куәгерлер мен адамдардан алынған мәліметтерді, халықтың аңыздары, эпостар, шежірелер қолданады. Әсіресе ескі ұрпақтардың естеліктері маңызды болуы мүмкін. Мысалы, екінші дүниежүзілік соғысты өткерген адамдардың әңгімелері — осы кезең туралы ақпаратты толықтыруда маңызды дерек көзі болып табылады. Халықтың аңыздары, эпостар, шежірелер – бұл ұрпақтан- ұрпаққа жеткен тарихи және мәдени мұралар. Олар біздің өткеніміздің айнасы, батырларымыз бен ғұламаларымыздың ерліктері мен даналықтарын дәріптейді. Әрбір аңыздың артында терең мән мен мағына жатыр, ал эпостар — халықтың рухани әлемінің сипаты. *Тарихи шежірелерде* әр ру мен тайпаның шығу тегі, неге олар адамның өмірінде осыншалықты маңызды екені туралы сыр береді. Оларда ата-бабаларымыздың ерен еңбегі, кішігірім шайқастар мен үлкен соғыстар туралы тағылымдар қамтылған. *Батырлар жыры* – ерекше шығармашылық форма, онда ержүрек жігіттер мен әйелдердің әскери даңқы, адалдық пен батылдық, сүйіспеншілік пен «дос – қиын кезде сыналатын» деген қағидалар көтерілген. Бұл эпостар бірақ тек соғыс туралы емес, оларда табиғаттың әсемдігін, әлсіздерге көмек көрсету және үлкен жолда кездесетін қиыншылықтарды

жеңу сынды өмір сабақтары берілген. Біздің халықтың мұрасы – ғасырлар бойы қалыптасқан даналық, бізге сол арқылы өмір заңдары мен қоғамдастықтың құндылықтарын жеткізіп отырады. Осы аңыздар мен эпостарды білу, мағыналарын терең түсіну — нағыз мәдениетімізді сақтау мен дамыту жолында маңызды қадам.

Фотографиялық және бейнематериалдар. Тарихи оқиғаларға қатысты суреттер мен бейнежазбалар қолданылады. Қазіргі таңда тарихты зерттеу барысында фотографиялық және бейнематериалдар белгілі бір рөл атқарады. Бұл құралдар зерттеушілерге өткен оқиғалардың шынайылығын түсінуге, олардың маңыздылығын бағалауға және халықтың санасына әсер ету жолдарын анықтауға көмек береді. Мысалы, соғыс кезіндегі суреттер мен видеолар әскери қимылдардың динамикасын, адамдардың эмоцияларын және әлеуметтік әсерлерді айқын көрсетеді. Сонымен қатар, мәдениетаралық қатынастарды зерделеуде архивтік материалдардың орны ерекше. Әрбір фотосурет немесе видео тарихи кезеңнің көрінісін, адамдардың өмір сүру салтын, сол кездегі мәдениет пен өнердің дамуын аңғартады. Бейнематериалдар, әсіресе, қозғалыс пен дыбысты қамтитындықтан, олар өткен замандардың атмосферасын тірі түрде жеткізеді.

Біздің заманда, цифрлық технологиялардың дамуымен, бұл мәліметтерді сақтау, өңдеу және бөлісу мүмкіндіктері әлдеқайда кеңейді. Онлайн платформаларда көптеген тарихи архивтер, фотогалереялар мен бейнемазмұндар жергілікті халықтың өз тарихын тануға, әрі шетелдік зерттеушілер үшін қолжетімді болады. Осылайша, фотографиялық және бейнематериалдар біздің түсінігіміз бен білімімізді кеңейте отырып, тарихи оқиғаларды сүзгіден өткізетін белгісіз тереңдіктерге жетелейді.

Сонымен қатар, деректерді алғашқы (бірінші қол) және қайталама (екінші қол) көздер деп бөлуге болады. Алғашқы көздер оқиғаға тікелей қатысқан адамдардан қалған материалдарды қамтыса, қайталама көздер — бұл алғашқы деректерге негізделген зерттеулер.

Тарих пәнінде зерттеушілік дағдыларды дамыту тәсілдері. Оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамыту үшін келесі тәсілдерді қолдануға болады:

Деректермен жұмыс істеу - оқушыларға тарихи құжаттар, архив материалдары және басқа да деректерді зерттеу тапсырмаларын беру. Оқушыларға деректермен жұмыс істей отырып, тарихи оқиғалар мен тұлғаларды тереңірек түсінуге мүмкіндік беру қажет. Мысалы, олар жетекші тарихи құжаттарды, газеттер мен журналдарды, сондай-ақ сенімді архив материалдарын зерттей отырып, өздерінің зерттеу жұмыстарына негіз бола алатын нақты фактілер мен дәлелдерді жинай алады. Зерттеу тапсырмаларына тарихи персонаждардың өмірбаянына байланысты материалдар, белгілі бір кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайларды сипаттайтын деректер, сондай-ақ еліміздің мәдени мұрасына қатысты архивтік жазбалар ендірілуі мүмкін.

Деректерді талдау және қолдану әдістері қазіргі заманғы ғылыми зерттеулер мен бизнес процестерінде шешуші рөл атқарады. Көптеген салаларда деректерді дұрыс жинау, өңдеу, талдау және дұрыс қолдану арқылы жақсы нәтижелерге қол жеткізуге болады. Тарихи деректерді талдау және қолдану әдістері арқылы оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамыту — білім беру саласындағы маңызды бағыттардың бірі. Бұл әдістер оқушылардың сыни ойлауын, аналитикалық қабілеттерін және шығармашылық әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді. Цифрлық технологиялардың ықпалы бұл процесті жаңа деңгейге көтеріп, тарих пәнінің заманауи талаптарға сай болуын қамтамасыз етеді. Сондықтан мұғалімдер мен зерттеушілер тарихи деректерді талдау әдістерін белсенді қолдана отырып, оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін жан- жақты дамытуға ықпал етуі қажет.Оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамыту үшін тарихи деректерді зерттеу барысында түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану қажет. Мысалы, құжаттармен, архив құжаттарымен жұмыс істеу, деректі фильмдер мен мультимедиа ресурстарын пайдалану, сонымен қатар, тарихи шындықты жаңғыртуға арналған интерактивті жобаларды жүзеге асыру — осылардың барлығы оқушылардың оқу процесіне қызығушылығын арттырып, оларды белсенді зерттеушілерге айналдыруда маңызды рөл атқарады.

Сондай-ақ, оқушыларға командалық жұмыс жасау мен пікірталас жүргізу арқылы өз ойларын жуықтатып, аргументтеу қабілеттерін дамытуға ықпал ету керек. Әртүрлі көзқарастармен танысу, оларды салыстыру және бағалау оқушылардың сыни ойлау дағдыларын жетілдіре түседі. Зерттеу жұмыстарын орындау барысында олар тек теориялық білім алумен шектеліп қалмай, практикалық дағдыларды да меңгереді, мұның өзі олардың білім алуға деген ынтасын арттыра түседі.

Цифрлық технологиялардың дамуы мен интернет ресурстарының қолжетімділігі оқушылардың тарихи деректерді іздеу, талдау және синтездеу қабілеттерін кеңейтуге мүмкіндік беруде. Мысалы, виртуалды мұражайлар мен онлайн-архивтер арқылы оқушылар әлемдегі ең маңызды тарихи оқиғалар мен тұлғалар туралы мәліметтермен тікелей таныса алады. Осылайша, тарих пәні тек өткенді зерттеу ғана емес, қазіргі уақытпен тығыз байланыста болатын, өзгермелі ғылымға айналады.

Соңында, мұғалімдердің ролі осы процесте ерекше. Олар оқушыларды ғылыми- зерттеу жұмыстарына тарту, оларға бағыт-бағдар беру, шабыттандыру, сонымен қатар, тарихи деректерді зерттеудің жаңа әдіс-тәсілдерін үйрету тиіс. Бұл, өз кезегінде, білім алушылардың білім сапасын арттырып, олардың болашағын жарқын ете түседі. Тарихты зерттеу — бұл тек өткенді білудің жолы ғана емес, сонымен қатар, алдағы уақытта әділетті қоғамды қалыптастыруға арналған қадам.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әбдіжаппарова Т. "Тарихты оқыту әдістемесі." Алматы: Мектеп, 2019.

2. Қойгелдиев М. "Тарихи деректерді талдау негіздері." Алматы: Қазақ университеті, 2021.
3. Мәшімбаев С. "Тарих ғылымындағы зерттеу әдістері." Астана: Фолиант, 2018.
4. Оразбаев, Б. "Цифрлық технологиялар және тарихи білім." Журнал "Білім және ғылым", №3, 2022.
5. Smith, M. "Historical Research Methods." London: Routledge, 2017.
6. Jones, A. "The Role of Quantitative Methods in History." Cambridge University Press, 2019.
7. UNESCO. "Guidelines for Digital History Education." Paris, 2020.
8. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. "Орта білім беру мекемелерінде тарихты оқыту бағдарламасы." Астана, 2023."""Тасболатова, Д. "Тарихи білім және мәдени мұра." Алматы: Экоперспектива, 2021.
9. Сұлтанов, Р. "Заманауи тарихты оқытуда интерактивті әдістер." Астана: Тұран университеті, 2022.
10. Нұрмағанбет Ж. "Тарихи сананы қалыптастырудағы әдіснамалық ерекшеліктер." Журнал "Тарих және қоғам", №2, 2023.
11. Каримов Е. "Тарих біліміндегі инновациялық технологиялар." Алматы: ҚазМемлекеттік баспасы, 2020.
12. Brown, T. "Teaching History in the Digital Age." New York: Palgrave Macmillan, 2018.
13. White, H. "Narrative and History: The Importance of Storytelling." Boston: Harvard University Press, 2020.
14. Казақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы. "Тарих ғылымдарын дамыту бойынша зерттеу бағдарламасы." Алматы, 2021.
15. Зекенов Т. "Статистикалық әдістерді тарихта қолдану." Журнал "Ғылым және білім", №4, 2023.

ОТБАСЫНДАҒЫ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕ КЕЗДЕСЕТІН ҚИЫНДЫҚТАРДЫҢ АЛДЫН-АЛУ ЖОЛДАРЫ

Садуова Ж.Н.
Халықаралық туризм және меймандостық университеті
(Түркістан, Қазақстан)
Базарова Ж.
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Түркістан, Қазақстан)

Аннотация. Отбасында бала тәрбиесінде кездесетін қиындықтарды алдын-алудың жолдары жан-жақты талданды. Бала тәрбиесінде кезедесетін

қиындықтар мен сәтсіздіктер, факторлары бар. Әрбір қиындық дер кезінде анықталып, оларды шешудің жолдарын тиімді қарастыру керек. Отбасы тәрбиесінің ерекшеліктері туралы түсінік бере отырып, оларды отбасымен бірлесіп жұмыс жасауға, ата-аналарының педагогикалық-психологиялық мәдениетін арттыруға даярлау. Отбасы жағдайында бала тәрбиелеу заңдылықтарын, қазіргі заманғы қазақстандық отбасының даму тенденциялары мен білім беру мекемелерінің отбасымен бірлесіп әрекет ету қажеттілігін анықталды.
Кілт сөздер: тәрбиелеу, отбасы, қамқорлық, қарым-қатынас, жауапкершіік.

Аннотация. Всесторонне проанализированы пути предотвращения трудностей в воспитании детей в семье. В воспитании ребенка имеются сопутствующие трудности и неудачи, факторы. Необходимо своевременно выявлять каждую сложность и эффективно рассматривать пути ее решения. Подготовка их к совместной работе с семьей, повышению педагогико-психологической культуры родителей с разъяснением особенностей семейного воспитания. Выявлены закономерности воспитания детей в семейных условиях, тенденции развития современной казахстанской семьи и необходимость взаимодействия образовательных учреждений с семьей.
Ключевые слова: воспитание, семья, забота, отношения, ответственность

Annotation. Ways to prevent difficulties in raising children in the family were comprehensively analyzed. In raising a child there are accompanying difficulties and failures, factors. It is necessary to identify each complexity in a timely manner and effectively consider ways to solve it. Preparing them for joint work with the family, improving the pedagogical and psychological culture of parents with an explanation of the peculiarities of family education. The laws of raising children in family conditions, trends in the development of a modern Kazakhstani family and the need for interaction between educational institutions and the family were revealed.
***Keywords*:** upbringing, family, care, relationships, responsibility

Қоғамның бүгінгі жағдайында болашақ тәрбиесін отбасынан бастап қолға алуға мемлекеттік тіпті, әлемдік тұрғыда көңіл бөлуде. Оған 1989 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы қабылдаған, кейіннен 1995 жылы 5 шілдеде Қазақстанда қабылданған «Баланың құқығы туралы Конвенция» дәлел бола алады. Онда «Бала толық және үйлесімді дамуы үшін, ол мейрім мен өзара түсіністігі бар, қызығушылыққа көп көңіл бөлетін бақытты ахуалдық ортасы бар отбасында өсуі қажет. Бала әлі дене, ақыл-ой жағынан толыққанды жетілмегендіктен, олар туылғанға дейін де, туылғаннан кейін де ерекше мейірімділікке, қамқорлыққа, әсіресе құқықтық қамқорлыққа мұқтаж»

делініп, әрбір ата-ана жасөспірімдердің өркениетті елдерде қазіргі заман талабына сай білім алуын қамтамасыз етуге міндетті деп көрсетілген.

Отан – отбасынан басталады. Отанның негізі мен тірегі, қайнар көзі отбасы екендігі барлығымызға айдан анық. Отбасы – шыр етіп дүниеге келгеннен сәттен бастау алатын тәлім-тәрбие мектебі. Отбасы – сүйіспеншіліктің, құрмет пен ынтымақтастықтың ошағы, яғни кез келген зиялы қоғамның діңгегі. Отбасының аман-саулығы әрбір елдің дамуы мен келешегінің өлшемі деп білеміз.

Мынау алмағайып заманда кейбір азаматтарымыз отбасының маңызы мен мәнін жоғалтып алғандай. Отбасы тірі организм деп алсақ адасқанымыз емес. Қай уақыт және кеңістік болмасын тірі организм жетіліп, жанданып отыру қажет. Сол бір тірі организмның жанын алып, үмітін өшіріп жатқан азаматтар қаншама. Отбасы құндылықтарын өмірінің маңызды бөлшегіне емес, қалыпты жағдайға айырбастағандар да жоқ емес. Отбасы институты әрқашан жетілуді және дамуды қажет етеді. Даму тоқтаған кезде кері кететіндігін аңғаруымыз қажет.

Отбасы – тек қана бір ғана адамға артылған жүк емес. Отбасының әрбір мүшесі, отбасын дамытуға, көркейтуге қосар үлестері ерекше. Отбасы – өте қажетті, басқадай еш нәрсемен өзгертуге болмайтын өмірлік баспалдақ.

Әрбір отбасы қоғамның кішкентай бір бөлігі болып табылатындықтан, қоғамды өркениеттілікке жеткізу ең алдымен әрбір отбасындағы өмірді ұйымдастырудан басталмақ. Тәрбиенің бастапқы әліппесін бала отбасынан алады.

Отбасы құрылымы отбасының құрамы мен санынан, сонымен қатар оның мүшелері арасындағы өзара қарым-қатынастарының жиынтығынан тұрады. Отбасы құрылымын талдау, отбасы қызметінің қандай жағдайда жүзеге асуы жөніндегі сұрақтарына жауап беруге мүмкіндік туғызады: отбасында кім басшылық етеді және кім – орындаушы, отбасы мүшелерінің арасындағы <u>құқықтары мен міндеттері</u> қалай бөлінген деген сияқты. Отбасы құрылымының бұзылуы – бұл оның қызметінің отбасымен орындалуына қиындық тудыратын және кедергі келтіретін құрылымдарының ерекшеліктері болып табылады. Мысалы, ерлі-зайыптылар арасындағы шаруашылық-тұрмыстық міндеттерінің тең бөлінбеуі өзара қарым-қатынас құрылымының бұзылу негізінде ілгері басады, яғни маңызды міндеткерлікті алған сол ерлі-зайыптылардың қажеттілік қатарының қанағаттануына кедергі жасайды: жеке күшті бұрынғы қалпына келтіру, рухани қажеттілікпен қанағаттандыру. Сол себептен, отбасындағы қарым-қатынас құрылымының бұзылуы оның түрлі қызметінің отбасымен орындалуына кедергі келтіретін отбасылық қақтығыстар екенін мойындау керек.

Жас ұрпақты тәрбиелеу жүйесі заман талабына сай қоғамдық өмірде болып жатқан ұлы өзгерістерге байланысты. Қазіргі заман жан-жақты үйлесімді жетілген жаңа адамды тәрбиелеуді талап етіп отыр. Қоғам талабы-заман талабы, өйткені, «әр адам- өз заманының баласы, сол себептен адамды

заман билейді, заманына сай заңы туындайды. Сондықтан «Туа жаман жоқ, жүре жаман бар», «Заман түзелсе, қоғам түзеледі».- халық педагогикасы тәрбиенің заманға, қоғамға, оның материалдық, рухани байлығына тәуелді екенін дөп басып жеткізген[1, 15 б].

Жас адамды есті, саналы, сергек етіп тәрбиелеу отбасы мен қоғамдық тәрбие орындарының бірден-бір парызы. «Ес түзелмей, ел түзелмейді», олай болса егеменді еліміздің болашағы отбасында, бесіктен басталып, оқу-тәрбие орындарында есті ұрпақты тәрбиелеу ісімен шешілмек.

Сондықтан да отбасы тәрбиесі мен отбасының бала тәрбиесіндегі жауапкершілік мәселесі бүгінгі таңда педагогика-психология ғылымдарының өзекті мәселелерінің бірі болып отыр.

Қазіргі таңда отбасы тәрбиесі тек ата-ананың ғана емес бүкіл қоғамның ісі. Себебі қоғамның дамуы оның басына қандай ұрпақ келуіне тікелей байланысты. Осыған байланысты отбасы тәрбиесі мәселесіне басты көңіл бөлінуі қажет. Бұл жағдайда педагог-психолог отбасымен серіктестікке дайын болуы керек.

Қазақтың ұлы ақыны Абай да отбасындағы баланы тәрбиелеуде ата-аналар тарапынан жол берілетін кемшіліктерді ескере отырып, отбасы тәрбиесін ұйымдастыруда кеңестер береді. Нақтырақ айтатын болсақ, Абай өзінің 10- сөзінде: «Әуелі баланды өзің алдайсың: әне, оны берем, міне, мұны берем деп, бастап баланды алдағаныңа мәз боласың. Соңында балаң алдамшы болса, кімнен көресің?» деп балаларына теріс тәрбие беретін ата-аналарды сынайды. Сондай-ақ «Адамның адамшылығы- ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» деп көрегендікпен ой түйіп, бала өміріне қажетті тәлім-тәрбиенің іргетасы ата-ана арқылы отбасында қаланатындығын айтады[2, 23 б].

«Балаға берілген бірінші тәрбие- ата-анасын, туған туысын, жолдасын сыйлауға үйретуден басталады» дейді ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин.

Қазіргі заманда отбасындағы тәрбиенің табысты болуы ата-аналардың тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне, мәдениетіне, ынтымақтастығына, отбасы мүшелерінің бірін-бірі түсінушілігіне, өзара қарым-қатынасына, көзқарастары мен мақсаттарының бірлігіне байланысты.

Қазіргі кезде көптеген ата-аналар күнделікті өмірде балаларының мінез-құлқында қажетті қасиеттердің қалыптасуына назар аударып, тәрбие үдерісінде теріс қылықтарды болдырмаудың жолдарын іздестіруде. Алайда, кейбір отбасы өмірінде үстемдің, келіспеушілік сияқты түрлі теріс әрекеттер кездеседі. Бұлар отбасындағы бірқалыпты өмірдің бұзылуына себепші болады. Басты себепші- ата-аналар. Олар отбасын біріктіру, ұйымдастыру, балаларды тәрбиелеу және оқыту жөнінде өз міндеттерін дұрыс орындамайды. Осының нәтижесінде өрескел әрекеттер де туады. Ал бұл жағдай жасөспірімдердің келешегі үшін қатерлі зардапқа айналуы мүмкін.

Отбасындағы ең өзекті мәселенің бірі – тәрбие. Тәрбиені тал бесіктен ала алмай, алдағанның арбауына жүріп, шақырғанның өтірігіне еріп

жүргендер қаншама. Отбасы ошақ қасында балаларымызға дұрыс тәрбие бере алмасақ, еліміздің ертеңі бұлыңғыр. Отбасы ісіне, тәрбиесіне көңілді бөлуіміз қажет. Жаһандану дәуірінде, өзгенің жүйесіне жұтылмайтындай ұрпақ тәрбиелеуіміз қажет. Ұлттық отбасы концепциясын шегендеп, ұлтымыздың ертеңі үшін қамдануымыз қажет.

Қазіргі таңда отбасы қиын кезеңді басынан өткізуде. Ажырасу мен толық емес отбасылар, отбасындағы дағдарыс, жасөспірімдер арасындағы қылмыс, тәрбие сапасының құлдырап кетуі, қоғамдағы жат қылықтар,, қазіргі кездегі отбасының жауапкершілігінің төмендеуі, заңсыз отбасын құру, баланың туылуы, тастанды бала т.б. қалыптасуына әкеліп соқты. Осы мәселені шешу бүгінгі күннің көкейкесті мәселесі болып отыр.

Отбасындағы теріс қылықтарды, теріс әрекеттерді тудыратын негізгі факторлар отбасында ата-аналар тарапынан үстемдік жағдайлар, яғни балаларының өз бетімен іс-әрекет жасауына жол бермеуі, өз өміріне немесе отбасына байланысты бірде-бір мәселені шешуге, үй іші кеңесіне қатыстырмау. Осының нәтижесінде бала отбасында болып жатқан әлеуметтік өмірге, еңбекке, білімге, мәдениетке байланысты мәселелерге қатысты сыртта қалады. Бұл жағдайда баланың танымдық қабілетінің дамуына, рухани және адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына бөгет жасайды.

Отбасы – баланың әлеуметтенуінің алғашқы факторы. Толық емес отбасында, бұл процесс отбасының қалыпты құрылымының жоқтығынан өзгереді. Жүргізілген зерттеулердің нәтижесіне сүйенсек, кішкентай бүлдіршіндер ата-анасының ажырасуы салдарынан психологиялық зардап шегетіні анықталды. Ерлі-зайыптылардың арасындағы туындаған кикілжіндердің салдарынан балалар депрессияға ұшырайды және дамуының артта қалуына бейімді болып келеді. Осылайша ажырасу фактісі баланы ауыр психологиялық салдарға (құқық бұзушылыққа, суицидке, өз-өзіне сенім-сіздікке) душар етеді. Толық емес отбасының проблемасы – баланың әлеуметтенуінің бұзылу проблемасы.

Отбасы – тұлға тәрбиелеудің және оны қоғамның сан қырлы жақтары игеруіне мүмкіндік туғызатын ең алғашқы әлеуметтік орта. Отбасы шағын мемлекет. Оның тірегі әке мен ана. Үлгілі жанұя үлкен қазына. Қазақ халқында «Ұяда не көрсең ұшқанда соны ілесің» деген даналық сөз бар. Ұлы мен қызына тәрбие беретін ата-ананың парызы мен қарызы үлкен. Халық айтса, қалт айтпайды, Отан отбасынан басталады. «Балалы үй базар, баласыз үй мазар» деген даналық сөзінде үлкен ғылыми тұжырымдаманы көрсетеді. Отбасы татулығы мен үйлесімділігі ата-ана мен бала және ерлі зайыптылардың арасындағы сүйіспеншілік сезімімен тығыз байланысты. Ата-ана мен бала және ерлі-зайыптылар қатынасында өзара түсіністік, сыйластық, көмек тек қана отбасы мүшелерінің арасында сүйіспеншілік сезімі болғанда ғана бақытты жандардан тұратын отбасына айналады. Тұлға отбасында өмірдің мәнін, оның мақсаты мен міндеттерін, құндылықтарын игереді, басқалармен қарым-қатынас жасау дағдыларын, өмірлік ұстанымдарын

қалыптастырады, өзін-өзі ұстаудың нормалары мен мінез-құлқын реттеудің өлшемдерін меңгереді. Демек, отбасы – адам баласының алтын діңгегі, оның адамзат ұрпағына деген ықпалын өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайды.

Педагогтар мен психологтар отбасы тәрбиесінде кездесетін келесі сәтсіздіктер мен қиыншылықтарды көрсетеді:

- Отбасы мүшелерінің, әсіресе әке мен ананың арасында бірыңғай талаптың, көзқарастың жоқтығы.
- Отбасында балаға назар аударудың тапшылығы,
- Ата-ана мен бала арасында болатын ерегісу.
- Отбасындағы маскүнемдік, ұрыс-керіс, неке бұзушылықтың болуы.
- Әртүрлі жағдайға байлнысты баланың теріс қылығы бар адамдардың қарамағына түсуі[3, 145 б].

Теріс қылықтардың бірі- келіспеушілік. Бұл отбасы мүшелерінің арасындағы қайшылықтан туындайды. Отбасындағы келіспеушілік жұбайлардың стрестік жағдайға, рухани дүниесінің қобалжуына, өмірге деген немқұрайлықты тудыруымен сипатталады.

Отбасындағы келіспеушілікті тудыратыннегізгі факторларға:

- Отбасының бірден күрт өзгеріп кетуі;
- Бір-бірінен жалығу, қажу, жанжал;
- Бір біріне бейімделу және алғаш өмір сүру кезіндегі отбасылық қиыншылықтар: балатәрбиелеу, қамқорлық жасау мәселесі, үй, шаруа мәселесі.
- Отбасында бір мүшелерінің жоқтығынан туындайтын жанжал;
- Мәселелік бұзылыс өте қысқа мерзім ішінде туындайтын келіспеушілік;
- Отбасындағы қарым-қатынас түрі;
- Отбасы мүшелерінің бала тәрбиесіне байланысты келіспеушіліктері;
- Бала өмірінің әр аясына алаңдаушылық пен тыйым салу;
- Балаға жоғары талап қою, қорқыту, кінәлай беру;
- Баланың жас дағдарысы;
- Тұлғалық факторлар[4, 85 б].

Отбасындағы бала тәрбиесіндегі кездесетін факторларды анықтап, дер кезінде алдын-алу шараларын қолдану қажет.

Отбасы – сыйластық, жарастық орнаған орта. Адамның жеке басының алғашқы қалыптасуы отбасыдан басталады. Оның ер жетіп өсуі, бойындағы алғашқы адамгершілік белгілер отбасында қалыптасады, сондықтан да туған үйдің жылуы – оның көкірегінде көп жылдар бойы сақталып, мәңгі есінде жүреді. Отбасының әрбір мүшесі өзара сыйластықты сақтауға тиіс. Сонда бірлік, татулық болады. Отбасы болғаннан кейін ыдыс-аяқ сылдырламай тұрмайды. Бірақ сондай кикілжің кездері ер адамның әйелін қор көріп, оны ұрып-соғуы шариғатқа да, заңға да қайшы әрі адамгершілік шеңберіне де сыймайды. «Отбасының сәні – сыйластық» деп халқымыздың көне нақылында

айтылғандай, Құран аяттары мен Пайғамбарымыздың (с.а.с.) сүннетіне сай ерлі-зайыптылар арасындағы байланыс шексіз сүйіспеншілікке, өзара құрметке, сабырлыққа, мейірімділікке, әділеттілікке және жайлылыққа негізделуі тиіс

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай Аннотацияяне келетін болсақ отбасында бала әр нәрсені естиді, көреді, қалай өмір сүру керек, өзін-өзі қалай ұстай білу керектігін үйренед, жағымды және жағымсыз мінез құлықтарды, отбасы мүшелерінің өмірге, еңбекке көзқарастарын, өзара қарым-қатынастарын байқайды. Сондықтан ата-ана балаға үңіле қарап, үнемі бақылау мен зеттеу жағдайында еске алып отыруы керек.

Отбасының аман-саулығы – әрбір елдің дамуы мен келешегінің өлшемі. Отбасы – елдің тірегі, тәуелсіздіктің діңгегі. Қазақ даласының ұлт болып ұйысуында отбасылық институттың маңызы орасан зор. Ата-бабамыз «Отан – қуат, отбасы – шуақ» деп бекер айтпаса керек. Отанымыздың қуаты, отбасымыздың қызықты шуағы таусылмасын.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қоянбаев Ж.Б. Семья және балалар мен жеткіншектер тәрбиесі.- Алматы, 1990 ж.
2. Азаров Ю.П. Семейная педагогика. Москва, 1995г.
3. Асанов Ж. Отбасы тәрбиесі.// Бастауыш мектеп, 2007.-№4.
4. Нұғыспанова Ш. Отбасындағы бала тәрбиесі.// Бастауыш мектеп, 2005

БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ОТБАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТТЕРІ МЕН ҰСТАНЫМДАРЫ

Садуова Ж.Н.

Халықаралық туризм және меймандостық университеті
(Түркістан, Қазақстан)

Садуова Ж.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Түркістан, Қазақстан)

Аннотация. Бұл мақалада бала тәрбиесіндегі отбасының қызметтері мен ұстанымдарының теориялық және практикалық аспектілері жан-жақты талданған. Яғни қазіргі қоғам талабына сай жарасымды, салиқалы, саналы ұрпақты тәрбиелеу отбасынан басталады. Ата-ананың ұрпағына деген сүйіспеншілігі мен жауапкершілігінің толыққанды жүзеге асуы қажет. Отбасындағы бала тәрбиесінің мақсаты нақтыланғанда ғана баланың жеке тұлғалық қасиеттері мен құндылықтары қалыптасады. Сондықтанда әрбір ата-ана өзінің идеалы ретінде балаға қарамай, баланың талғамымен, ой өрісімен,

мақсатымен санасуға үлкен мән беру керек. Өзінің талғамымен, білімімен, шығармашылығымен тәрбиленген жас ұрпақ, әрқашан өзіне сенімді, білімді, ұшқыр ойлы, зерек, елінің патриоты, басқа балаларға да үлгі бола алады.

Кілт сөздер: мақсаттылық, ғылымилық, ізгілендіру, бірізділігі, үйлесімділігі, көшпенділік, жүйелілік.

Аннотация. В данной статье подробно проанализированы теоретические и практические аспекты деятельности и принципов семьи в воспитании ребенка. То есть воспитание гармоничного, здорового, сознательного поколения в соответствии с требованиями современного общества начинается с семьи. Любовь и ответственность родителей к своим потомкам должны быть в полной мере реализованы. Личностные качества и ценности ребенка формируются только тогда, когда цель воспитания ребенка в семье уточняется. Поэтому каждый родитель, как идеал, должен уделять большое внимание рассуждениям, рассуждениям и целям ребенка, не обращая внимания на него. Молодое поколение, воспитанное своим талантом, знаниями и творчеством, всегда может стать примером для уверенных в себе, образованных, энергичных, интеллигентных, патриотичных и других детей.

Ключевые слова: целесообразность, научность, гуманизация, последовательность, согласованность, кочевничество, системность

Annotation. This article examines the development of regulation in the improvement and integration of financial reporting in Kazakhstan's insurance companies. Enhancing the transparency and reliability of financial reporting is crucial for ensuring market stability. The implementation of International Financial Reporting Standards (IFRS), the use of digital technologies, and the improvement of supervisory mechanisms are key areas of focus. Regulatory development strengthens financial stability and increases the efficiency of insurance companies.

Keywords: natural hazards, man-made hazards, financial and legal risks, property insurance, food insurance, food insurance, transport insurance, digital technologies, continuity, insurance, financial stability.

Кіріспе

Қазақстанда сақтандыруды жүргізу «Сақтандыру қызметі туралы» заңымен және Қаржы нарығын реттеу агенттігінің ережелерімен реттеледі. Сақтандыру ұйымдары заңнама талаптарына сәйкес есеп жүргізіп, резервтер қалыптастыруы тиіс.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы — статистика саласында мемлекеттік саясатты қалыптастырушы және іске асырушы, Қазақстан Республикасындағы статистиканы жетілдіру бойынша бағдарламаларды әзірлейтін және жүзеге асыратын уәкілетті орган ("Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес).

Сақтандыру ұйымдарындағы есеп саясаты — бұл сақтандыру ұйымдары жүзеге асыратын қаржылық және басқару есебін жүргізу ережелері мен әдістерінің жиынтығы. Есеп саясаты ұйымның ішкі құжаттарында бекітіліп, Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік актілеріне сәйкес реттеледі.

Есеп саясатының негізгі элементтері:

Сақтандыру ұйымдары қаржылық есепті Халықаралық қаржылық есеп стандарттарына (ХҚЕС) немесе Қазақстанда қабылданған басқа да стандарттарға сәйкес жүргізеді.

Сақтандыру сыйақыларының түсуін тану.

Сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелерді есепке алу.

Сақтандыру ұйымдары сақтандыру төлемдеріне арналған резервтерді (сыйақы резервтері, өтем резервтері, т.б.) міндетті түрде есепке алады.

Шығындар сақтандыру келісімшарттарын орындауға және ұйымның жалпы қызметін жүзеге асыруға байланысты топтастырылады.

Қайта сақтандыру бойынша табыстар мен шығыстар бөлек есепке алынады.

Сақтандыру ұйымдарының инвестициялық кірістерін, оның ішінде бағалы қағаздардан және депозиттерден алынатын кірістерді есепке алу ерекшеліктері.

Сақтандыру ұйымдарына арналған салық салу ерекшеліктерін ескере отырып, салықтық есеп жүргізу [1, 10 б.].

Баланс, табыс және шығындар есебі, ақша ағындарының есебі, меншікті капитал өзгерісі туралы есеп.

Есептілікті мемлекеттік органдар мен акционерлерге ұсыну.

Есеп саясатын әзірлеу принциптері:

Үздіксіздік принципі — ұйым өзінің қызметін ұзақ уақыт жалғастырады деп болжайды.

Дәйектілік принципі — есеп саясатындағы әдістер уақыт бойынша өзгеріссіз қалады.

Ашықтық принципі — қаржылық есептілікте барлық маңызды ақпарат толық көрсетіледі.

Есеп саясаты сақтандыру ұйымдарының стратегиялық мақсаттарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының сақтандыру қызметі туралы заңына және қаржы нарығын реттеуші органдардың талаптарына сәйкес келуі тиіс [2, 19 б.].

Сақтандыру қорын ұйымдастыру — бұл сақтандыру процесін тиімді әрі жүйелі түрде жүргізу үшін қажет негізгі элементтердің бірі.

Сақтандыру қоры — сақтандыру ұйымдарының резервтерін басқарудың және сақтандыру қызметін іске асырудың маңызды құралы болып табылады. Бұл қорға сақтанушының төлеген жарналары, сонымен қатар инвестициялардан алынған табыстар енгізіледі. Сақтандыру қорының ұйымдастырылуы сақтандыру компаниясының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қажет [3, 25 б.].

Сақтандыру қорының негізгі екі түрі бар:

Қызмет көрсету қоры – сақтандыру компаниясы клиенттердің талабын орындау үшін қажет қаражаттардан тұрады. Ол сақтандыру оқиғалары бойынша төлемдер мен басқа да шығыстарды өтеуге жұмсалады.

Резервтік қоры – сақтандыру ұйымының қаржылық тұрақтылығын сақтау үшін құрылған. Бұл қор тәуекелдер мен төлемдердің өзгермелі деңгейін ескере отырып қалыптастырылады.

Сақтандыру қорын ұйымдастыру принциптері

Сақтандыру қорының тиімді жұмыс істеуі үшін бірнеше маңызды принциптерді сақтау қажет:

Қаржылық тұрақтылық: Сақтандыру ұйымы өз міндеттемелерін орындауы үшін қажетті мөлшерде қаржы жинақтауы тиіс.

Өзгермелілікті ескеру: Сақтандыру оқиғаларының жиілігі мен ауырлығын болжау қиын, сондықтан қордың көлемі тәуекелдерге байланысты реттелуі керек.

Тәуекелдерді бөлу: Сақтандыру қоры бірнеше бағыт бойынша бөлініп, әр түрлі тәуекелдерді қамтуы керек. Бұл компанияның қаржылық дағдарысқа қарсы төтеп беру қабілетін арттырады [4, 31 б.].

Қорды басқарудың тиімділігі: Қордың дұрыс басқарылуы оның өсімін қамтамасыз етуге және клиенттердің барлық талаптарын қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Қорды қаржылық басқару әдістері

Сақтандыру қорын тиімді ұйымдастыру үшін қаржылық басқарудың бірнеше негізгі әдістері қолданылады:

Қаражаттың инвестициялануы: Сақтандыру қорлары көбінесе қаржылық нарықтарда инвестицияланып, табыс әкелетін құралдар арқылы өседі. Бұл әдіс қордың тұрақтылығын қамтамасыз етуге көмектеседі.

Құрылымдық стратегия: Қордың құрылымы мен резервтерін нақты бөлшектеу сақтандыру компаниясының қаржылық жағдайына және нарықтағы жағдайға сәйкес өзгертілуі мүмкін.

Тұрақты аудит және бақылау: Қордың жағдайын үнемі бақылап, қажетті өзгерістер енгізу сақтандыру ұйымының сенімділігін арттырады.

Қордың қалыптасу және пайдалану ерекшеліктері

Қорды қалыптастыру кезінде сақтандыру компаниясы нарықтық жағдайды, заңнамалық талаптарды және клиенттердің қажеттіліктерін ескеруі қажет. Келесі факторлар маңызды:

Талаптар мен міндеттемелер: Әрбір сақтанушыға қатысты нақты есеп жүргізіліп, оның сақтандыру төлемдері мен талаптарын өтеу үшін қажетті қаражат мөлшері белгіленеді.

Қаржылық тұрақтылық: Сақтандыру қорлары дұрыс қалыптасып, олар қажетті резервтер мен резервтер деңгейінде болуы тиіс. Бұл қорлардың көлемі міндетті сақтандыру көлеміне сәйкес анықталады.

Құқықтық реттеу: Мемлекет тарапынан қойылатын талаптарға сәйкес сақтандыру қорлары реттеліп, заңды негізде жұмыс істейді.

Қауіп түрлері және сақтандыру объектісі бойынша сыныптау сақтандырудың әртүрлі салалары мен түрлерін жүйелеу үшін маңызды. Бұл сыныптау сақтандыру компаниялары мен сақтанушыларға қауіптерді анықтау және оларды тиімді басқару мүмкіндігін береді [1, 50 б.].

Төменде негізгі сыныптау келтірілген:

Қауіптің сипаты мен пайда болу көзіне қарай олар бірнеше санаттарға бөлінеді:

Жер сілкінісі, Су тасқыны, Дауыл, боран, Өрт (табиғи ормандардағы өрттер), Климаттық өзгерістер, Өндірістік авариялар, Экологиялық апаттар, Құрылыс немесе өндірістегі, ехникалық ақаулар. Жарылыстар, өрттер (өндірістік объектілерде), Жұмыссыздық, Инфляция, Несиені қайтара алмау,

Саяси тұрақсыздық, Әкімшілік өзгерістер, Соғыс және терроризм. Аурулар (жануарлар мен адамдарға қатысты)

(Сақтандыру объектілері – сақтандыру шартында қорғалатын материалдық немесе материалдық емес мүліктер мен құқықтар.

Өмірді сақтандыру: қауіп – адамның өмір сүруіне немесе өмірден өтуіне байланысты.

Денсаулықты сақтандыру: қауіп – жарақат алу, ауру немесе уақытша еңбекке жарамсыздық.

Қауіп – мүліктің зақымдануы немесе жойылуы. Жеке мүлік: үйлер, көліктер, тұрмыстық техника. Өндірістік мүлік: зауыттар, машиналар, жабдықтар.

Қауіп – үшінші тұлғаларға келтірілген зиян үшін жауапкершілік:

Автокөлік жүргізушілерінің жауапкершілігі. Өндірістік қызметтен келтірілген зиян.

Қауіп – қаржылық шығындар: Несиені төлемеу. Кіріс жоғалту.

Бірнеше объектілер мен қауіптерді қамтиды. Мысалы, ипотекалық сақтандыру (жеке өмір, денсаулық, және мүлікті бірге сақтандыру).

Бұл сыныптау жүйесі сақтандыру шарттарын жасасқанда қауіптерді нақты бағалап, ең тиімді шешім қабылдауға көмектеседі [1, 10 б.].

Сақтандыру ұйымдары сақтандырушылар мен жеке заңды тұлғалар арасындағы, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарының өздерінің арасындағы жеке және заңды тұлғалардың мүліктік мүдделерін қорғау жөніндегі құқықтық қатынастар. Сақтандыру ерікті және міндетті нысандарда жүзеге асырылады. Ерікті сақтандыру сақтанушы мен сақтандырушы арасындағы шартқа негізделеді. Ерікті сақтандырудың ортақ шарттарын және оның жүргізілу тәртібін айқындайтын ережелерін сақтандырушы дербес айқындайды. Міндетті сақтандыру заңға сәйкес жүзеге асырылады.

Сақтандыру объектілеріне Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін мүліктік мүдделер жатады, олар: сақтанушының немесе сақтандырылған тұлғаның өмірімен, денсаулығымен, еңбек етуге қабілеттілігімен, зейнетақымен қамсыздандырылуымен байланысты мүдделер (жеке басты сақтандыру), мүлікті иеленумен, пайдаланумен, байланысты мүдделер (мүлікті сақтандыру), сақтанушының жеке адамға немесе жеке тұлғаның мүлкіне келтірген зиянын өтеумен байланысты мүдделері (жауапкершілікті сақтандыру). Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан заңды тұлғалардың мүліктік мүдделерін (қайта сақтандыру мен өзара сақтандырудан басқа) және ҚР резиденттері болып табылатын жеке тұлғалардың мүлкін тек сақтандыру қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар заңды тұлғалар ғана сақтандыра алады [5, 15 б.].

Сақтандырушы сақтандыру қызметін өз агенттері мен делдалдары арқылы жүзеге асырады. Сақтандырылатын болжалды оқиға сақтандыру тәуекелдігі (қатері) болып табылады. Сақтандыру тәуекелдігі ретінде қарастырылатын оқиғаның басталуында ықтималдық пен кездейсоқтық

белгілер болуға тиіс. Ол белгілі болған жағдайда сақтандырылған тұлғаға, пайда алушыдан сақтандыру өтемі түрінде немесе сақтандыру жағдайы басталғанда сақтандыруды қамсыздандыру түрінде сақтандыру төлемі төленеді. Сақтандыру шартында айқындалған немесе заңда белгіленген ақшалай сома сақтандыру сомасы деп аталады, осы соманың негізінде сақтандыру жарнасының немесе сақтандыру төлемінің мөлшері белгіленеді. Мүлікті сақтандыруда сақтандыру сомасы оның шарт жасасу сәтіндегі шын құнынан (сақтандыру құнынан) аспауға, ал сақтандыру жағдайы басталғанда сақтандыру өтемі сақтанушының немесе үшінші бір тұлғаның сақтандырылған мүлкіне келтірілген тікелей зиянның мөлшерінен аспауға тиіс. Жеке адамды сақтандыруда сақтандыру сомасын сақтанушы сақтандырушымен келісе отырып белгілейді. Сақтанушы сақтандыру шартына немесе заңға әйкес сақтандырушыға төлеуге міндетті сақтандыру төлемі сақтандыру жарнасы деп аталады. Сақтандыру жарнасының мөлшерлемесі сақтандыру тарифі болып табылады. Сақтандырудың міндетті түрлері бойынша сақтандыру тарифтері міндетті сақтандыру туралы заңдарда белгіленеді. Жеке адамды, мүлікті және жауапкершілікті сақтандырудың ерікті түрлері бойынша сақтандыру тарифтерін сақтандырушылар дербес есептейді. Сақтандыру тарифінің нақты мөлшері тараптардың келісуімен арнаулы шартта айқындалады [6, 55 б.].

Сақтандыру ұйымдарындағы табыстар мен шығындардың құрамы келесі негізгі элементтерден тұрады:

Сақтандыру ұйымдарының табыстары төмендегі негізгі көздерден қалыптасады:

Сақтандыру сыйақылары (премиялар): Сақтанушыдан алынатын төлемдер, яғни сақтандыру келісімшарттары бойынша ұйымға түскен қаржы.

Инвестициялық табыстар: Сақтандыру ұйымы қаражатты инвестициялау арқылы алған пайда. Бұл табыс сақтандыру ұйымының активтерін басқару нәтижесінде пайда болады.

Өтімділікті басқару табыстары: Сақтандыру ұйымының қаржылық құралдарды тиімді пайдалануынан, мысалы, қарыздардан алынған пайыздық табыстар.

Құнды қағаздардан түскен табыстар: Акцияларды, облигацияларды немесе басқа қаржылық құралдарды сатып алу мен сатудан алынатын табыстар.

Қосымша қызметтерден алынған табыс: Мысалы, қайта сақтандыру қызметтері немесе басқа да қосымша қызметтерден алынатын табыс.

Сақтандыру ұйымдарының шығындары да бірнеше негізгі түрге бөлінеді:

Төленген сақтандыру төлемдері (құрылымдық шығындар): Сақтанушыға болған шығындарды өтеу үшін төленген ақшалай қаражат.

Әкімшілік және жалпы шығындар: Сақтандыру ұйымын басқару, қызметкерлерге жалақы төлеу, кеңсе шығындары, бухгалтерлік және заңгерлік қызметтерге арналған шығындар.

Маркетинг және сату шығындары: Сақтандыру өнімдерін жарнамалау, клиенттермен байланыс орнату және сату қызметтеріне жұмсалатын шығындар.

Қайта сақтандыру төлемдері: Қайта сақтандыру ұйымына төленетін ақшалай қаражат, егер сақтандыру ұйымы сақтандыру тәуекелдерін қайта сақтандыру ұйымдарына тапсырса.

Қаржылық шығындар: Қарыз бойынша пайыздар мен басқа да қаржылық міндеттемелерге байланысты шығындар.

Инвестициялық шығындар: Сақтандыру ұйымы қаржы нарығында жасайтын инвестициялардан келген шығындар [4, 63 б.].

Сақтандыру ұйымдары (сақтандырушылар) мен жеке заңды тұлғалар арасындағы, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарының өздерінің арасындағы жеке және заңды тұлғалардың мүліктік мүдделерін қорғау жөніндегі құқықтық қатынастар. Сақтандыру ерікті және міндетті нысандарда жүзеге асырылады. Ерікті сақтандыру сақтанушы мен сақтандырушы арасындағы шартқа негізделеді. Ерікті сақтандырудың ортақ шарттарын және оның жүргізілу тәртібін айқындайтын ережелерін сақтандырушы дербес айқындайды. Міндетті сақтандыру заңға сәйкес жүзеге асырылады. Сақтандыру объектілеріне Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін мүліктік мүдделер жатады, олар: сақтанушының немесе сақтандырылған тұлғаның өмірімен, денсаулығымен, еңбек етуге қабілеттілігімен, зейнетақымен қамсыздандырылуымен байланысты мүдделер (жеке басты сақтандыру), мүлікті иеленумен, пайдаланумен, билеумен байланысты мүдделер (мүлікті сақтандыру), сақтанушының жеке адамға немесе жеке тұлғаның мүлкіне келтірген зиянын өтеумен байланысты мүдделері (жауапкершілікті сақтандыру). Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан заңды тұлғалардың мүліктік мүдделерін (қайта сақтандыру мен өзара сақтандырудан басқа) және ҚР резиденттері болып табылатын жеке тұлғалардың мүлкін тек сақтандыру қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар заңды тұлғалар ғана сақтандыра алады [5, 22 б.].

Дамыған елдерде сақтандыру статистикасы экономиканың маңызды бөлігі болып табылады. АҚШ: NAIC (National Association of Insurance Commissioners) сақтандыру статистикасының бірыңғай стандарттарын қолданады.

Еуропа: Solvency II директивасы бойынша қаржылық тұрақтылық пен тәуекелдерді бағалау есептіліктің міндетті бөлігі болып саналады.

Жапония: Жоғары технологиялар арқылы сақтандыру статистикасын автоматтандыру белсенді жүргізіледі.

Қазақстандағы сақтандыру нарығының статистикалық ерекшеліктері

Елде сақтандыру статистикасына қойылатын талаптар келесі ерекшеліктермен сипатталады:

- Сақтандыру нарығының шағын сегменттелуі.
- Әлеуметтік маңызы бар сақтандыру түрлерінің (медициналық, міндетті автосақтандыру) басым болуы.
- Мемлекеттік реттеуші органдардың қатаң бақылауы.

Қазақстанда сақтандыру статистикасын жетілдіру үшін цифрландыру және есептілікті автоматтандыруға басымдық беріледі. Сонымен қатар, ұлттық деректер базалары арқылы сақтандыру ұйымдарына қолжетімділік қамтамасыз етіледі.

Сақтандыру статистикасының болашағы

1. Цифрлық технологияларды енгізу:

Бұл салада жасанды интеллект пен блокчейн технологияларын пайдалану есептілік сапасын арттырады.

2. Халықаралық стандарттарға бейімделу:

IFRS және Solvency II сияқты стандарттарды енгізу отандық сақтандыру ұйымдарының бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

3. Аналитикалық құралдарды дамыту:

Сақтандыру ұйымдары Big Data және predictive analytics негізінде клиенттерге жеке өнімдер ұсыну мүмкіндігін арттырады [6, 73 б.].

Сақтандыру ұйымдарындағы статистикалық есептілік – басқару шешімдерін қабылдаудың маңызды құралы. Жүйелі және сенімді статистика сақтандыру саласының тұрақтылығын қамтамасыз етіп, экономика мен халықтың әлеуметтік әл-ауқатын қолдауға мүмкіндік береді. Заманауи технологияларды енгізу және халықаралық тәжірибені қолдану арқылы Қазақстанның сақтандыру нарығының бәсекеге қабілеттілігін айтарлықтай арттыруға болады.

Сақтандыру қорының ұйымдастырылуы мен басқарылуы сақтандыру ұйымының тиімді қызмет етуінің кепілі болып табылады. Қордың дұрыс қалыптасуы мен тиімді басқарылуы, оның нарықтық тәуекелдерге қарсы тұру қабілетін арттырып, сақтандыру қызметін көрсетуші компанияның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1.Сақтандыру [Электрондық ресурс] : оқу құралы / А.М. Есиркепова. - 2-ші бас., толықт. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 268 б. http://e-lib.dulaty.kz/elib/document/2480576/

2. Сақтандыру ісінің қаржылық негіздері [Электрондық ресурс] / М. Д. Тінәсіл. - Алматы : [б. и.], 2011. - 413 б.

3. Сақтандыру құқығы. Жалпы және ерекше бөлімдері [Электрондық ресурс] : оқу құралы / С. М. Найманбаев. - Алматы : Жеті жарғы, 2007. - 448 б.

4.Сақтандыру ісі: Оқулық. / Тажибекова К.Б., Рауандина Г.К. - Қарағанды: ҚарМТУ, 2017. http://rmebrk.kz/book/1159474

5. Сақтандыру [Электрондық ресурс] : оқу құралы / А. М. Есиркепова. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 268 б.

6. Сақтандыру ісі [Электрондық ресурс] : оқу құралы / Ж.Қ Тайбек. - Қарағанды: "Medet Group" ЖШС , 2019. - 295 б.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ: ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТТЫҢ ОРНЫ МЕН БОЛАШАҒЫ

Башар М.М.
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
(Астана, Қазақстан)
E-mail: basharmad31na@gmail.com

Аннотация. Бұл мақалада Қазақстанның әлеуметтік саясатының негізгі бағыттары, оның экономикалық даму үдерісіне ықпалы қарастырылады. Зерттеу барысында зейнетақы жүйесі, денсаулық сақтау саласы, жұмыспен қамту және еңбек нарығы мәселелері талданып, олардың тиімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстар беріледі. Халықаралық тәжірибемен салыстыра отырып, әлеуметтік саясаттың тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз етудегі рөлі қарастырылады.

***Кілт сөздер*:** әлеуметтік саясат, экономикалық даму, зейнетақы жүйесі, жұмыспен қамту, денсаулық сақтау.

Аннотация. В данной статье рассматриваются основные направления социальной политики Казахстана и её влияние на процесс экономического развития. В ходе исследования анализируются пенсионная система, сфера здравоохранения, занятость и рынок труда, а также предлагаются меры по повышению их эффективности. На основе международного опыта оценивается роль социальной политики в обеспечении устойчивого экономического роста.

***Ключевые слова*:** социальная политика, экономическое развитие, пенсионная система, занятость, здравоохранение.

Abstract. This article examines the key aspects of Kazakhstan’s social policy and its impact on economic development. The study analyzes the pension system, healthcare sector, employment, and labor market issues, providing recommendations for improving their effectiveness. Based on international experience, the role of social policy in ensuring sustainable economic growth is assessed.

***Keywords*:** social policy, economic development, pension system, employment, healthcare.

КІРІСПЕ

Қазақстанның экономикалық даму стратегиясы халықтың өмір сүру сапасын арттыруға және ұлттық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған. Әлеуметтік саясат осы процестің негізгі құралы ретінде теңсіздікті төмендетуге, адами капиталды дамытуға және экономикалық мүмкіндіктерді кеңейтуге ықпал етеді. Мемлекеттің білім беру, денсаулық сақтау, жұмыспен қамту және әлеуметтік қолдау жүйесіне салған инвестициялары ұзақ мерзімді экономикалық өсімге әсер етеді. Дегенмен, бұл саладағы бағдарламалардың тиімділігі және олардың қаржыландыру тетіктері қосымша зерттеуді қажет етеді.

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарына сәйкес, әлеуметтік саланың қаржыландырылуы жыл сайын орта есеппен 10%-ға артуда [1]. Сонымен қатар, Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясында экономикалық өсімді қамтамасыз етудің негізгі факторы ретінде адами капиталдың сапасын арттыру көзделген [2]. Сондықтан, әлеуметтік саясаттың тиімділігін бағалау және оны жетілдіру жолдарын қарастыру маңызды.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Қазақстанның экономикалық даму стратегиясы әлеуметтік саясаттың тиімді жүзеге асырылуын талап етеді. Елдегі макроэкономикалық тұрақтылық пен халықтың әл-ауқатының артуы үшін мемлекеттің әлеуметтік саланы қаржыландыруы, жұмыспен қамту деңгейін көтеруі және адами капиталды дамытуы маңызды. Бұл бөлімде Қазақстанның әлеуметтік саясатының негізгі бағыттары, олардың экономикаға ықпалы және халықаралық тәжірибемен салыстырмалы талдау жасалады.

Білім беру саласы және адами капиталды дамыту

Қазақстанның ұзақ мерзімді экономикалық даму стратегиясында білім беру жүйесінің сапасын арттыру негізгі басымдықтардың бірі ретінде қарастырылады. 2023 жылы білім беру саласына бөлінген мемлекеттік қаражаттың жалпы көлемі 165,2 млрд теңгені құрады. Бұл қаражаттың негізгі бөлігі орта білімге 113,6 млрд теңге, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға 25,1 млрд теңге, техникалық және кәсіптік білім беруге 11,4 млрд теңге және басқа да шығындарға 15,2 млрд теңге бағытталды [3].

Салыстырмалы түрде қарағанда, 2024 жылы білім беру саласына бөлінген бюджет 186,7 млрд теңгеге дейін ұлғайды, бұл өткен жылмен салыстырғанда 17,9 млрд теңгеге артық [4]. Бұл өсім білім беру сапасын арттыруға және адами капиталды дамытуға бағытталған мемлекеттік саясаттың нәтижесі болып табылады. Сонымен қатар, 2023-2025 жылдарға арналған ғылым саласының жалпы бюджеті 3,3 есе артып, 643 млрд теңгені құрады, бұл ғылым мен жоғары білімді дамытуға қосымша серпін береді [5].

Бірақ білім беру саласында бірқатар мәселелер сақталуда. PISA-2022 халықаралық бағалау нәтижелері бойынша қазақстандық оқушылардың білім деңгейі дамыған елдерден төмен екені анықталды [6]. Бұл білім беру жүйесін

жетілдіру қажеттігін көрсетеді. Осыған байланысты оқу бағдарламаларын жаңарту, мұғалімдердің біліктілігін арттыру және материалдық-техникалық базаны жақсарту шаралары қолға алынады.

Жұмыспен қамту және еңбек нарығы

Қазақстан экономикасының тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін жұмыспен қамту саясаты мен еңбек нарығының тиімділігі ерекше маңызға ие. Мемлекет жұмыспен қамтуды қолдау мақсатында «Еңбек» және «Жұмыспен қамтудың жол картасы» сияқты бағдарламаларды жүзеге асырып келеді.

2023 жылғы деректерге сәйкес, Қазақстандағы жұмыссыздық деңгейі 4,6%-ды құрады, бұл Халықаралық еңбек ұйымының әдістемесіне сәйкес тұрақты көрсеткіш болып табылады. Бірақ өңірлер бойынша айырмашылықтар бар. Қала тұрғындарының жұмыспен қамтылу деңгейі жоғары болғанымен, ауылдық жерлерде жұмыссыздық көрсеткіші 5,2%-ға жетеді [7].

Жұмыссыздықты төмендету және халықтың табыс көзін тұрақтандыру мақсатында «Еңбек» бағдарламасы іске қосылған. Оның аясында:

- 2023 жылы 500 мыңнан астам адам жұмысқа орналастырылды.
- Жастарға арналған «Алғашқы жұмыс орны» жобасы бойынша 50 мыңнан астам жас маман еңбек нарығына кірді.

Қазіргі еңбек нарығындағы мәселелер:

1. Кадр тапшылығы – Қазақстанда инженерия, IT, жаратылыстану ғылымдары салаларында мамандар жетіспейді, ал экономика, құқық, басқару мамандықтары бойынша еңбек нарығында артық ұсыныс бар.
2. Жалақы айырмашылығы – урбанизацияға байланысты аймақтар арасында жалақы деңгейі едәуір өзгеше. Мысалы, Алматыда орташа айлық жалақы 450 мың теңге болса, ауылдық жерлерде бұл көрсеткіш 250-300 мың теңге шамасында.
3. Жастар арасындағы жұмыссыздық – 2023 жылы жастар арасындағы жұмыссыздық 3,9% құрады, бұл жалпы жұмыссыздық көрсеткішінен төмен болғанымен, жоғары білімі бар түлектердің өз мамандығы бойынша жұмысқа орналасу деңгейі төмен.
4. Германия мен Оңтүстік Корея сияқты елдерде кәсіптік-техникалық білім мен бизнес саласы арасында жоғары деңгейде интеграция байқалады, бұл өз кезегінде университеттер мен колледждердің түлектерін нарық сұранысына сәйкес даярлауға мүмкіндік береді. Қазақстанда осы бағытты күшейту үшін келесі шараларды қабылдау қажет.

Біріншіден, жұмыс берушілермен серіктестік механизмдерін дамыту қажет, бұл білім беру бағдарламаларын қалыптастыруда бизнестің талаптарын ескере отырып, оларды еңбек нарығының қажеттіліктеріне бейімдеуге мүмкіндік береді.

Екіншіден, жастарға арналған мақсатты гранттар мен кәсіби даярлау бағдарламаларын кеңейту маңызды. Осы шара кәсіби біліктілігін арттыруға және жұмысқа орналастыруға мүмкіндік бере алады.

Үшіншіден, аймақтық еңбек нарығының ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру бағдарламаларын бейімдеу керек. Бұл тәсіл жергілікті нарықтағы сұранысқа сәйкес мамандарды даярлауды қамтамасыз етеді.

Аталған шаралар Қазақстандағы еңбек нарығының икемділігін арттыруға және жұмыспен қамту деңгейін тұрақтандыруға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік қорғау жүйесі және зейнетақы жүйесі

Әлеуметтік қорғау жүйесі – халықтың әл-ауқатын қамтамасыз ететін мемлекеттің негізгі механизмдерінің бірі. Оның маңызды бөлігі – зейнетақы жүйесі, ол қартаю мен еңбекке қабілеттіліктің төмендеуі жағдайында тұрақты табыс көзін қамтамасыз етеді.

Қазақстанда зейнетақы жүйесі үш деңгейден тұрады:

1. Мемлекеттік базалық зейнетақы – еңбек өтіліне байланысты төленеді.
2. Ынтымақты зейнетақы – 1998 жылға дейін еңбек өтілі бар азаматтарға беріледі.
3. Жинақтаушы зейнетақы жүйесі – әрбір жұмыс істейтін азаматтың міндетті жарналарынан қалыптасады.

Зейнетақы жүйесінің 2023-2024 жылдардағы негізгі көрсеткіштері:

- 2024 жылғы 1 маусымдағы орташа зейнетақы мөлшері – 132 401 теңге, ал 1 шілдеде – 132 110 теңге.
- 2023 жылғы БЖЗҚ-дан ең жоғары төлем – 742 692 теңге.
- Зейнетақы төлемдеріне бөлінген бюджет – 2024 жылы 3,1 трлн теңге, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 13%-ға артық.
- Көптеген дамыған елдерде зейнетақы жүйесі үш деңгейден тұрады: мемлекеттік зейнетақы, жұмыс берушінің жарналары және жеке жинақтар. Қазақстанда зейнетақы жүйесінің тиімділігін арттыру үшін келесі шаралар ұсынылады:
- Міндетті жарналарды 10%-дан 15%-ға дейін ұлғайту
- Жинақтарды мерзімінен бұрын пайдалануды шектеу
- Зейнетақы қорларының инвестициялық кірісін арттыру
- Жұмыс берушілердің қосымша зейнетақы жарналарын енгізу

Қазақстанның зейнетақы жүйесі тұрақты қаржыландыруды және халықаралық тәжірибені ескере отырып жетілдіруді талап етеді. Жинақтау жүйесінің тиімділігін арттыру, қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету және халықтың зейнетақы жинақтарының жеткілікті болуын бақылау қажет.

Денсаулық сақтау саласы және халықтың өмір сүру сапасы

Денсаулық сақтау жүйесі – әлеуметтік саясаттың маңызды бөлігі. 2023 жылы саланы қаржыландыру 1,5 трлн теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 12%-ға артты [8]. Бұл қаражат инфрақұрылымды жаңартуға, заманауи жабдықтар алуға және медицина кадрларын даярлауға бағытталды.

ДДСҰ деректері бойынша, денсаулық сақтау саласына жұмсалған 1 доллар экономикаға 4 доллар пайда әкеледі. Қазақстан үшін жүйені одан әрі дамыту мақсатында:

- Алғашқы медициналық көмекті күшейту – аурулардың алдын алу және ерте диагностика сапасын арттыру
- Медицина кадрларын даярлау – оқу бағдарламаларын халықаралық стандарттарға сәйкестендіру
- Цифрландыруды енгізу – медициналық қызметтердің сапасын және қолжетімділігін арттыру

Қазақстанның денсаулық сақтау жүйесін дамыту тұрақты инвестицияларды талап етеді. Алғашқы медициналық көмекті жетілдіру, цифрлық технологияларды енгізу және медицина кадрларын даярлау арқылы халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға болады.

Мемлекеттік әлеуметтік саясаттың экономикалық дамуға ықпалы

Әлеуметтік саясат – халықтың әл-ауқатын арттыруға, теңсіздікті азайтуға және тұрақты экономикалық дамуға ықпал ететін мемлекеттік шаралар кешені.

- Әлеуметтік саясаттың экономикалық дамуға әсері:
- Еңбек өнімділігін арттыру – білім беру мен денсаулық сақтау салаларына инвестиция салу жоғары білікті жұмыс күшін қалыптастыруға мүмкіндік береді.
- Ішкі сұранысты ынталандыру – әлеуметтік төлемдер мен жәрдемақылар халықтың тұтыну деңгейін көтеріп, экономикаға серпін береді.
- Әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету – теңсіздікті азайту және халықтың өмір сүру сапасын жақсарту экономикалық және саяси тұрақтылыққа ықпал етеді.
- Адами капиталды дамыту – денсаулық сақтау мен білім беру жүйесін жетілдіру ұзақ мерзімді экономикалық өсуді қамтамасыз етеді.

Қазақстандағы әлеуметтік саясаттың ерекшеліктері:

Елдегі басты мәселелер – масылдықты төмендету, кедейлікті азайту, өзін-өзі жұмыспен қамтыған және жұмыссыз азаматтарды өнімді еңбекке тарту. Бұл бағытта мемлекет жұмыссыздықты азайту, әлеуметтік қорғау жүйесін жетілдіру және халықтың табысын арттыру бойынша шаралар қабылдауда.

Әлеуметтік саясат экономикалық дамудың маңызды факторы болып табылады. Әлеуметтік бағдарламалардың тиімді жүзеге асырылуы халықтың әл-ауқатын жақсартып қана қоймай, ел экономикасының тұрақты дамуына да ықпал етеді.

1.6. Қазақстандағы әлеуметтік саясаттың өзекті мәселелері және оларды шешу жолдары

Қазақстанда әлеуметтік саясат халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталғанымен, масылдық, кедейлік, жұмыссыздық және әлеуметтік қорғау жүйесінің тиімділігі секілді мәселелер сақталуда.

Кесте 1. Қазақстандағы әлеуметтік саясаттың негізгі мәселелері және оларды шешу жолдары

Мәселе	Сипаттамасы	Шешу жолдары

Мемлекеттік жәрдемақыларға тәуелділік	Кейбір азаматтар әлеуметтік көмекті негізсіз пайдаланып, жұмыс істеуге ынта білдірмейді.	Әлеуметтік көмекті тек мұқтаж жандарға беру, жұмысқа ынталандыру шараларын күшейту.
Кедейлік денгейінің жоғары болуы	2023 жылы халықтың 5,1%-ы кедейлік шегінен төмен өмір сүреді, әсіресе ауылдық аймақтарда.	Шағын және орта бизнесті қолдау, ауылдық жерлерде жаңа өндірістер ашу.
Жұмыссыздық және көлеңкелі экономика	2023 жылы жұмыссыздық деңгейі 4,6%, өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтардың көпшілігі көлеңкелі секторда жұмыс істейді.	Жаңа жұмыс орындарын құру, кәсіптік білім беру жүйесін реформалау.
Әлеуметтік қорғау жүйесінің тиімділігі төмен	Әлеуметтік төлемдерді әділ бөлу және бюджетке жүктемені азайту қажеттілігі бар.	Цифрландыруды енгізу, әлеуметтік бағдарламаларды тұрақты түрде бағалау және оңтайландыру.

Дереккөз: ҚР Ұлттық статистика бюросының мәліметтері негізінде құрастырылған.

Әлеуметтік саясаттың тиімділігін арттыру үшін масылдықты төмендету, кедейлікпен күресу, еңбек нарығын тұрақтандыру және әлеуметтік қорғау жүйесін жетілдіру қажет. Бұл шаралар халықтың әл-ауқатын жақсартуға және елдің экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу барысында Қазақстанның әлеуметтік саясатының негізгі бағыттары мен оның экономикалық даму үдерісіне ықпалы жан-жақты талданды. Әлеуметтік саясат халықтың әл-ауқатын арттыруға, экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге және әлеуметтік теңсіздікті азайтуға бағытталған. Алайда, жүйенің тиімділігін арттыру үшін бірқатар өзекті мәселелерді шешу қажет.

Жүргізілген талдау негізінде келесі негізгі қорытындылар жасалды:

1. Зейнетақы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету – Қазақстандағы зейнетақы жүйесі жинақтаушы және ынтымақты элементтерден тұрады, алайда оның қаржылық тұрақтылығын сақтау маңызды міндет болып табылады. Бұл үшін зейнетақы жарналарын кезең-кезеңімен ұлғайту, жинақтаушы қорлардың инвестициялық кірістілігін арттыру және жұмыс берушілердің қосымша жарналарын енгізу ұсынылады.

2. Денсаулық сақтау жүйесін дамыту қажеттілігі – 2023 жылы денсаулық сақтау саласын қаржыландыру 1,5 трлн теңгені құрады, бұл салаға

мемлекеттік қолдаудың артып келе жатқанын көрсетеді. Алайда, медициналық қызметтердің қолжетімділігін кеңейту, алғашқы медициналық-санитариялық көмекті күшейту және цифрлық технологияларды енгізу денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттырудың негізгі бағыттары болып табылады.

3. Әлеуметтік саясаттың экономикалық дамуға ықпалы – мемлекеттік әлеуметтік бағдарламалар еңбек өнімділігін арттыруға, ішкі сұранысты ынталандыруға және экономикалық өсімді қамтамасыз етуге ықпал етеді. Әлеуметтік шығындарды оңтайлы басқару экономикалық тұрақтылықты сақтауға мүмкіндік береді.

4. Қазақстандағы әлеуметтік саясаттың өзекті мәселелері:

- Масылдықты төмендету және азаматтарды еңбекке ынталандыру механизмдерін күшейту
- Кедейлік деңгейін азайту және халықтың табысын арттыруға бағытталған саясатты дамыту
- Жұмыспен қамту шараларын жетілдіру және көлеңкелі экономиканы азайту
- Әлеуметтік төлемдерді цифрландыру арқылы ашықтықты қамтамасыз ету және мемлекеттік ресурстарды тиімді пайдалану.

Қорытындылай келе, әлеуметтік саясатты тиімді жүзеге асыру Қазақстанның тұрақты дамуын қамтамасыз етудің маңызды факторы болып табылады. Жүйенің қаржылық тұрақтылығын нығайту, әлеуметтік төлемдерді оңтайландыру және халықтың өмір сүру деңгейін арттыру бойынша кешенді реформаларды жүргізу қажеттілігі туындап отыр. Бұл шаралар Қазақстан экономикасының тұрақтылығын нығайтып, халықтың әлеуметтік әл-ауқатын жақсартуға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің ресми ақпараттық ресурсы. «Стратегиялық жоспар 2025».

3. Қазақстан Республикасы Білім министрлігі 2023. Білім беру саласының қаржыландырылуы туралы есеп. ҚР Үкіметінің ресми сайты.

4. Қазақстан Республикасы Білім министрлігі. 2024 жылғы білім беру бюджеті туралы мәліметтер. ҚР Үкіметінің ресми сайты.

5. Нұрбек, С. 2023-2025 жылдарға арналған ғылым саласының бюджеті туралы мәлімдеме. Sputnik Қазақстан.

6. OECD. PISA 2022 Results: Student Performance in Mathematics, Reading and Science.

7. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы. Еңбек нарығындағы жағдай 2023-2024 жылғы II тоқсан.

8.Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы. Денсаулық сақтау саласындағы негізгі көрсеткіштер 2023.

АЙМАҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК – ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНДА БЮДЖЕТТІҢ АЛАТЫН РӨЛІ

Мыркалыков А.Ж.
М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті
(Тараз, Қазақстан)
e-mail: aizan.2008@ mail.ru

Аннотация. Бұл мақалада бюджет мемлекеттің орталықтандырылған ақша қорын жасау және оны ұдайы өндіріс пен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсаттарына пайдалану жолымен қоғамдық өнімнің құнын бөлу және қайта бөлу процесінде мемлекет пен қоғамдық өндірістің басқа қатысушылары арасында пайда болатын экономикалық қатынастар болып табылады. Аймақтық даму - бұл өзара байланысты тұрақтылық, пропорционалдылық және әлеуметтік бағдар секілді үш сипаттама мен қасиеттерге негізделген даму болып табылады. Негізі жекелеген аймақты тиімді түрде дамыту дегеніміз нарықтық экономикада құндылық жасау арқылы жекелеген факторлар мен әлеуеттерді қолдану бағыттары қарастырылады.

***Кілт сөздер*:** Аймақ, аймақтық экономика, аймақтық даму, бюджет, бюджеттік жүйе, жергілікті бюджет, облыстық бюджет, орталықтандырылған қор.

Аннотация. В данной статье бюджет представляет собой экономические отношения, возникающие между государством и другими участниками общественного производства в процессе распределения и перераспределения стоимости общественного продукта путем создания централизованного денежного фонда государства и его использования в целях удовлетворения потребностей воспроизводства и общества. Региональное развитие-это развитие, основанное на трех характеристиках и качествах, связанных между собой, таких как стабильность, соразмерность и социальная ориентация. В основном, под эффективным развитием отдельного региона рассматриваются направления использования отдельных факторов и потенциалов путем создания ценности в рыночной экономике.

***Ключевые слова*:** Регион, региональная экономика, региональное развитие, бюджет, бюджетная система, местный бюджет, областной бюджет, централизованный фонд.

Annotation. In this article, the budget represents the economic relations that arise between the state and other participants in social production in the process of distributing and redistributing the value of a public product by creating a centralized monetary fund of the state and using it to meet the needs of reproduction and society. Regional development is development based on three interrelated characteristics and qualities, such as stability, proportionality, and social orientation. Basically, under the effective development of a particular region, the directions of using individual factors and potentials by creating value in a market economy are considered.

***Keywords*:** Region, regional economy, regional development, budget, budget system, local budget, regional budget, centralized fund.

Бюджет - ол жалпы қаржы категорияға қарағанда бөлек, ерекше тұрған экономикалық категория. Оның қаржыдан ерекшелігі тек қана абстракцияның басқа деңгейі мен қаржылық байланыстың әр түрлі дәрежеде болуына байланысты. Сондықтан, көптеген қаржылық байланыстардың ішінде бір-бірінен ерекше тұратын бөлек арнайы салаларды бөліп шығаруға болады, Сондай бір ерекше байланыс қоғамдық құндылық өнім бөлу аумағында мемлекет пен заңды және жеке тұлғалар арасындағы қаржылық қарым-қатынас болып табылады. Бұндай қаржылық қарым-қатынастың жалпы белгісі, біріншіден, олар мемлекеттің қатысуымен болатын құндылық бөлу процесінде орын алуы, екіншіден, жалпы мемлекеттік функцияларды атқаруға арналған орталықтандырылған акша қаражаттар қорын калыптастыру мен пайдалануына байланысты. Осындай барлық қаржылық қарым-қатынас мемлекеттік бюджет деген түсініктің экономикалық мазмұнын құрады [1,429 б.].

Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексінің 4-бабында бюджетке келесідей түсінік берілген: «Бюджет - ол мемлекеттің міндеттері мен функцияларын іске асыруын қаржылық қамтамасыз етуге арналған оның орталықтандырылған ақша қоры». Бюджеттің формасы - қаржылық жоспар, материалдық негізі - орталықтандырылған қор, экономикалық негізі - жалпы экономикалық қарым-қатынас, заңнамалық белсендіруі - заң[1].

Бюджет әр мемлекетке өзінің экономикалық, әлеуметтік және саясаттық функцияларын орындауға объективтік ақшалай түрде қажетті. Бюджет қай мемлекеттің болмаса да мазмұндары бірыңғай категориялардан қалыптасады, яғни салық, займдар, шығын және тағы басқалары, сонымен қатар олар бір қоғамдық-экономикалық формациядан басқа формацияға ауысса да өздерінің мазмұнын өзгерпейді. Дәл осы ұғым бюджетті экономикалық категория деп дәлелдейді. Сондықтан, бюджеттің экономикалық түбі басқа да экономикалық категорияларға сай ақша түріндегі және соған сәйкес материалды негізі бар өндірістік қарым-қатынаста жатыр.

Бюджет қаржы жүйесінің орталық тізбегі болғандықтан, ол сол қаржының барлық негізгі, сапалы сипаттамаларына сай. Басқаша айтқанда, егерде «қаржы» жалпы ақша қарым-қатынас жүйесі болса, яғни мемлекеттік

орталықтандырылған ақша қорын қалыптастыру және пайдалану процесі, онда «бюджет» өз алдына ақша қарым-қатынас жүйесін құрады, яғни бюджеттік қорды қалыптастыру және пайдалану процесі.

«Бюджет» деген көптеген ұғымға сүйене отырып, ол келесідей түсініктемелерден қалыптасады деп айтуға болады:

- ол өз алдында жеке бір экономикалық категория;
- ол мемлекеттің ақша қаражаттарының орталықтандырылған қоры;
- ол экономиканы реттеуге арналған құрал (бюджеттік механизм арқылы);
- ол мемлекеттің негізгі қаржы жоспары;
- ол барлық бюджеттік қарым-қатынасқа қатысушылар міндетті түрде орындайтын заң.

Бюджет экономикалық қарым-қатынасқа негізделгендіктен объективтік түрде сипатталады. Өз алды бюджеттік сала болуы адамзаттың субъективтік пікіріне байланысты емес, ең алдымен ол қоғамдық өндірістің дамуына керекті орталықтандырылған ресурстарға, мемлекеттің табиғаты мен функцияларынан туатын объективтік қажеттілікке байланысты. Ақша қаражаттары ресурстарын орталықтандырудың экономикалық және саясаттық мәні өте зор, себебі олар мемлекеттің жоспарлаған шараларын іске асырудың негізгі құралы, біріккен экономикалық және қаржылық саясатты жүргізуге қажет болып табылады.

Сондықтан, Бюджет кодексінде мемлекеттік бюджетке мынадай түсінік берілген - ол «республикалық және жергілікті бюджеттердің арасындағы қарама-қарсы өтеу операцияларын есептемегенде сараптамалық ақпарат ретінде пайдаланатын және бекітуге жатпайтын қосындысын құрайтын жалпы бюджет». Сонымен қатар, «мемлекетгік бюджет» термині - мемлекет құрастыратын және басқаратын орталықтандырылған бюджеттік қор мағынасында да пайдаланады.

Бюджеттік жүйе - мемлекеттің барлық қаржы жүйесінің маңызды құрамдық бөлігі болып табылады. Бюджеттік жүйе экономикалық категория ретінде мемлекеттің орталандырылған ақша қорын - бюджетті - қалыптасу мен пайдалану бойынша заңды, жеке тұлғалар мен аймақтар арасындағы барлығы қаржылық қатынастар, бюджеттік қалыптасу мен атқарудың әдіс-тәсілдері және сол қатынастарды басқару органдарымен танысты. Басқаша айтқанда, барлық деңгейдегі бюджеттер мен Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры және экономикалық қатынастар мен құқықтық нормаларға негізделген бюджеттік процесс пен бюджеттік қатынастар қосындысын бюджеттік жүйе деп түсіндіріледі.

Қазақстан Республикасында жиынтығында мемлекеттік бюджетті құрайтын бекітілетін, атқарылатын және дербес болып табылатын мынадай бюджеттер жұмыс істейді (1-сызбаны қараңыз):республикалық бюджет; облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті; ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеті.



Сызба 1. Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі

Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі бюджет құрлымының унитарлық типімен анықталады, өйткені Қазақстан - федералдық емес, басқарудың Президенттік нысаны және сайланатын Парламенті бар унитарлық мемлекет.

Жергілікті бюджеттер жүйесі мемлекеттік құрылымдық пен тиісті әкімшілік-аумақтық бөлімге негізделеді. Жергілікті бюджеттер республиканың бюджеттік жүйесінің екінші деңгейі және облыс, республика маңындағы қала, астана, аудан, облыс маңындағы қала бюджеттерін құрайды. Бұлардың барлығы тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік бойынша биліктің жергілікті органдары өз функцияларын орындауды қаржылық қамтамасыз етуге арналған ақша қаражаттарының орталықтандырылған қоры болып табылады. Жергілікті бюджеттер жергілікті мемлекеттік органдардың функцияларын қаржымен қамту және аймақтар мен аудандарда мемлекеттік саясатты іске асыруға арналған орталықтандырылған ақша қоры.

Жергілікті бюджет - бұл ұлттық табысты аумақтық тұрғыда қайта бөлуге мүмкіндік жасайтын және билік пен басқарудың жергілікті органдарының қаржы базасын жасауды қамтамасыз ететін экономикалық қатынастардың жиынтығы.

Жергілікті бюджеттерді қалыптастыру мен пайдалану өндіріс пен айырбасқа қатысушылар арасындағы, атап айтқанда: кәсіпорындар мен мемлекет арасындағы, меншіктің барлық нысандарындағы макроэкономиканың өндірістік және өндірістік емес салаларының кәсіпорындары, ұйымдары мен мекемелері арасындағы, бюджет жүйесінің

буындары арасындағы, мемлекет пен халық арасындағы қоғамдық өнім құнының қозғалысын білдіреді.

Жергілікті бюджеттердің экономикалық мәні олардың мынадай арналымында көрінеді:

- билік пен басқарудың жергілікті органдарының ақша қорларын қалыптастыру;
- бұл қорларды жергілікті деңгейдегі инфрақұрылым салалары мен халықтың арасында қайта бөлу.

Жергілікті бюджеттер билік пен басқарудың жергілікті органдарының сан қырлы қызметінің негізгі қаржы базасы бола отырып, олардың экономикалық дербестігін нығайтады, шаруашылық қызметін жандандырады, ведомствоға қарасты аумақтарда оларға инфрақұрылымды дамытуға, аумақтың экономикалық әлуетін кеңейтуге, қаржы ресурстарының резервтерін ашып пайдалануға мүмкіндік жасайды.

Сөйтіп, жергілікті бюджеттер жергілікті деңгейдегі экономикалық және әлеуметтік міндеттерді жүзеге асыруда елеулі рөл атқарады. Бұл тұтынудың қоғамдық қорларын бөлген кезде көрінеді. Жергілікті бюджет арқылы мемлекеттік бюджет қаражаттарының басым бөлігі әлеуметтік инфрақұрылымға жұмсалады.

Дүниежүзілік және отандық тарих жергілікті шаруашылықты дамытудағы, әкімшілік-аумақтық бөліністерді абаттандыру мен олардың санитарлық жағдайын жақсартудағы, сондай-ақ әлеуметтік сфера мекемелерін ұстаудағы жергілікті (муниципалды) қаржының маңызын дәлелдеп отыр.

Қазақстан Республикасының жергілікті бюджетінің құрамы облыстық бюджеттерді, қалалардың (аудандық маңызы бар қалаларды қоспағанда) және аудандардың (қалалардағы аудандарды қоспағанда) бюджеттерін қамтиды. Кәзіргі кезде Қазақстандағы жергілікті бюджеттер кірістері мен шығыстары бойынша мемлекеттік бюджеттің қаражаттары көлемінің 50% аралығын құрайды. Олар мемлекеттік бюджеттің құрамды бөлігі болып есептелмейді, республикалық бюджетпен бірге қоғамның мемлекеттік бюджетінің жиынтығын құрайды.

Қаржы қатынастарын ұйымдастырудың бюджет түрінде екі тенденция қатар өмір сүреді: [2,99 б.].

1) дағдарыстан шығу жене тұрақтандыру мақсатымен экономиканы басқаруда орталықтандырылған негіздерді дамытудың анағұрлым ортақ процесінің қамтып көрсетілуі ретінде қаржы ресурстары қозғалысын басқарудың нысандары мен әдістерінің жүйесін орталықтандыру;

2) қаржы қорларын қалыптастыру мен пайдалануда билікпен басқарудың жергілікті органдарының функцияларын күшейте отырып қаржыны орталықсыздандыру.

Екінші тенденция жергілікті органдардың жергілікті жағдайларға жуықтығымен дәлелденеді.

Қаржы қатынастарының әкімшілігін жүргізудің қағидаты қаржының бақылау функциясын жүзеге асыру мүмкіндігі болып табылады: неғұрлым аз дәрежеде белгілі бір қаржы қатынасы немқұрайды бақылауға берілсе, соғұрлым оны орталықсыздандырылған реттеуге жатқызған дұрыс.

Сондықтан басқарудағы централизмнің қажеттігін орынды, өндірістің нақтылы жай-күйімен шарттасылған шектерде қажет етеді. Аймақтардың экономикалық дербестігі абсолюттік бола алмайды. Ол әрдайым салыстырмалы және аймақ неғұрлым кіші болса, бұл дербестіктің көріну шегі де аз болады, яғни шешімдер қабылдауда орталыққа тәуелсіз еркін болады. Оның үстіне аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуының кәзіргі деңгейі, бюджеттік өзара қатынастардың қалыптасқан сипаты, нарықтық экономикаға көшу кезеңінің күрделілігі республика жергілікті бюджеттерінің көпшілігінің нақтылы дербестігі туралы айтуға мүмкіндік бермейді. Сондықтан әлеуметтік инфрақұрылымды халықты әлеуметтік игіліктердің кепілдікті минимумымен қамтамасыз ететін мөлшерлерде қаржыландыру үшін қаражаттардың жеткіліктілігі қағидаты жүзеге асырылуы тиіс. Әрбір әкімшілік-шаруашылық бірлігі дербестігінің бір оңтайлы деңгейі болуы тиіс, бұл деңгейдің критерийі осы аймақтық экономикалық мүдделерінің ең жоғары мүмкіндікте іске асыруда болып келеді.

Аймақтардың экономикалық дербестігінің маңызды шарттарының бірі оларда аймақтық ресурстарды жаңғырту табиғатты қорғау жөніндегі шараларды қаржыландыруға қажет қаражаттардың кепілдікті көздерін жасау болып табылады.

Аймақтың экономикасын басқарудағы орталықтандырылған және жергілікті негіздердің оңтайлы үйлесуін анықтаудың ортақ қағидаты былайша тұжырымдалады: экономикалық дамудың стратегиясын анықтаудағы централизм, оны іске асырудағы дербестік.

Оперативтік-шаруашылық дербестігі жергілікті буында шығыстардың 50% кем емесін жабатын кірістердің оқшауланылған, бектіліп берілген жүйесін жасауды, бюджетке ұзақ мерзімге кірістердің қатаң бекітіліп берілуін қажет етеді.

Дамыған нарықтық экономикасы бар елдерде ұлттық табысты бюджет арқылы қайта бөлу "фискалдық федерализм" теориясы негізінде жүзеге асырылады.

Теорияның мәні мынада. Бүкіл мемлекеттік шаруашылық жалпы (экономиканың мемлекеттік секторына кіретін барлық кәсіпорындар, мекемелер және әкімшілік құрылымдар) көпдеңгейлі жүйе болып келеді, онда басқарудың функцияларын деңгейлер арасында бөлу және олардың сатылас бойынша занды бағынышы болады. Осыған байланысты назар аударылатын мәселелер мыналар:

1) мемлекеттік секторды басқару деңгейлерінің оңтайлы саны;

2) басқару деңгейлерінің арасында өкілеттіктерді оңтайлы бөлу;

3) әлеуметтік шығыстарды неғұрлым тиімді қаржыландыру деңгейі;

4) биліктің жергілікті органдарын басқаруға және қаржыландыруға орталық үкіметтің араласу дәрежесі;

5) билік пен басқарудың жергілікті органдарының шығыстарын қаржыландырудағы меншікті қаражаттардың үлесі;

6) мемлекеттік экономиканың барлық деңгейлерінде қаражаттарды жұмсауға бақылау жасаудың нысаны.

Басқа елдердегі аумақтық басқаруды дамытудың тәжірибесі басқаруды орталықсыздандырудың, ведомстволық бағыныштағы аумақтарды дамытудың әлеуметтік және экономикалық проблемаларын шешуде биліктің жергілікті органдарына кең құқықтар берудің қажеттігін қолдайды. Унитарлық мемлекеттің жағдайына Қазақстанға сәйкес фискалдық федерализм ұғымның мәні сақталған кезде "фискалдық регионализмге" ауыстырылуы мүмкін.

Елдің мемлекеттік құрылысында аумақтық құрылымдардың болуы оларда тіршілік ету қызметін қамтамасыз ету үшін оларға белгілі бір өкілеттіктер мен қаржы ресурстарының көлемін беру қажеттілігін негіздейді. Осыған байланысты қаржылық жүйенің құрылымында жергілікті бюджеттер ерекше буын ретінде бөлінеді.

Жергілікті бюджет тиісті мәслихаттың шешімімен бекітілетін, түсімдердің және жергілікті атқарушы орган өзіне жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін айқындайтын жергілікті бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыруға арналған бюджеттің тапшылығын (профицитті пайдалану) қаржыландырудың есебінен қалыптастырылатын әкімшілік аумақтық бірліктің ақшалай қорын білдіреді.

Жергілікті бюджеттердің рөлі, олардың құрамы мен құрылымы жергілікті мемлекеттік органдарға жүктелген функциялар мен міндеттердің мазмұнымен және сипатымен, сондай-ақ мемлекеттің әкімшілік-аумақтық құрылысымен және саяси-экономикалық бағыттылығымен толықтай айқындалады.

Жергілікті бюджеттердің жай-күйі әр түрлі факторларға тәуелді болады. Оларға мыналар жатады: [3,78 б.].

- елдің жалпы экономикалық жағдайы;
- тиісті аумақтың экономикалық әлеуеті;
- жергілікті билік және басқару органдарының құқықтары мен міндеттерін реттейтін мемлекеттік заңнаманың деңгейі;
- жергілікті билік және басқару органдарының өздеріне берілген құқықтарды іске асырудағы құзыреттілік дәрежесі.

Жергілікті бюджеттер тұрақтылығының басты шарты нақты қаржы кезеңі мен нақты аумақтың шеңберінде жергілікті мемлекеттік органдардың келіп түсетін кірістер мен жүзеге асырылатын қажетті шығыстардың арасындағы тиісті тепе-теңдікті қамтамасыз ете білу шеберлігі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1.Құлпыбаев С. Қаржы. Оқулық. –Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011 - 784 бет

2.Нұрымов А.А., Бұлақбай Ж.М. Қаржы. - Астана: Мастер По ЖШС - 2014 ж. -309 б.

3.Молдабекова А.Ш., Нурманалиева Г.А., Омар А., Қаржы қатынастары: Оқу құралы. Тараз: Dulaty university, 2022-274 б.

ПОЗАКАЗНЫЙ МЕТОД УЧЕТА ЗАТРАТ И КАЛЬКУЛИРОВАНИЯ СЕБЕСТОИМОСТИ

Сатенов Б.И., Сарыкулова Н.К., Кесікбаева Ұ.Б.
Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова
(Шымкент, Казахстан)
bakhytzhan.satenov@auezov.edu.kz

**** 1 000,00 × 6,08 (в учете данная операция в иностранной валюте по перечислению поставщику отражается по курсу Национального Банка РК на дату перечисления (12.05.2024 г.) 6,08 тг./руб.).

Налоговый учет. Курсовые разницы учитываются при расчете налога на прибыль. Положительные курсовые разницы включаются в состав доходов, а отрицательные — в состав расходов.

Таким образом, резюмируя выше изложенное, можно отметить: Учет валютных операций — это сложный и ответственный процесс, требующий внимательности и профессионализма. Правильный учет позволяет избежать ошибок и штрафов, а также оптимизировать налогообложение.

Список итературы:

1. Бариленко В.И. Учет, анализ и аудит внешнеэкономической деятельности: Учеб, пособие / Под ред. В.И. Бариленко. М.: ИНФРА-М, 2019. 458 с.

2. Закон Республики Казахстан от 2 июля 2018 года № 167-VI ЗРК. О валютном регулировании и валютном контроле. https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1800000167 (Запрос от 06.03.2025 г)

3. Об утверждении Правил осуществления валютных операций в Республике Казахстан, Постановление Правления Национального Банка

Республики Казахстан от 30 марта 2019 года № 40. Зарегистрировано в Министерстве юстиции Республики Казахстан 15 апреля 2019 года № 18512., https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1900018512 (Запрос от 06.03.2025 г)

4. Международные стандарты финансовой отчетности. https://uchet.kz/standarts/ (Запрос от 05.03.2025 г)
5. МСФО (IAS) 21 «Влияние изменений валютных курсов»,
6. Источник cdb.kz: https://cdb.kz/sistema/biblioteka-bukhgaltera/standart/mezhdunarodnyy-standart-finansovoy-otchetnosti-ias-21 (Запрос от 06.03.2025 г)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІҢ ЭКОНОМИКАДАҒЫ ОРНЫ

Конакбаева У.Ж., Әбдіжаліл А.Қ.
Ж.А. Ташенев атындағы университет
(Шымкент, Қазақстан)
e-mail: ukonakbaeva@mail.ru

Аннотация. Бұл мақалада Қазақстан Республикасында шағын және орта бизнестің (ШОБ) экономикадағы маңызы талқыланады. ШОБ ұлттық экономиканың негізгі қозғаушы күші болып, жаңа жұмыс орындарын ашуға, инновацияларды дамытуға және бәсекелестік орта қалыптастыруға ықпал етеді. Мемлекет кәсіпкерлікті қолдау мақсатында түрлі бағдарламалар ұсынып, қаржылық және салықтық жеңілдіктер енгізуде. Алайда, ШОБ қаржыландырудың шектеулілігі, технологиялық дамуға бейімделу және нарықтағы бәсекелестік сияқты мәселелерге тап болуда. Шағын және орта бизнестің тұрақты дамуы елдің экономикалық тұрақтылығы мен халықтың әл-ауқатын арттыруға септігін тигізеді.

Кілт сөздер: Шағын және орта бизнес, экономика, даму, тұтыну, тауар.

Abstract. This article examines the role of small and medium-sized businesses (SMEs) in the economy of the Republic of Kazakhstan. SMEs are key drivers of national economic growth, contributing to job creation, innovation, and competitive market development. The government supports entrepreneurship through various programs, financial incentives, and tax benefits. However, SMEs face challenges such as limited funding, adaptation to technological advancements, and market competition. The sustainable development of small and medium-sized businesses enhances economic stability and improves the well-being of the population.

Keywords:Small and medium-sized businesses, economy, development, consumption, product.

Аннотация. В данной статье рассматривается роль малого и среднего бизнеса (МСБ) в экономике Республики Казахстан. МСБ являются основным двигателем экономического роста, способствуя созданию рабочих мест,

развитию инноваций и формированию конкурентной среды. Государство оказывает поддержку предпринимателям через различные программы, налоговые льготы и финансовые стимулы. Однако малый и средний бизнес сталкивается с проблемами, такими как ограниченное финансирование, необходимость адаптации к технологическим изменениям и высокая конкуренция. Устойчивое развитие МСБ способствует укреплению экономической стабильности и повышению благосостояния населения.

Ключевые слова: Малый и средний бизнес, экономика, развитие, потребление, товары.

КІРІСПЕ

Шағын және орта бизнес – бүгінгі өркениетті дүниежүзілік экономикалық даму жүйесіндегі болашағы күмән келтірмейтін салалардың бірі болып саналады. Нақты сектор және сауда кәсіпорындары мен компаниялары Қазақстан экономикасының дамуына, өсуіне, ұлттық табыс, жалпы ішкі өнім, жалпы ұлттық өнім, жұмыспен қамтылу дәрежесі және тағы да басқа көрсеткіштердің артуына тікелей әсер етеді. Кейінгі жылдары елімізде шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға көбірек көңіл бөліне бастады. Шағын бизнестің дамуының бірден-бір көзі банктік несие болып табылады. Экономиканың нақты секторын және де сауда фирмаларын коммерциялық банктердің несиелеуі – ұлттық экономиканың өсуіне олардың қосқан үлесі, басқа жағынан қарағанда банктердің атқаратын өзінің қызметтері қаржылық сектордың, яғни экономиканың ажырамас бөлігі. Олардың дамуы мемлекеттің, экономика агенттерінің шаруашылық өмірі үшін пайдалы, әрі тиімді [1].

Кәсіпкерлікті қолдап, шағын және орта бизнес субъектілерін дамыту әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына енуге бет алған Қазақстан үшін өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Өркениетті елдердің барлығы да өздерінің әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуде шағын кәсіпкерлік және шағын бизнес нысандарына арқа сүйейді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Ж. Тоқаевтың экономикада жүргізіп отырған саясатының арқасында соңғы жылдары Қазақстан Республикасы бірқатар әлеуметтік-экономикалық табыстарға қол жеткізді. Минералды – шикізаттық ресурстар экспорты ұлттық экономика үшін болып жатқан дағдарыстарға төтеп беруге және экономикалық өсудің жоғарғы қарқынын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Сондықтан, Президент Қ.Ж. Тоқаевтың «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Жолдауында Қазақстан экономикасы дамуының басым бағыттарының бірі ретінде кәсіпкерлікке кең ауқымды мемлекеттік қолдауды іске асыру, әсіресе шағын және орта кәсіпкерліктің тұғырын кеңейту мен нығайту қажеттігін атап өтті.

ТЕОРИЯЛЫҚ БӨЛІМ

Шағын және орта кәсіпкерліктің экономикадағы ролінің маңыздылығына және мемлекет тарапынан кәсіпкерлікке жан-жақты қолдаудың көрсетілуіне байланысты, бизнес субъектілерін несиелендірудің артуына және қаржыландырудың жаңа түрлерінің пайда болуына байланысты бұл саладағы жан-жақты зерттеулер жүргізу өзекті болып келеді.

Шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау экономикалық саясаттың маңызды аясы, себебі кәсіпкерлік жаңа жұмыс орындарын қалыптастырады, сөйтіп жұмыссыздықпен күреседі, бюджетке түсетін төлемдерді тұрақтандырады; тұтыну тауарларын өндіретін отандық кәсіпорындардың құрылуына байланысты импорт ығыстыру процесі пайда болады, мемлекеттің экономикалық проблемалары біртіндеп шешіледі және жалпы әлеуметтік-экономикалық ахуал жақсарады.

Экономикалық өсу ретінде өндірістік қуаттардың дамуымен, халық шаруашылығы қызметінің және ресурстарды пайдалану нәтижелерінің өзгеруімен байланысты ұлттық өндірістің шынайы көлемінің өзгеруі түсіндіріледі. Экономикалық өсудің түпкі мақсаты – тұтыну және ауқаттылықтың артуы. Экономикалық өсу – бұл қоғамдық өнімнің және өндіріс факторларының сандық артуы және сапалық жетілдірілуі. Ол мемлекеттің экономикалық даму деңгейін, қажеттіліктердің қанағаттандырылу дәрежесін, халықтың тұрмыс деңгейін, әлемнің басқа мемлекеттері арасындағы орынды, бәсекелестік қабілетті және мемлекеттің даму болашағын анықтайды. Ал мұндай өсу себептерінің бірі – шағын және орта бизнестің өндірістік салаға бағытталып дамуы.

Шағын және орта бизнестің дамуы ірі өндіріс орындарымен салыстырғанда бірнеше артықшылықтарға ие: экономиканың құрылымдық жаңаруын белсендетеді, нарықтық таңдаудың еркіндігін береді, жаңа жұмыс орындарын қалыптастырады, шығындардың жылдам қайтарымдылығын қамтамасыз етеді және тұтынушылық сұраныстың өзгеруіне дереу бейімделеді. Шағын және орта бизнес нарықты тауарлармен және қызмет көрсетулермен қанықтыруға, салалық және аймақтық монополиялармен күресуге және бәсекелестік ортаны кеңейтуге көмектеседі [2].

Халықты жұмыспен қамтуда кәсіпкерлік едәуір әлеуетке ие, себебі өзінің технологиялық немесе басқа ерекшеліктеріне байланысты ірі өндірісте қамтылмайтын жұмыс күшін тартады. Бұл зейнеткерлер, оқушылар, мүгедектер және қосыша табыс алуға ұмтылған азаматтар. Шағын және орта бизнестің дамуын ынталандыру арқылы халқынты жұмыспен қамтуға болады және жалдамалы қызметкерлердің әлеуметтік жағдайын жоғарлатуға болады.

Шет елдердің тәжірибесі бойынша, шағын және орта бизнес экономиканың негізгі тетігіне айналды, сонымен бірге еңбектің жоғары сапасын, кәсіпорындардың бейімделу жеделдігін, әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етеді.

Нарықтық экономикаға икемділік беретіндіктен, халықтың қаржылық және өндірістік ресурстарын тартуға ықпал тигізетіндіктен, монополияға қарсы әлуетке ие болғандықтан, ғылыми-техникалық прогрестің болуына алғышарттар құрайтындықтан және нарықтық шаруашылықтың әлеуметтік проблемаларын шеше алатындықтан кәсіпкерліктің әлеуметтік-экономикалық мәні өседі.

Шағын және орта бизнес табиғаты бойынша монополияға қарсы болып келеді. Сондықтан да нарықтың қажеттіліктеріне жедел жауап беріп, соған сәйкес бизнесін қайта құрып, экономиканың бәсекелестік секторын қалыптастырады. Яғни, шағын және орта бизнес өнеркәсіптік кәсіпорындар жүгінетін қызмет етудің маңызды принципіне сай келеді: кәсіпорын шығарылатын өнімдерді сатуға тырысу емес, керісінше сұранысты қанағаттандыратын және сатуға болатын өнімдер шығару [3].

Өзінің әлеуметтік табиғатына байланысты шағын және орта бизнес қоғамдағы жұмыспен қамтылмаған адамдарды тартып, жұмыспен, жалақымен қамтамасыз етіп, нарықтық қатынастарды танып білуге мүмкіндік береді және қатаң бәсеке күресінде алға шығу қабілетін қалыптастырады.

Адамдардың мәдени, материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған кафе және мейрамханалар желісі, тұрмыстық қызмет көрсету, медициналық қызмет көрсету кәсіпорындары, құрылыс кооперативтері, білім беру орталықтары, демалыс өткізудің алуан түрлі мүмкіндіктері шағын және орта бизнестің жетістіктері болып келеді.

Экономиканың қандай бағытта дамитындығын шағын және орта бизнес анықтай алады, себебі елімізде кәсіпорындар көбейсе және отандық кәсіпорындарымыз бәсеке қабілетті өнімдер өндіре бастаса, мемлекет пен халықтың тұрмысы жақсарып, ауқаттылығы өседі. Мысалы, елімізде сатылып жатқан тауарлардың басым бөлігі шет елдерден әкелінеді, ал бұл біздің экономикамызға пайдасын аса тигізбей отыр, себебі шет елдік кәсіпорындар бізде өз тауарларын сату арқылы өз халқына жұмыс орындарын қамтамасыз етеді және өз елінің бюджетіне табыстарды әкеледі. Біздің ақшамызға олар өздерінің ғылым, білім беру, мәдениет, қорғаныс салаларын қаржыландырады .Ал біздің шет елдерден кем емес, әрі де сапалы өнімдер өндіре алатын тоқымашылар, тігіншілер, былғарышылар жұмыссыз қалып отыр. Сондықтан, отандық кәсіпкерлерге несиелер ұсынып, мемлекет тарапынан салықтық жеңілдіктер жасап, отандық өндірушілерді жан-жақты қолдау шаралары орынды болып келеді.

Шағын және орта бизнестің дамуы қайта өндірілетін және шектелген ресурстардың (барлық материалдық және материалдық емес жағдайлар мен өндіріс факторлары) тиімді пайдалануын көздейді. Кәсіпкер ресурстардың иесі ретінде олардың рационалды қолданылуына қызығушылық білдіреді. Дегенмен, кейбір кәсіпкерлердің жоғарғы пайда мен табыс түсіруге

ұмтылуы, табиғи және қоғамдық ресурстарының азаюына немесе мүлдем жоғалуына әкелуі мүмкін.

ҚОРЫТЫНДЫ

Шағын және орта бизнес бұл функцияларды жүзеге асырғанда экономика дамиды және экономикада шынайы нарықтық қатынастар қалыптасады.

Қорыта айтқанда кәсіпкерлік венчурлық бизнесте, зерттеу ұйымдарында, ғылым, жаңа техника мен технологиялардың дамуында сәйкесінше орын алуы мүмкін озық технологияларды және идеяларды әзірлеу мен ұсыну нәтижесінде еңбек өнімділігін жоғарлатуға, сапалы өнім өндіруге және жаңа өндірістерді қалыптастыруға болады. Кең мағынада нағыз кәсіпкерліктің кез келген түрі инновациялық кәсіпкерлік болып келеді. Сонымен қатар инновациялық бизнес бизнестің ерекше түрі ретінде шығып, оның қызметінің нәтижесі ерекше тауар – жаңашылдық болып келеді. Кәсіпорынның инновациялық қызметі – бұл бәсекелестік қабілетті экономиканы құру және экономикалық өсуді қамтамасыз ету үшін түрлі өндіріс салаларында жаңа идеялар мен ғылыми білімді, техника мен технологияларды, жаңа өнім түрлерін енгізу. Инновациялық қызметтің міндеттері: ғылым мен техниканың өрістеуі негізінде әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз ету, инновациялық инфрақұрылымды дамыту, экономиканың жоғарытехнологиялық секторын құру, қайта өңдеу өндірісін және экспортқа бағытталған өндірісті ұйымдастыру [4].

Әдебиеттер тізімі:

1. Елшібаев Р.К. «Кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру» Алматы 2019ж.
2. Әділова Ж.Ж «Индустриалды инновациялық дамудың стратегиялық механизмі» ҚҰУ Хабаршысы 2018ж. №4
3. Төлегенова А.Д. Шағын және орта бизнестің экономикадағы маңыздылығы. Саясат-Policy №8 2014 ж.
4. Предпринимательство в республике Казахстан /Окаев К.О., Смагулова Н.Т., Яновская О.А., - Алматы: Экономика, 2016

ОРГАНИЗАЦИЯ СИСТЕМЫ УПРАВЛЕНЧЕСКОГО УЧЕТА НА ПРЕДПРИЯТИИ: ПРАКТИЧЕСКИЙ АСПЕКТ

Сатенов Б.И., Сарыкулова Н.К., Байтанова А.Ә.

Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова

(Шымкент, Казахстан)

e-mail: bakhytzhan.satenov@auezov.edu.kz

Аннотация. В статье рассматриваются практические аспекты организации системы управленческого учета на предприятии.

Управленческий учет позволяет эффективно планировать, контролировать и анализировать финансово-хозяйственную деятельность компании. Использование современных методов способствует оптимизации затрат, рациональному использованию ресурсов и принятию стратегических решений. В статье рассматриваются основные проблемы внедрения управленческого учета и предлагаются пути их решения.

***Ключевые слова*:** Управленческий учет, методы, контроль, анализ, прямые расходы, дебит, кредит

Annotation. This article examines the practical aspects of organizing a management accounting system in an enterprise. Management accounting allows for effective planning, control, and analysis of a company's financial and operational activities. The use of modern methods helps optimize costs, improve resource utilization, and support strategic decision-making. The article discusses key challenges in implementing management accounting and proposes solutions to overcome them.

***Keywords*:** Management accounting, methods, control, analysis, direct expenses, debit, credit

Аннотация. Бұл мақалада кәсіпорындағы басқарушылық есеп жүйесін ұйымдастырудың практикалық аспектілері қарастырылады. Басқарушылық есеп кәсіпорынның қаржылық және өндірістік қызметін тиімді жоспарлауға, бақылауға және талдауға мүмкіндік береді. Заманауи әдістерді қолдану шығындарды оңтайландыруға, ресурстарды тиімді пайдалануға және стратегиялық шешімдер қабылдауға ықпал етеді. Мақалада басқарушылық есепті енгізу барысында кездесетін негізгі мәселелер мен оларды шешу жолдары қарастырылады.

Кілт сөздер:басқару есебі, әдістері, бақылау, талдау, тікелей шығындар, дебет, кредит.

Управленческий учет (management accounting) охватывает все виды учетной информации, которая измеряется, обрабатывается и передается для внутреннего использования руководством [1].

Управленческий учет играет ключевую роль в обеспечении эффективного функционирования предприятия.

Управленческий учет представляет собой важную область знаний для каждого, кто планирует сделать карьеру в мире бизнеса.

Основной целью управленческого учета является обеспечение менеджеров экономической информацией для выполнения функций управления, к которым относится: планирование, координирование, контроль, анализ, принятие управленческих решений, стимулирование коммуникации.

Эта информация необходима для обоснования принятия управленческих решений на различных уровнях, для определения поведения субъекта на рынке, выявление внутренних и внешних резервов, рационального

использования ресурсов, стабильных взаимоотношений с конкурентами, поставщиками, подрядчиками и т.д.

Организация эффективной системы управленческого учета требует комплексного подхода и учета специфики деятельности предприятия.

На первом этапе необходимо четко определить цели и задачи управленческого учета. Они должны соответствовать стратегическим целям предприятия и обеспечивать руководство информацией, необходимой для принятия решений.

К основным задачам относятся:

- Затраты предприятия;
- Определение себестоимости продукции (работ, услуг).
- Результаты деятельности
- Планирование и бюджетирование.
- Контроль затрат и анализ отклонений.
- Оценка эффективности деятельности подразделений и предприятия в целом
- трансфертная цена.
- Принятие управленческих решений.

Организационная структура управленческого учета должна обеспечивать эффективное взаимодействие между подразделениями и своевременное предоставление информации руководству.

- Ответственность за ведение управленческого учета.
- Порядок сбора и обработки информации.
- Формы отчетности.
- Порядок анализа и интерпретации данных.

Рисунок 1 - Эволюция управленческого учета [2]

Выбор методов управленческого учета зависит от специфики деятельности предприятия, его размеров и целей. К основным методам относятся:

- Позаказный метод учета затрат.
- Попроцессный метод учета затрат.
- Попередельный метод учета затрат.
- Стандарт-кост.
- Директ-костинг.
- ABC-костинг. [3]

Бюджетирование является важным инструментом управленческого учета. Необходимо разработать систему бюджетов, которая охватывает все аспекты деятельности предприятия. Важно обеспечить:

- Взаимосвязь между бюджетами различных подразделений.
- Гибкость системы бюджетирования.
- Контроль исполнения бюджетов.
- Анализ отклонений.

Система контроля и анализа должна обеспечивать своевременное выявление отклонений от плановых показателей и принятие мер по их устранению.

- Определить ключевые показатели эффективности (KPI).
- Установить нормативы и лимиты.
- Проводить регулярный анализ отклонений.
- Принимать корректирующие меры.

Использование информационных технологий позволяет автоматизировать процессы управленческого учета, повысить оперативность и точность информации.

- Выбрать программное обеспечение, соответствующее потребностям предприятия.
- Обеспечить интеграцию системы управленческого учета с другими информационными системами предприятия.
- Обучить персонал работе с программным обеспечением.

Система управленческого учета должна постоянно совершенствоваться в соответствии с изменениями внешней и внутренней среды предприятия. Проводить регулярный анализ эффективности системы управленческого учета.

- Внедрять новые методы и технологии.
- Обучать персонал.

Для повышения качества управленческого учета на предприятии:

- Не внедрять все методы управленческого учета одновременно.
- Привлекать к разработке системы управленческого учета сотрудников всех подразделений.
- Обеспечить прозрачность и доступность информации.

- Использовать наглядные формы представления информации.
- Регулярно проводить обучение персонала.

Для обеспечения учета и контроля за расходами на производство продукции применяют ведомость «Затраты по цехам», в которой учитывают обороты по счетам подразделов 8100 - 8300. В конце месяца бухгалтерия должна осуществлять свод затрат на производство. [4]

Аналитический учет затрат на производство ведут в калькуляционных карточках или ведомостях по установленной номенклатуре объектов калькуляции (учета) и статей затрат по цехам, производствам.

Внутри каждого подраздела производственные затраты подразделяются на три категории:

- прямые затраты на материалы;
- прямые затраты на рабочую силу;
- накладные расходы

К прямым затратам на материалы относят те материалы, которые входят в состав конечного продукта (сталь, древесина).

Прямые затраты на рабочую силу – оплата труда производственных рабочих (включая отчисления), непосредственно участвующих в изготовлении продукции.

Накладные расходы определяются как все затраты на производство, за вычетом прямых затрат на материалы и оплату труда (амортизационные отчисления, арендная плата, страховые взносы, коммунальные услуги, простои и др).

На средних и крупных предприятиях для учета затрат на производство и калькулирования себестоимости в составе бухгалтерии создаются две бухгалтерии: финансовая и производственная (управленческая).

Финансовая бухгалтерия ведет учет по счетам подразделов 10-80 Типового плана счетов бухгалтерского учета, а также составляет Главную книгу, баланс и все формы финансовой отчетности.

Производственная (управленческая) бухгалтерия ведет счета раздела 8000. Она обобщает информацию о затратах на производство; калькулирует себестоимость продукции; разрабатывает нормы и нормативы затрат и контролирует их выполнение; составляет внутреннюю производственную отчетность; выполняет весь другой объем учетной, нормативной, плановой и аналитической работы, связанной с производством.

Для учета незавершенного производства (НЗП) в финансовой бухгалтерии предприятия ведутся счета 1341 «Основное производство», 1342 «Полуфабрикаты собственного производства», 1343 «Вспомогательное производство», 1344 «Прочие».

В группе этих счетов, являющихся транзитными, в течение одного – двух дней учитывают остатки НЗП, переданные в финансовую бухгалтерию в конце отчетного периода (Дт 1341-1344 Кт 8110,8210,8310) из производственной бухгалтерии и возвращенные из финансовой в

производственную бухгалтерию в первых числах следующего за отчетным периодом месяца (Дт 8110,8210,8310 Кт 1341-1344).

Таким образом, счета 1341-1344 являются «однодневными» и предназначены для включения остатков по этим счетам в финансовую отчетность.

Список литературы:

1. Друри К. Управленческий и производственный учет : .пер. с англ. – М.: ЮНИТИ – ДАНА, 2016. – 735 с.

2. Назарова В.Л. Управленческий учет: Учебник. – Алматы: «Фортуна полиграф», 2021. – 414 с.

3. Сатенов Б.И., Тулегенова Р.Ж., Учебное пособие по дисциплине «Управленческий учет 1,2» для студентов обучающихся по ОП 6В04130 «Учет и аудит», 2022, Шымкент ЮКУ им. М.Ауезова

4. Стратегический управленческий учет: учебное пособие / Б. Ж. Акимова [и др.]. - Алматы :CyberSmith, 2021

МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ТЕНДЕНЦИЯЛАР

Бажигалиева М. Б.

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университет

(Өскемен, Қазақстан)

Аннотация. В статье рассматриваются ключевые тенденции в государственном управлении, формируемые в условиях глобализации, цифровизации и изменяющегося политического контекста. Особое внимание уделяется инновационным подходам, устойчивому развитию и вовлечению граждан в процесс принятия решений. Приводятся примеры из практики и статистические данные для подтверждения обсуждаемых тенденций.

Ключевые слова: Цифровая трансформация, электронное правительство, открытость и транспарентность, эффективность управления

Аннотация. Мақала жаһанданудың, цифрландырудың және өзгеріп жатқан саяси контекстің ықпалымен қалыптасқан мемлекеттік басқарудағы негізгі трендтерді қарастырады. Инновациялық тәсілдерге, тұрақты дамуға және азаматтардың шешім қабылдау процесіне қатысуына ерекше көңіл бөлінеді. Талқыланатын трендтерді қолдау үшін практикадан алынған мысалдар мен статистикалық деректер келтіріледі.

Кілт сөздер: цифрлық трансформация, электрондық үкімет, ашықтық және транспаренттілік, басқару тиімділігі

Annotation. The article examines key trends in public administration shaped by globalization, digitalization, and the changing political context. Special attention is given to innovative approaches, sustainable development, and citizen engagement in the decision-making process. Examples from practice and statistical data are provided to support the discussed trends.

Keywords: Digital transformation, e-government, openness and transparency, effective governance

XXI ғасырдағы мемлекеттік басқару жаңа мүмкіндіктерге тап болуда. Дәстүрлі басқару әдістері технологиялар мен өзгермелі әлеуметтік контексттің әсерінен трансформацияларуда. Осы мақаланың негізгі мақсаты – мемлекеттік басқару тиімділігіне әсер ететін заманауи үрдістерді талдау.

Қазақстандағы мемлекеттік басқару жаһандану және цифрландыру жағдайында елеулі өзгерістерден өтуде. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы және басқа да бастамалар мемлекеттік аппаратты жаңғыртуға, оның тиімділігі мен ашықтығын арттыруға бағытталған.

Қазақстандағы мемлекеттік қызмет жаһандық сын-қатерлер мен үрдістер контекстінде айтарлықтай өзгерістерге ұшырап келеді. Басқарудың жаңа стандарттарын енгізу, цифрлық дәуірге бейімделу және кадрлық әлеуетті дамыту басты бағыттарға айналып отыр.

Қазақстандағы мемлекеттік қызметтің терең тарихи тамыры бар, оның қалыптасуы кеңестік дәуірде, орталықтандырылған басқару жүйесі аясында басталған. 1991 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан тиімді әрі кәсіби мемлекеттік аппаратты құруға бағытталған белсенді реформаларды бастады.

1995 жылы жаңа Конституция қабылданып, заманауи мемлекеттік қызмет механизмін қалыптастыруға негіз қалады. Даму кезеңдерінің негізгі кезеңдері:

- 2000-шы жылдар: Мемлекеттік қызметтің алғашқы тұжырымдамасын енгізу.
- 2010-шы жылдар: Мемлекеттік аппаратты жаңғырту стратегияларын әзірлеу және іске асыру, жаңа стандарттар мен бағалау жүйелерін енгізу.

Заманауи әлемдік үрдістер, мысалы:

- Цифрландыру: Мемлекеттік басқару үдерістеріне электронды үкімет пен цифрлық технологияларды енгізу.
- Ашықтық пен ашықтықты қамтамасыз ету: Ашық деректер мен кері байланыс механизмдері арқылы мемлекеттік органдар жұмысының ашықтығын арттыру.
- Тұрақты даму: Экология мен әлеуметтік әділеттілік сын-қатерлеріне бейімделу.

Бұл үрдістер Қазақстандағы мемлекеттік қызметті реформалауға елеулі әсер етіп, ұсынылатын қызметтердің сапасын жақсартуға және азаматтардың сенімін арттыруға ықпал етті.

Қазақстандық мемлекеттік қызмет моделі келесі принциптерге негізделеді:

- Кәсібилік: Мемлекеттік қызметшілер үшін стандарттар мен құзыреттерді әзірлеу.
- Тиімділік: Жұмыс нәтижелерін бағалау және заманауи технологияларды енгізу.
- Азаматтық қатысу: Кері байланыс және қатысу механизмдеі арқылы азаматтарды басқару үдерістеріне тартуды ынталандыру.

2018 жылдан бастап кәсіби даярлық, мансаптық бағыттарды дамытуға және мемлекеттік аппаратты жаңғыртуға бағытталған жаңа тұжырымдама белсенді жүзеге асырылуда.

Мемлекеттік басқаруды цифрландыру

Цифрлық технологиялар мемлекеттік басқарудың ашықтығы мен тиімділігін арттырудың маңызды құралына айналуда. Электронды қызметтерді енгізу, үлкен деректерді және жасанды интеллектті қолдану процестерді оңтайландыруға және азаматтармен өзара әрекеттесуді жақсартуға ықпал етеді. Цифрландыру қазіргі басқаруда маңызды рөл атқарады. 2018 жылы іске қосылған «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы цифрлық экономиканы дамытуға және мемлекеттік қызметтердің сапасын жақсартуға бағытталған. Жаһандық цифрландыру мемлекеттік органдардан электронды қызметтерді енгізуді талап етеді. Қазақстанда «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы жүзеге асырылып, ол ұсынылатын қызметтердің сапасын арттыруға және ішкі процестерді оңтайландыруға бағытталған.

1.1. Электронды қызметтер

Электронды үкіметтің дамуы азаматтарға мемлекеттік мекемелерге бармай-ақ қызметтер алуға мүмкіндік береді. Бұл бюрократиялық жүктемені азайтып, қызмет көрсету үдерісін жеделдетеді. ЭЫДҰ деректеріне сәйкес, мүше елдердің азаматтарының 70%-дан астамы күнделікті өмірінде электронды қызметтерді пайдаланады, бұл мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесуді айтарлықтай жеңілдетеді.

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің деректері бойынша, Қазақстанда мемлекеттік қызметтердің 80%-дан астамы электронды форматта қолжетімді болды. Бұл қызмет көрсету уақытының қысқаруына және бюрократиялық кедергілердің азаюына ықпал етеді.

1.2. eGov платформасы және үлкен деректер мен аналитика

eGov платформасы азаматтарға 700-ден астам қызметке онлайн түрде қол жеткізуге мүмкіндік береді. 2022 жылы платформаны пайдаланушылар саны 17 миллионнан асты, бұл халықтың цифрлық қызметтерге деген жоғары қызығушылығын көрсетеді.

Үлкен деректер аналитикасын пайдалану мемлекеттік органдарға халықтың қажеттіліктері туралы нақты мәліметтерге негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

2. Тұрақты даму

Қазіргі заманғы мемлекеттік басқару тәсілдері тұрақты дамуға баса назар аударады. Бұл экономикалық, әлеуметтік және экологиялық аспектілер арасындағы тепе-теңдікті қамтиды.

2.1. Жасыл саясат

Мемлекеттер қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуға бағытталған жасыл бастамаларды енгізуде, бұл жаңартылатын энергия көздерін қолдауды және тұрақты қала жоспарлауын қамтиды. Дүниежүзілік банк деректеріне сәйкес, тұрақты инфрақұрылымға инвестициялар ұзақ мерзімді перспективада 3-4 есе көп экономикалық қайтарым әкелуі мүмкін. Мысалы, Швецияда үкімет жаңартылатын энергия көздерін қолдау бағдарламаларын енгізіп, 1990 жылдан бері CO_2 шығарындыларын 50%-ға азайтуға қол жеткізді.

Мемлекеттік басқарудағы жасыл саясаттың және азаматтардың қатысуының айқын мысалы – АЭС салу мәселесіне қатысты Қазақстан Республикасында өткен соңғы Референдумдағы электоралды процесс болып табылады. Жастар бұл референдумды ұйымдастыру мен өткізудің барлық деңгейлерінде белсенділік танытты. Құрылысқа қолдау көрсету штабының атынан үгіт-насихат материалдарын тарату жұмыстарынан бастап, елдің белгілі бір аумақтық бірлігінде сайлау комиссиясында жұмыс істеуге дейін атсалысты.

2.2. Әлеуметтік жауапкершілік

Тұрақты дамудың маңызды аспектісі – шешім қабылдау үдерісіне әртүрлі халық топтарын тарту, бұл әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етіп, өмір сапасын арттыруға ықпал етеді. Мемлекеттік басқарудағы әлеуметтік жауапкершілікке бағытталған бастамалар, мысалы, халықтың осал топтарына қолдау көрсету бағдарламалары өмір сүру сапасының артуына ықпал етеді. Мысалы, Норвегияда енгізілген әлеуметтік көмек бағдарламалары кедейлік деңгейін 2000-жылдар басындағы 16%-дан 8%-ға дейін төмендетті.

2.3. Басқарудағы азаматтардың қатысуы және ашық үкімет

Қазіргі заманғы үрдістер басқару процестеріне азаматтардың қатысуына ерекше мән береді. Бұл кері байланыс платформаларын қолдануды және жергілікті деңгейде шешім қабылдау үдерістеріне қатысуды қамтиды. Азаматтарды басқару процесіне тарту Қазақстандағы мемлекеттік саясаттың маңызды аспектісіне айналуда.

Азаматтардың бастамалар мен жобаларға белсенді қатысуы олардың пікірлері мен қажеттіліктерін ескеруге мүмкіндік береді, бұл мемлекеттік қызметтердің сапасын жақсартады. Азаматтарды тиімді қатыстырудың мысалы ретінде Бразилиядағы ParticipatoryBudgeting платформасын атауға болады, онда тұрғындар қаланың бюджетінің бір бөлігін бөлуге қатысады. Бұл азаматтардың қызметтерге қанағаттанушылық деңгейін 30%-ға арттырды. «Қатысу бюджеті» сияқты бағдарламалар азаматтарға жергілікті бюджетті бөлуге қатысуға мүмкіндік береді. 2022 жылы осындай бастамаларға 1 миллиардтан астам теңге бөлінді, бұл азаматтардың басқаруға белсенді қатысуға деген қызығушылығының артып келе жатқанын көрсетеді.

Мемлекеттік органдардың ашықтығын арттыруға бағытталған деректерді ашық жариялау және олардың қызметінің айқындығы бойынша бастамалар азаматтардың билікке деген сенімін нығайтады. Ашық деректер бастамалары азаматтарға үкіметтің қызметі туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді. WorldJusticeProject зерттеуіне сәйкес, ашық үкімет жүйесі бар елдер азаматтардың сенім деңгейінің жоғары екенін көрсетеді (жабық басқару жүйелерімен салыстырғанда 60%-ға дейін).

Қазақстандағы басқарудағы заманауи үрдістер мемлекеттік органдардың ашықтығы мен есептілігін арттыруға бағытталған. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, мемлекеттік органдардың ашықтығы азаматтардың сенімін арттырады. Қазақстанда ашық деректер платформалары құрылып, мемлекеттік қызметкерлер жұмысының айқындығы артуда.

Қазақстан ашық деректер бастамаларын белсенді енгізуде. 2020 жылы мемлекеттік шығындар, бюджеттер және басқа да деректер жарияланатын Ашық деректер порталы құрылды. Бұл азаматтардың билікке деген сенімін нығайтуға ықпал етеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің есептеріне сәйкес, соңғы жылдары мемлекеттік аппараттағы сыбайлас жемқорлық деңгейі төмендеп келеді. Бұл электронды құжат айналымы және бақылау жүйелерінің енгізілуімен байланысты.

Қазақстан билігі азаматтардан кері байланыс алу үшін әлеуметтік желілерді және басқа платформаларды белсенді пайдаланады. Зерттеулер көрсеткендей, азаматтардың 60%-дан астамы өздерінің пікірлері жергілікті деңгейде шешім қабылдау кезінде ескерілетінін атап өтеді.

3. Мемлекеттік қызметті дамытудағы жастардың рөлі

Жастар мемлекеттік қызметті жаңарту және модернизациялауда маңызды рөл атқарады.

Еліміздегі белсенді жастардың мемлекеттік басқарудағы рөлі күн сайын артып келеді. Жастар тек қоғамдық процестерге қатысушылар ғана емес, сондай-ақ өзгерістердің бастамашыларына айналуда. Олар жаңа идеялар, инновациялық тәсілдер мен әділеттілікке ұмтылысты алға тартып, демократиялық институттардың дамуына ықпал етеді.

Жыл сайын жастардың сайлау, референдум, қоғамдық қозғалыстар мен волонтерлік жобаларға белсенді қатысып жатқанын көреміз. Бұл олардың ел болашағына деген жауапкершілігін терең түсінетінін көрсетеді. Олардың бойында энергия, креативтілік бар, және олар сұрақ қоюдан, жергілікті жердегі жағдайды жеткізуден қорықпайды, бұл өзекті мәселелерді анықтап, оларды шешудің оңтайлы жолдарын табуға көмектеседі.

Қазіргі заманғы технологиялар жастарға бірлесуге және тәжірибе алмасуға мүмкіндік беріп, олардың қоғамдағы орнын нығайта түсуде. Идеяларды талқылауға және ұсынуға арналған платформалар қолжетімді болып, жастар мен мемлекеттік органдар арасында диалог орнатуға мүмкіндік беретін кеңістік құруда.

3.1. Жастарды тарту

Студенттер мен жас мамандарға арналған тағылымдамалар мен практикалық бағдарламалар жастарды мемлекеттік аппаратқа тартуға ықпал етеді. Бұл жаңа буынның жаңа идеялар мен тәсілдерді енгізуіне мүмкіндік береді.

3.2. Көшбасшылық және инновациялар

Жастар бастамалары, мысалы, жастар форумдары мен жоба байқаулары, жастарға мемлекеттік органдардың жұмысын жақсарту бойынша өз идеяларын ұсынуға мүмкіндік береді.

4. Мемлекеттік қызметкерлерді даярлау

Кадрларды сапалы даярлау – мемлекеттік қызметтің табысты жұмыс істеуінің негізгі аспектісі. Қазақстандағы «Жас мемлекеттік қызметкер мектебі» бағдарламасы жастарды мемлекеттік қызметке тартып, олардың кәсіби дағдыларын дамытуға бағытталған бастама болып табылады. Бағдарламаның мақсаты – жастарға мемлекеттік қызметтің негіздерін үйрету, жас мамандардың біліктілік деңгейін арттыру және мемлекеттік органдарға кадрлық резерв қалыптастыру. Бағдарламаға, әдетте, жоғары курс студенттері, магистранттар және 29 жасқа дейінгі жас мамандар қатысады. Бағдарламада құқықтық реттеу, жобаларды басқару, мемлекеттік қызмет этикасы және жеке даму сияқты тақырыптарды қамтитын теориялық және практикалық модульдер бар. Тренингтер мен семинарлар мемлекеттік орган өкілдерінің, сондай-ақ ғылыми және білім беру саласы мамандарының қатысуымен өткізіледі.

4.1. Білім беру бағдарламалары

Қазақстанда мемлекеттік қызметкерлерді даярлауға арналған арнайы білім беру бағдарламалары бар, оның ішінде біліктілікті арттыру курстары мен магистратура бағдарламалары кіреді.

4.2. Университеттердің рөлі

Университеттер мемлекеттік қызметке кадрлар даярлауда маңызды рөл атқарады. Олар өз бағдарламаларын қазіргі талаптар мен трендтерге бейімдеп, студенттерге қажетті білім мен дағдыларды қамтамасыз етуі тиіс.

Жастар мемлекеттік қызметті жаңартуда маңызды рөл атқарады. Маңызды аспектілерге мыналар кіреді:

- Басқаруға қатысу: Мемлекеттік құрылымдарда тәжірибе жинауға көмектесетін тағылымдамалар мен практикалық бағдарламалар.
- Бастамалар мен жобалар: Жастар форумдары мен байқаулар мемлекеттік аппарат жұмысын жақсарту үшін жаңа идеялар ұсынуға ықпал етеді.

Жастардың белсенді ұстанымы инновацияларды енгізуге және мемлекеттік органдардың халықпен өзара әрекетін жақсартуға көмектеседі.

Кадрларды сапалы даярлау мемлекеттік қызметтің табысты жұмыс істеуінің негізі болып табылады. Қазақстандағы мемлекеттік қызметтің даму бағыттары:

• Білім беру бағдарламалары: Мемлекеттік қызметшілерді даярлау үшін мамандандырылған бағдарламаларды, соның ішінде біліктілікті арттыру курстары мен магистрлік бағдарламаларды енгізу.

• Университеттердің рөлі: Жоғары оқу орындары кадрларды даярлауда маңызды рөл атқарады, олар студенттерді қазіргі талаптарға сай қажетті білім мен дағдылармен қамтамасыз етеді.

Университеттер мемлекеттік органдармен белсенді түрде ынтымақтасып, білім беру бағдарламаларын нарық талаптарына сай бейімдеуі қажет.

Мемлекеттік қызметті дамытуға арналған бірнеше ұсыныстар:

1. Цифрландыруды нығайту

• Электронды қызметтерді енгізу: Қолжетімді электрондық қызметтер санын көбейту және бар платформалардың, мысалы, eGov интерфейсін жетілдіру арқылы пайдалануға ыңғайлылықты арттыру.

• Цифрлық оқыту: Мемлекеттік қызметшілердің заманауи технологияларды қолдану бойынша цифрлық дағдыларын арттыру үшін курстар ұйымдастыру.

2. Ашықтық пен есеп берушілікті арттыру

• Ашық деректер: Мемлекеттік органдардың қызметі мен бюджеттік шығындары туралы деректердің жарияланымын кеңейту, бұл азаматтарға биліктің тиімділігін бақылауға мүмкіндік береді.

• Кері байланыс: Мемлекеттік қызмет сапасы мен азаматтардың қанағаттанушылық деңгейін бағалау үшін азаматтар арасында тұрақты сауалнамалар жүргізу.

3. Кадр саясатын жаңғырту

• Мансаптық жолды дамыту: Мемлекеттік қызметшілердің мансаптық даму бағыттарын анықтап, кәсіби дамуды және біліктілікті арттыру мүмкіндіктерін қамту.

• Бағалау жүйесі: Мемлекеттік қызметшілердің жұмыс тиімділігін нәтижелерге және жетістіктерге негізделген бағалау әдістерін енгізу.

4. Жастарды тарту

• Тағылымдама бағдарламалары: Студенттер үшін тағылымдама мен практика бағдарламаларын кеңейту, бұл жастарға мемлекеттік құрылымдарда нақты жұмыс тәжірибесін алуға мүмкіндік береді.

• Жастар бастамалары: Мемлекеттік қызмет жұмысын жақсартуға бағытталған жастар жобалары үшін байқаулар мен гранттар ұйымдастыру.

5. Университеттермен серіктестікті нығайту

• Бірлескен бағдарламалар: Мемлекеттік органдармен бірлесіп білім беру бағдарламаларын әзірлеу арқылы қазіргі заманғы талаптарға сай мамандарды даярлау.

• Ғылыми зерттеулер: Мемлекеттік басқару саласындағы ғылыми зерттеулерді қолдау, бұл инновациялар мен үздік тәжірибелерді енгізуге мүмкіндік береді.

6. Білім беру мен біліктілікті арттыруды күшейту

- Біліктілікті арттыру курстары: Мемлекеттік қызметшілерге заңнамалық өзгерістер мен өзекті тақырыптар бойынша курстар мен семинарларды тұрақты түрде өткізу.
- Тәжірибе алмасу: Мемлекеттік қызметшілер үшін шетелдік елдерде тәжірибе алмасу стажировкаларын ұйымдастыру, бұл мемлекеттік басқару саласындағы озық тәжірибелерді үйренуге мүмкіндік береді.

Қазіргі заманғы мемлекеттік басқару үрдістері Қазақстанда цифрландыруға, ашықтық пен есеп берушілікті арттыруға, азаматтарды белсенді тартуға, тиімділік пен тұрақтылықты күшейтуге бағытталған. Цифрландыру, тұрақты даму және азаматтарды тарту мемлекеттік басқаруды трансформациялаудың негізгі бағыттарына айналуда, бұл заман талаптарына бейімделуге және халықтың өмір сүру сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Осы үрдістерді қолдау мен дамыту әділ әрі тұрақты қоғам құрудың маңызды факторлары болып табылады.

Қазақстанда мемлекеттік қызметті дамытуға әлемдік үрдістер ықпал етеді және жастардың белсенді қатысуын талап етеді. Жоғары сапалы кадрларды даярлау және университеттермен ынтымақтастық заманауи талаптарға сай әрекет ететін кәсіби және тиімді мемлекеттік аппаратты құруда маңызды рөл атқарады.

Әдебиеттер тізімі:

1. United Nations. (2020). Digital Government: A Catalyst for Accelerating the 2030 Agenda.
2. OECD. (2019). Government at a Glance 2019.
3. World Bank. (2021). Digital Development in the Age of COVID-19: The Case of Emerging Economies.
4. World Justice Project. (2020). Rule of Law Index 2020.
5. Participatory Budgeting Project. (2021). Participatory Budgeting: A Guide for Local Governments.
6. Министерство цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности РК. (2022). Отчет о внедрении электронных услуг.
7. Агентство по противодействию коррупции РК. (2022). Ежегодный отчет.
8. Портал открытых данных РК. (2020). Открытые данные: доступ к информации.
9. Программа «Цифровой Казахстан» (2018). Министерство цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности РК.
10. Стратегия развития государственной службы в Республике Казахстан на 2018-2025 годы.
11. Отчеты НИЦ «Аналитика» по вопросам государственной службы.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР ЖӘНЕ ӨҢІРЛЕРДІҢ ДАМУЫНА ОЛАРДЫҢ ӘСЕРІ

Өмірболат Н.Н., Наренова А.Н.
М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті
(Тараз, Қазақстан)
omirbolat.08@gmail.com, an.narenova@dulaty.kz

Аннотация. Мақалада өңірлік дамуды қамтамасыз етудегі мемлекеттік бағдарламалардың рөлі мен олардың іске асырылу тетіктері қарастырылады. Қазіргі жағдайда өңірлерді бағдарламалық-нысаналы басқару жүйесінің тиімділігін арттыру өзекті мәселе ретінде айқындалып отыр. Бұл бағытта мемлекеттік органдардың стратегиялық шешімдер қабылдауда практикалық және әдіснамалық тәсілдерді жетілдіруі аса маңызды. Жаңа жаһандық экономикалық және әлеуметтік-саяси сын-қатерлерді ескере отырып, өңірлік даму бағдарламаларын жүзеге асыруда инновациялық және креативті әдістерді қолданудың қажеттілігі артып келеді. Сонымен қатар, мақалада «Ауыл – Ел бесігі» жобасының шеңберінде ауылдық аумақтарды қолдау және олардың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыру мәселелері талданады.

Кілт сөздер: өңірлік даму, мемлекеттік бағдарламалар, өңірлік саясат, әлеуметтік-экономикалық тұрақтылық, бюджеттік тиімділік, кәсіпкерлікті қолдау, «Ауыл – Ел бесігі» жобасы.

Аннотация. В статье рассматривается роль государственных программ в обеспечении регионального развития и механизмы их реализации. В современных условиях повышение эффективности программно-целевой системы управления регионами определяется как актуальный вопрос. В этом направлении особенно важно совершенствование государственными органами практических и методологических подходов к принятию стратегических решений. С учетом новых глобальных экономических и социально-политических вызовов возрастает необходимость применения инновационных и креативных методов в реализации региональных программ развития. Кроме того, в статье анализируются вопросы поддержки сельских территорий и повышения их социально – экономического потенциала в рамках проекта «Ауыл-Ел бесігі».

Ключевые слова: региональное развитие, государственные программы, Региональная политика, социально-экономическая стабильность, бюджетная эффективность, поддержка предпринимательства, проект «Ауыл – Ел бесігі».

Annotation. In the article, the role of state programs in ensuring regional development and the mechanism of their implementation is considered. In modern conditions, improving the effectiveness of the program-oriented management system of the regions is determined as an actual issue. In this direction, it is important to improve state bodies ' practical and methodological approaches to the adoption of strategic decisions. With the participation of new global economic and socio-

political challenges, there is a need for the introduction of innovative and creative methods in the implementation of regional development programs. In addition, issues of supporting rural territories and improving their socio – economic potential are being analyzed in the framework of the project "Auyl-El besigi".

Keywords: regional development, state programs, regional politics, socio-economic stability, budget efficiency, Entrepreneurship Support, Project "Auyl – El besigi".

КІРІСПЕ.

«Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» өңірлік саясат саласындағы өзекті проблемалардың бірі ретінде өңірлерді дамытудағы әлеуметтік теңсіздік проблемаларын шешу, орталық пен өңірлер арасындағы жауапкершілік пен өкілеттіктердің аражігін ажырату жөніндегі шараларды әзірлеу, жергілікті атқарушы органдарды күшейту, өңірлік даму саласындағы мемлекеттік органдардың жұмысын үйлестіруді күшейту және т.б. атап өтілді [1].

Стратегияда өңірлік даму саясатының және тұтастай алғанда экономикалық саясаттың мақсаттарына табысты қол жеткізу үшін мемлекеттік басқарудың төмен тұрған органдарына неғұрлым кең өкілеттіктер беру қажеттігі туралы түсінік көрсетілген. Стратегияда өңірлік және жергілікті басқару органдарына көп ресурстар бөлу, оларға үлкен жауапкершілік беру, сондай-ақ саяси орталықсыздандыру дәрежесін арттыру ұсынылады. Басшылық стратегияларда қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін осы бағытта ілгерілеу маңызды.

Жаһандану жағдайында экономикалық қатынастардың жаңа сапасын қалыптастыруды, өңіраралық әлеуметтік-экономикалық саралауды еңсеруді, халықтың әл-ауқатының деңгейін арттыруды көздейтін өңірлендіру процесі күшеюде.

Елдің өңірлері ауқымды аумақтармен, халықтың төмен тығыздығымен, қатты шоғырланған өндірістік әлеуетімен және ішкі нарықтың төмен сыйымдылығымен сипатталады. Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың 2020 жылға дейінгі болжамды схемасына сәйкес [2] ҚР тиімді аумақтық-кеңістіктік дамуының негізгі қағидаттарының бірі аумақтық шоғырлану мен басқарылатын урбанизация негізінде теңгерімді даму болып табылады.

ӘДІСТЕР.

Зерттеуде кешенді тәсіл, сандық және сапалық талдау әдістері пайдаланылды, халықаралық және ұлттық тәжірибені зерделеу үшін даму бағдарламаларын іске асыру және оларды іске асыру процесінде проблемаларды анықтау. Сандық аспект үшін ҚР Статистикалық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Ұлттық статистика бюросының статистикалық деректері пайдаланылды. Өңірлерді дамытуға бағытталған қолданыстағы тұжырымдамалар мен бағдарламаларды бағалау үкімет пен жеке сектордың бастамаларын зерделеуді қамтиды, осы бастамаларға сапалы шолу олардың тиімділігін бағалауға және жақсартуға қол жеткізуге болатын

салаларды бөліп көрсетуге мүмкіндік береді.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ.

Алдын ала бағалау бойынша 2024ж. 11 айының қорытындысы бойынша ЖІӨ өсімі 4,4% құрады, ол негізінен мұнай емес секторды дамытумен қамтамасыз етілген [3]. Экономика өсімінің 70% астамы өңдеу өнеркәсібі, сауда, ауыл шаруашылығы және құрылыс есебінен қалыптасты. Салалар бөлінісінде мынадай серпін байқалады: ауыл шаруашылығында жалпы өнім шығарудың 13,4% өсуі байқалды, бұл 2011ж. бері ең жоғары көрсеткіш болып табылады; құрылыста - 10,3%; саудада - 8,2%; көлік қызметтеріне - 8,1%; байланыс - 5,3%; өңдеу өнеркәсібі - 5,3%. Жалпы отандық тауарлар өндірісі 5%, қызметтер 4,5% өсті. Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 3,1% артып, 15,8 трлн.

Сыртқы сауда тауар айналымы 2024ж. 10 ай ішінде $116,9 құрады. Қазақстандық тауарлардың экспорты 5,1% өсіп, ақшалай эквивалентінде $68,5 млрд құрады. Бұл ретте өңделген тауарлар экспорты 10,2% ұлғайып, $23,3 млрд. жетті. Шикізаттық емес экспорттың тұрақты өсуі көбінесе қазақстандық тауарларды Қытай мен Түркияға жеткізу көлемінің ұлғаюымен, сондай-ақ Еуропа нарықтарында қатысудың кеңеюімен байланысты. Мемлекет пен бизнестің бірлескен белсенді жұмысының арқасында ҚХР-ға экспорт көлемі 5,3% артып, $12,3 млрд. құрады ЕО елдеріне (Ирландия, Швейцария, Франция) экспорттың өсуі олардың әртараптандырылғанын білдіреді. Сонымен қатар, Қырғызстан мен Тәжікстанға шикізаттық емес экспорттың өсуі ҚР саудасы үшін Орталық Азия өңірінің маңыздылығын көрсетеді [8].

Қызмет көрсету экспорты да 2024ж. 10,5% ұлғайып, $8,4 млрд. құрады. Бұл сектордағы драйверлер болып тасымалдау, IT, қаржы және басқа да іскерлік қызметтер салалары табылады. Сонымен қатар, есепті кезеңде импорт 3,3% қысқарды. Импорттың төмендеуімен бірге экспорт көлемінің ұлғаюының нәтижесі экономиканың оң сауда балансының 33,4% өсуі болды. Бұл көрсеткіш $20,1 млрд деңгейінде қалыптасты.

Қабылданған шаралар нәтижесінде инфляция 2024ж. төмендеп, қарашада жылдық көрсетуде 8,4% құрады. 2023ж. тиісті кезеңінде инфляция 10,3% деңгейінде болды.

2024ж. Үкімет кәсіпорындарды одан әрі ірілендіруге және қосылған құны жоғары өнім шығаруға назар аудара отырып, отандық тауар өндірушілерді қолдау жөнінде бірқатар шаралар қабылданды. Осындай шаралардың бірі шетелдік әлеуетті өнім берушілердің мемлекеттік сатып алуларға және квазимемлекеттік компаниялардың тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуларына қатысуын шектеу болып табылады. 2024ж. тізбе 3 еседен астам - 4536 атауға дейін кеңейтілді [7, 9]. Осының нәтижесінде тек қана 2024ж. 9 айында мониторинг субъектілерінің тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу көлемі ₸21,2 трлн. құрады, оның ішінде ішкі елдік құндылық ₸11 трлн. немесе 51,8% жетті. 11 айда отандық тауар өндірушілермен жасалған шарттардың сомасы 34,4% өсіп, ₸372,9 млрд

құрады. Офтейк-келісімшарттар бойынша көлем 14 есе өсіп, $134 млрд жетті. Қатты пайдалы қазбалар бойынша жер қойнауын пайдаланушылар мен отандық тауар өндірушілер арасында жалпы сомасы, ₸111,1 млрд болатын 248 ұзақ мерзімді шарт және, ₸27,8 млрд болатын 42 офтейк-келісімшарт жасалды. Салыстыру үшін: 2023ж. ұқсас кезеңінде ₸47,5 млрд сомасына 35 ұзақ мерзімді шарт және ₸4,8 млрд сомасына 10 офтейк-келісімшарт жасалды 2024ж. қорытындысы бойынша қатты пайдалы қазбалар бойынша жер қойнауын пайдаланушылардың жұмыстары мен қызметтерін сатып алудағы ел ішіндегі құндылық үлесі бойынша индикатор 81% деңгейінде анықталған; 2025ж. арналған жоспарларда - оны 82% дейін жеткізу.

2024 жылы. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың жаңа ережесі бекітілді. Ережеде, 01.07.2024ж. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына сәйкес [1], жұмыс тәжірибесі мемлекеттік сатып алу шеңберінде орындалған шарттар және олар туралы мәліметтер мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде қамтылған өзге де шарттар бойынша ескерілетін болады. Қосалқы мердігерлер біліктілік талаптарына олардың орындайтын жұмыс, қызмет түрлерінің тәжірибесі бойынша құжаттармен сәйкестігін растауы тиіс. Заңнамалық өзгерістер конкурс өткізу және өтінім беру мерзімдеріне қатысты. Тапсыру мерзімі 15 күннен 5 жұмыс күніне дейін қысқартылды.

Отандық тауар өндірушілерді қолдау шаралары ҚР экономикасындағы ШОБ үлесін 1,8% ұлғайтуға мүмкіндік берді және бүгінде ол 38,2% құрайды. 01.12.2024ж. жұмыс істеп тұрған ШОБ субъектілерінің саны 1,5% артып, 2 млн кәсіпорыннан асты [9]. Бұл секторда барлығы 4,2 млн астам қазақстандық жұмыспен қамтылған. Бұл ретте ШОБ субъектілерінің 2024ж. II тоқсанындағы өнім шығару көлемі 19,1% ұлғайып, ₸34,2 трлн құрады.

Зерттеудің өзектілігі ұлттық салт-дәстүрлерді, қолөнерді, фольклорды, аспаздық мәдениетті сақтау мен насихаттау, жергілікті халықтың өмір салтын, тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қорғау, ауылдық жерлерде жаңа жұмыс орындарын ашу, туристердің келуі арқылы жергілікті кәсіпкерлікті, әсіресе агротуризм мен этнотуризмді дамыту, экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау шараларын күшейту және экологиялық сананы қалыптастыру, аймақтардың тұрақты дамуын қамтамасыз ету, соның ішінде урбанизация үдерісін теңестіру, ауылдық жерлердің әлеуметтік жағдайын жақсартужәне инфрақұрылымды дамыту арқылы ауылдың өмір сапасын арттыру, туристік тартымдылықты арттыру мәселелерін зерттеумен сипатталады. Ал зерттеудің мақсаты ауыл туризмінің рөлін зерттеу, яғни оның мәдени мұраны сақтау мен экономиканы дамытуға

тигізетін әсерін анықтау; Отырар ауданы мысалында ауыл туризмінің әлеуетін бағалау; мәдени мұраны сақтаудың тиімді тетіктерін қарастыр, атап айтқанда – ұлттық дәстүрлерді, тарихи ескерткіштерді және жергілікті қолөнерді насихаттау жолдарын зерттеу болып табылады.

Зерттеу әдістері: Ауыл туризмі мен мәдени мұраны сақтау мәселелерін жан-жақты зерттеу үшін теориялық-әдіснамалық талдау, салыстырмалы талдау, экономикалық-статистикалық зерттеу әдістері қолданылды. Зерттеу аясында ғылыми жарияланымдар, халықаралық түрістік ұйымдардың есептері талданды.

Зерттеу нәтижелері: Мәдени мұра – халықтың тарихи, рухани және материалдық байлығы. Ауылдық жерлерде сақталған көне ескерткіштер, тарихи орындар, дәстүрлі қолөнер бұйымдары – барлығы мәдени мұраны құрайды. Ауыл туризмі осы құндылықтарды сақтап қана қоймай, оларды келешек ұрпаққа жеткізуде маңызды рөл атқарады.

Мысалы, Қазақстанда ауыл туризмі арқылы киіз басу, зергерлік өнер, құмыра жасау, ұлттық музыкалық аспаптарды дайындау сияқты көне кәсіптер қайта жаңғырып келеді. Сондай-ақ, қазақтың дәстүрлі қонақжайлылығы мен ұлттық ойындары да туристердің ерекше қызығушылығын тудырады.

Перспективалы бағыттардың бірі ауылдық туризм (агротуризм, жасыл туризм) болып табылады, ол ауылдық аймақтардың экономикалық және әлеуметтік дамуына тиімді әсер етеді, сонымен қатар туристерге ауыл өмірімен танысуға, тұрғындардың дәстүрлі іс-шараларына қатысуға, табиғатта уақыт өткізуге және т.б. мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ауыл туризмі арқылы ұмыт болған көне салт-дәстүрлер қайта жаңғыруда. Қазақтың құда түсу, бесікке салу, тұсау кесу, сондай-ақ ұлттық мерекелер – Наурыз мейрамы, Сабантой сияқты шаралар туристер үшін ерекше әсер қалдырады. Ауыл тұрғындары туристерге арнап ұлттық тағамдар дайындап, көшпенділер өмір салтымен таныстырады.

Қазіргі уақытта ауылдық туризм көптеген шет елдерде айтарлықтай жылдам қарқынмен қарқын алуда және туристерді тартуда. Ауылдық туризмнің дамуы тікелей әлеуметтік-экономикалық жағдайларға, инфрақұрылымның жағдайына және белгілі бір туристік аймақтың тартымдылығына байланысты.

Ауылдық туризм – жергілікті табиғатқа, халықтың тұрмыс-тіршілігіне және жергілікті этномәдени кешендермен және олардың құндылықтарымен таныстыру мақсатында ауылдық жерлерге саяхаттаушылар үшін ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған демалыс элементтерін қамтитын туризмнің мамандандырылған түрі.

Туристік бизнестің жеке түрі ретінде ауылдық туризмнің өзіндік ұйымдастырушылық ерекшеліктері бар [: 1) ауылдық туризм шартты түрде туристік бизнестің ең үнемді түрлерінің бірі болып табылады, мұнда әдетте қызметкерлер штатын ұстауға арнайы шығындар болмайды, ірі шаруашылық жоқ, маусымдық жөндеуге және әртүрлі жұмыс түрлеріне аз ғана шығындар;

2) ресурстық база және ауылдық туризмнің ерекшелігі тыныш және жайлы атмосфераны құру мүмкіндігін анықтайды, яғни клиент турист емес, қонақ болып табылады. Бұл жыл сайын ауылдық жерде демалуды таңдайтын тұрақты клиентті қалыптастыруға мүмкіндік береді;

3) ауыл туризміне салынған инвестицияның салыстырмалы қауіпсіздігі, өйткені мұнда меншік иесінің инвестициясы оның жеке бизнесіне салынады. Дегенмен, тартылған қаражатқа келетін болсақ, инфрақұрылымның жүктелуін және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін тәуекелді бағалауды жүргізу қажет;

4) ауыл қонақ экономикасының тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етудің негізгі бағыты бәсекеге қабілетті бағаларды (салыстырмалы түрде төмен бағаларды) ұстап тұруға немесе сапаны жақсарту арқылы бағаның өсуін негіздеуге мүмкіндік беретін баға-сапа арақатынасы болып табылады.

Баға факторы тұтынушылық сұранысты қалыптастырудағы маңызды факторлардың бірі болып табылады. Қонақ үй қызметтерінің бағасы бәсекеге қабілетті болса, тұрмыстық жағдай мен тамақ берілген бағаға лайықты деңгейде болса, онда ұсынылатын қызметтер сұранысқа ие болмайды деп айта алмаймыз.

Ауыл туризмі қаланың қарбалас өмірінен шаршаған адамдар үшін тыныштық пен жайлылық сыйлайды. Ол арқылы туристер табиғатпен тығыз байланыста бола алады; дәстүрлі шаруашылық түрлерімен танысады; ұлттық асхананың дәмін татып, ауыл тұрмысының ерекшеліктерін сезінеді; қолөнер және этнографиялық мұраларды зерттейді; жергілікті тұрғындармен араласып, олардың өмір салтын көреді; ұлттық музыканы тыңдап, дәстүрлі би өнерін үйренеді.

Ауылдық туризмнің дамуы өңір экономикасын жандандырып, жаңа жұмыс орындарын құруға және халықтың әл-ауқатын арттыруға мүмкіндік береді.

Туризмнің кез келген түрі сияқты, ауыл туризмі де ауыл шаруашылығында қандай да бір жолмен пайдаланылатын табиғи ресурстарды құрайтын ресурстық базаға негізделген (ауыл шаруашылығы жерлері, шаруашылық жерлері, шаруашылық құрылыстары және т.б.) Ауылдық туризмді ұйымдастырудың ерекшеліктерін зерттеген кезде туристерді орналастыру орындары мен рекреация сипаты сияқты классификациялық белгілерді ескеру ерекше маңызды.

Ауылдық туризм бірнеше бағытқа бөлінеді, олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар кестеде келтірілген.

Бұл бағыттардың әрқайсысы ауыл халқының әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал етіп, мәдени мұраны сақтауға және келер ұрпаққа жеткізуге көмектеседі.

Ауыл туризмінің тағы бір маңызды қыры – жергілікті халықтың әл-ауқатын арттыруға ықпал етуі. Туристердің келуі арқылы ауыл тұрғындарына

жаңа табыс көздері пайда болады, ал бұл өз кезегінде инфрақұрылымның дамуына серпін береді.

Отырар ауданы – ежелгі өркениет ошақтарының бірі. Бұл өлке Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан және оның тарихи маңызы зор. Отырар қалашығы – Қазақстанның мәдени мұрасының маңызды бөлігі. Сондай-ақ, бұл аймақ ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидің туған жері ретінде белгілі.

Туризм бағыты	**Қысқаша сипаттамасы**
Агротуризм	Туристер ауыл шаруашылығы жұмыстарына қатысып, егін егу, мал бағу, өнім жинау секілді істермен айналысады.
Экотуризм	Табиғи қорықтар мен ұлттық парктерге саяхат жасап, қоршаған ортаны қорғауға бағытталған шараларға қатысады.
Этнотуризм	Жергілікті халықтың мәдениетімен танысып, қолөнер бұйымдарын жасауды үйреніп, ұлттық мерекелерге қатысады.
Гастротуризм	Аймақтың аспаздық ерекшеліктерімен танысып, ұлттық тағамдар дайындау шеберлік сабақтарына қатысады.
Іс-шара туризмі	Ауылдық жерде өтетін фестивальдерге, концерттерге, ұлттық ойындар мен спорттық жарыстарға қатысуға мүмкіндік береді.

Отырар өңірі – қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасының орталығы болып табылады. Мұнда ежелгі қала мәдениеті мен сәулет өнерінің ерекше үлгілері сақталған. Арыстан баб кесенесі Қазақстан мен Орталық Азиядағы маңызды діни және тарихи ескерткіштердің бірі саналады. Бұл орынға жыл сайын мыңдаған туристер мен зияратшылар келеді. Сонымен қатар, Отырар кітапханасының қайта жандану жобасы қазақ халқының зияткерлік мұрасын дәріптеуге үлес қосады.

Ауылдық туризмнің тағы бір маңызды бағыты – қолөнерді дамыту. Отырар өңірінде кілем тоқу, қыш жасау, зергерлік бұйымдар өндірісі секілді дәстүрлі кәсіптер қайта жаңғырып келеді. Туристер осы өнер түрлерін өз көзімен көріп, шеберлік сабақтарына қатыса алады.

Отырар ауданында ауылдық туризмді дамыту үшін келесі шараларды іске асыру қажет: біріншіден, жолдар мен қонақүйлер сияқты инфрақұрылымды жақсарту; екіншіден, туристік маршруттар құрып, оларды кеңінен насихаттау; үшіншіден, жергілікті тұрғындарды туризм саласында сауаттылығын арттыру; шетелдік және отандық инвестицияларды тарту; төртіншіден, экологиялық туризмді дамытып, табиғи ресурстарды қорғауға мән беру; бесіншіден, цифрлық технологияларды пайдаланып, ауылдық туризмді онлайн форматта ілгерілету; алтыншыдан, этноауылдар құру арқылы туристерге көшпенді өмір салтын таныстыру және шетелдік туристерге арналған гидтер даярлау; жетіншіден, Отырар өңірінің музейлері мен археологиялық кешендерін кеңейту.

Сонымен бірге, ауылдық туризм рөліндегі шағын және орта бизнестің үлесін арттыру, сондай-ақ ауылдық аумақтарды жан-жақты дамыту үшін ауыл инфрақұрылымын нығайту мен дамытуға инвестиция тарту бойынша негізгі шаралар кешенін қабылдау қажет.

Сондай-ақ, кәсіпкерлерді, әсіресе жергілікті ауыл тұрғындарын осы қызмет түрімен айналысуға қолдау көрсетіп, ынталандыру мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Қорытынды

Отырар ауданы – ауылдық туризмді дамытуға зор мүмкіндіктері бар тарихи мекендердің бірі. Бұл аймақтағы мәдени мұраны сақтау және туристерге таныстыру арқылы ел экономикасына оң әсер етуге болады.

Ауыл туризмі мен мәдени мұра – ұлттық құндылықтарды дәріптеудің және экономикалық дамудың тиімді құралы. Ол ауылдық аймақтардың өркендеуіне ықпал етіп, мәдени мұраны сақтауға және жаңғыртуға мүмкіндік береді. Сондықтан ауыл туризмін дамытуға барынша көңіл бөліп, оны халықаралық деңгейге шығару – маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Сонымен қатар, ауыл туризмі арқылы жастарды ұлттық мәдениетке баулу, тарихи мұраны насихаттау және ауыл өмірінің қадірін арттыруға да жол ашылады.

Ауыл туризмін дамыту арқылы еліміздің табиғи сұлулығын әлемге танытып қана қоймай, жергілікті халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға да ықпал етуге болады. Сондықтан бұл салаға инвестиция тарту, жаңа туристік жобаларды қолға алу – болашақтағы маңызды қадамдардың бірі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Туризмді дамыту жөніндегі 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы – ҚР Үкіметінің ресми сайты.
2. ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізімі – unesco.org.
3. Қасымова Г.Ж., Сүлейменов А.Т. *"Қазақстандағы ауылдық туризмді дамыту мүмкіндіктері"*, Алматы, 2021.
4. Қазақстандағы экотуризмнің дамуы – Экология министрлігінің ресми деректері, ecogov.kz.
5. Жолдасбекова С. *"Ұлы Жібек жолы және оның Қазақстандағы тарихи мұрасы"*, Нұр-Сұлтан, 2020.
6. Отырар ауданының мәдени және туристік әлеуеті – Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ресми сайты.
7. Қазақстандағы ауыл шаруашылығы және агротуризм – ҚР Ұлттық экономика министрлігі статистикалық деректері, stat.gov.kz.
8. Полякова И.Л. Сельский туризм: классификации и особенности организации

ҚЫТАЙ ТІЛІНІҢ ҚАЗАҚСТАН ТУРИЗМІНДЕГІ ОРНЫ ЖӘНЕ ОНЫ МЕҢГЕРУДІҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

Қажатұлы Қайроллақазы
Халықаралық туризм және меймандостық университеті
(Түркістан, Қазақстан)
e-mail: kajatuly.k@iuth.edu.kz

Аннотация. Қазіргі уақытта шетелдерде қытай тілін оқыту деңгейінің қарқынды дамуының нәтижесінде оқыту әдіс-тәсілдері дамуда, қытай тілі қолданылмайтын ортада оны оқытуда айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілуде. Алайда, мұндай жағдайларда қытай тілінің ауызекі сөйлеуін үйрету студенттердің тілдік қолдану қабілетін дамытуға бағытталған, бұл олардың тілдік білімін нығайтуға үлкен ықпал етеді. Осы мақалада қытай тілі қолданылмайтын ортадағы ауызекі сөйлеу сабағының қазіргі жағдайына талдау жасалып, оны жетілдіру бойынша тиімді шешімдер ұсынылған. Бұл ұсыныстар қытай тілін үйретуде ауызекі сөйлеуді оқыту тәжірибесін арттыруға септігін тигізеді деп күтілуде.

***Кілт сөздер*:** қытай тілі, ауызекі сөйлеуді оқыту, стратегиялар, қытай тіліндегі ауызекі сөйлеу, туризм, фонетика, тыңдау және сөйлеу жаттығулары, кәсіби білім беру.

Аннотация. В настоящее время благодаря стремительному развитию уровня преподавания китайского языка за рубежом совершенствуются методы и подходы обучения, и даже в среде, где китайский язык не используется, достигаются значительные успехи в его преподавании. Однако в таких условиях обучение разговорной речи на китайском языке направлено на развитие языковых навыков студентов, что оказывает большое влияние на укрепление их языковой компетенции. В данной статье проведен анализ текущего состояния преподавания разговорной речи в среде, где китайский язык не используется, и предложены эффективные решения по его улучшению. Ожидается, что эти предложения способствуют улучшению опыта обучения разговорной речи при преподавании китайского языка.

***Ключевые слова*:** китайский язык, преподавание разговорной речи, стратегии, разговорная речь на китайском языке, туризм, фонетика, упражнения по аудированию и говорению, профессиональное образование.

Annotation. Currently, due to the rapid development of Chinese language teaching abroad, teaching methods and approaches are improving, achieving significant success even in environments where Chinese is not used. However, in such contexts, teaching spoken Chinese focuses on developing students' language application skills, which greatly contributes to strengthening their linguistic competence. This article analyzes the current state of spoken Chinese teaching in non-Chinese-speaking environments and proposes effective solutions for its improvement. These proposals

are expected to enhance the experience of teaching spoken Chinese in language education.

Keywords: Chinese language, spoken Chinese teaching, strategies, spoken Chinese, tourism, phonetics, listening and speaking exercises, professional education.

КІРІСПЕ

"Бір белдеу, бір жол" бастамасының жүзеге асырылуымен Қазақстан Қытай мен Орталық Азия арасындағы ынтымақтастықтың негізгі орталығына айналды. Осы жағдай қытай тілінің маңыздылығын одан әрі арттырды. Соңғы жылдары қытай тілін үйренушілер саны айтарлықтай өсті. Көптеген мектептер мен тілдік курстар қытай тілі пәндерін енгізіп, оқыту бағдарламаларын кеңейтті. Сонымен қатар, Конфуций институттары мен Конфуций сыныптары ашылып, жергілікті студенттерге қытай тілін үйренуге мүмкіндік берді. Бұл бастамалар Қытай мен Қазақстан арасындағы мәдени алмасуларды нығайтуға зор үлес қосты.

Туризм саласындағы қытай тілінің рөлі

Туризм саласы үшін тіл – туристер мен қызмет көрсетушілер арасындағы негізгі байланыс құралы. Қазақстанда туризм индустриясы соңғы жылдары үлкен қарқынмен дамып келеді. Қытайлық туристер елімізге келетін негізгі туристік топтардың біріне айналды. Статистикалық мәліметтерге сәйкес, жыл сайын Қазақстанға келетін қытай туристерінің саны тұрақты түрде өсуде. 2023 жылдың 10 қарашасынан 2024 жылдың наурызына дейін Қазақстанға 126 мың қытайлық турист келді, бұл елдер арасында визасыз режим жұмыс істей бастағанға дейінгіден 12 есе көп.

Бұл жағдай туризм саласындағы мамандардан қытай тілін білуге деген сұранысты арттырып отыр. Әсіресе, қызмет көрсету барысында туристерді қарсы алу, ақпарат беру және түсіндіру үшін қытай тілін ауызекі қолдану қажеттілігі айқын байқалуда. HeadHunter Kazakhstan мәліметі бойынша, 2023 жылдың жазында қытай тілін білетін қызметкерлерге сұраныс 38,4%-ға өсті.

Сондықтан, Туризм саласында қытай тілінде ауызекі сөйлеуді үйрету тек білім беру жүйесінің маңызды бөлігі ғана емес, сонымен қатар кәсіби бәсекеге қабілеттілікті арттырудың тиімді жолы болып табылады.

Қытай тілін оқыту қағидаттары мен әдістемелік негіздері

Қытай тілінің өзіндік ерекшеліктеріне сүйене отырып, тиімді әрі ғылыми оқыту әдістемесін әзірлеу қажет. Бұл тәсіл шетелдік студенттердің қытай тілін үйренуге деген ынтасы мен белсенділігін арттырып қана қоймай, олардың тілдің байлығын терең түсінуіне мүмкіндік береді. Нәтижесінде, қытай мәдениетін халықаралық деңгейде тиімді түрде насихаттау жүзеге асады, бұл елдің халықаралық беделін нығайтуға ықпал етеді.

Қазіргі кезеңде, қытай тілін шетел азаматтарына оқыту саласында дәстүрлі оқыту моделіне көз жүгіртсек, көптеген оқытушылар бұл процесті бірнеше модульдерге бөліп оқытады, мысалы, оқу модулі, жазу модулі, тыңдау модулі және т.б. Алайда, оқыту барысында әртүрлі модульдер

арасындағы байланыс әлсіз, бұл қазіргі кездегі қытай тілін шетелдіктерге оқытудың маңызды мәселелерінің бірі болып табылады [7, 32 б.].

Үйлесімділік – қытай тілін шетел азаматтарына оқытуда маңызды қағидалардың бірі. Осы оқыту процесінде оқыту әдістерінің тұтастығы мен үйлесімділігіне назар аудару қажет. Дыбыстар, сөздік қор, грамматика – бұл шетелдіктерге қытай тілін оқытудағы негізгі мазмұндар. Оқыту барысында әртүрлі модульдер арасындағы байланысты нығайту арқылы оқу үдерісінің үйлесімділігін арттыру қажет. Тек осылайша ғана студенттердің қытай тілі деңгейін жақсарту және тіл үйрену қабілетін арттыру мүмкін болады.

Қытай тілі жеке тұлғаның өзін-өзі білдіру құралы ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік қарым-қатынас құралы болып табылады. Бұл оқытушылардан оқыту процесінде нақты оқыту мақсаттарын қоюды талап етеді. Яғни, студенттердің қытай тілін үйрену қабілетін арттырып қана қоймай, сонымен бірге қытай тілін пайдаланып қарым-қатынас жасау қабілетін де дамыту қажет. Тіл білімінің дамуының негізгі мәні – әлеуметтік қарым-қатынасты ілгерілету [8, 45 б.].

Оқытушылар қытай тілінде қарым-қатынас жасау дағдыларын оқыту барысында сабақтың нақты жағдайына қарай оқыту әдістерін уақтылы өзгертіп, бейімдеуі керек.

Қытай тілін шетел азаматтарына оқыту барысында оқытушылар оқығанды іс жүзінде қолдану қағидасын ұстана отырып, студенттердің қытай тілін үйрену қабілетін дамытуы тиіс. Сонымен қатар, студенттер қытай тілін үйренудің мақсаты – оны іс жүзінде қолдану екенін түсінуі қажет. Оқу барысында олар қытай тілін белсенді түрде тәжірибеде қолданып, оқытушылар берген білімді қабілетке айналдыруы керек. Сонымен қатар, олар қытай тілін икемді түрде қолдана білуі тиіс.

Қытай тілін шетел азаматтарына оқыту ерекше сипатқа ие, өйткені оны үйренетіндердің көбі – шетелдік студенттер, ал олардың қытай тілін білу деңгейі өте шектеулі. Бұл оқытушылардан оқыту барысында біртіндеп үйрету қағидасын ұстануды талап етеді. Білімді ретсіз түрде беруден аулақ болу керек. Әдіс пен стратегияға мән беру, алдымен негізгі білімді мықтап қалыптастырып, содан кейін ғана оқытуды әрі қарай жалғастыру қажет.Теориялық білімді асығыс әрі жүйесіз беру студенттердің тілді меңгеруіне кері әсер етуі мүмкін. Сондықтан негізгі базалық білімді нығайтқаннан кейін ғана күрделі тақырыптарды оқытуға көшу ұсынылады. Бұл тәсіл оқыту тиімділігін арттырып, студенттердің қытай тіліне деген қызығушылығын сақтау үшін маңызды [11, 52 б.].

Шетелде қытай тілін оқыту деңгейі артып келе жатқандықтан, қытай тілін шетелдік ортада оқыту да өзінің негізгі теориялық негіздеріне сүйене отырып айтарлықтай жетістіктерге жетті. Алайда, шетелдік ортада қытай тілін оқытудың басты бағыты – студенттердің тілдік қолдану дағдыларын дамыту. Бұл студенттердің қытай тілі туралы білімдерін арттыруда үлкен рөл атқарады. Осыған байланысты, мақалада шетелдік ортада қытай тілін

оқытудың қазіргі жағдайы талданады және оның ауызекі тілді оқытудағы шешу жолдары ұсынылады. Бұл шетелдік ортада қытай тілін оқытуда тиімді тәжірибелерді енгізуге көмектеседі деп үміттенеміз [14, 11 б.].

Қазақстанда қытай тілін оқыту тәжірибесінде көптеген студенттер үшін басты қиындық – қытай тілінің дыбысталуы мен тондарын меңгеру. Қытай тілінде бірнеше тон бар, олардың дұрыс айтылмауы күнделікті қарым-қатынаста түсінбеушілік тудыруы мүмкін. Бұл студенттердің тіл үйренуге деген қызығушылығын төмендетіп, олардың өздеріне деген сенімін азайтады. Мысалы, “мен төрт алма алғым келеді”деп айтқыңыз келсе, қытайша бұл “我想买四个苹果” болады. Алайда тоннан қателік жіберіп осылай айтсаңыз “我想买死个苹果”, “Мен өлгенше алма алғым келеді” деген мағына береді. Осындай жеңіл мысал арқылы тонның маңыздылығын түсінуге болады [14, 17 б.].

Сондықтан, бастапқы кезеңде шетелдік ортада қытай тілі бойынша арнайы ауызекі сөйлеу курстарын ұйымдастыру маңызды. Бұл сабақтарда мультимедиа құралдары немесе басқа да оқыту әдістері қолданылып, студенттердің тілге деген қызығушылығын арттыруға көңіл бөлінеді. Сабақ барысында оқытушылар ауызекі сөйлеу дағдыларын басты назарда ұстап, студенттерді қытай тілін күнделікті қарым-қатынаста қолдануға ынталандыруы керек. Бұл әдіс олардың тілді еркін қолдану дағдыларын қалыптастырады және қытай тілінің шетелдік ортадағы практикалық қолданылу деңгейін арттырады.

Студенттердің ауызекі тілін жетілдіру үшін оларға алдын ала белгілі бір мөлшерде сөздік қорды дайындап, осы сөздерді үнемі қайталап, жаттықтыру арқылы ауызекі қарым-қатынас қабілетін арттыру қажет. Ауызекі тілді оқытуды бастамас бұрын, тіл мен сөздерді жүйелеу арқылы студенттердің тіл үйренуіндегі олқылықтарды жоюға болады. Сабақ басталғанға дейін иероглифтер мен жаңа сөздерді алдын ала қарап, оларды айту мен оқуды меңгеру деңгейіне жеткізу керек. Сабақтың кіріспе бөлімінде оқытушы қытай әдебиеті тақырыптары арқылы жаңа сөздерді таныстыру арқылы студенттердің алдын ала дайындық деңгейін тексере алады. Жаңа сөздерді сөйлемдер мен контекске енгізу арқылы студенттердің сөздік пен сөйлемдерді тереңірек түсінуіне ықпал етеді. Егер сабақтың кіріспе кезеңі жақсы өтсе, бұл студенттердің алдын ала дайындықтағы түсінігі дұрыс болғанын көрсетеді және ауызекі қытай тілін диалог арқылы әрі қарай жаттықтыруға мүмкіндік береді. Осылайша, студенттер қызықсыздықтан шаршамай, қытай тілін үйренуге белсенді қатысады. Бұл әдіс студенттердің ынтасын оятып, ауызекі тілді жетілдіруге септігін тигізеді [14, 19 б.].

Ауызекі қарым-қатынас нақты тілдік ортаға сүйенеді. Қытай тілі ана тілі емес ортада, оқытушылар әртүрлі тілдік қарым-қатынас жағдайларын құра алады, әртүрлі сөйлеу стилдері мен баяндау тәсілдерін қолдану қажет. Тек сөйлеу стилі мен тілдік әдеттерге назар аударғанда ғана тілді дәл әрі орынды қолдануға болады. Ауызекі тілді оқыту барысында оқытушылар студенттердің

меңгеруі қажет тілдік білімін нақты тілдік қарым-қатынас жағдайларына енгізуі керек. Студенттер сөздік пен сөйлем үлгілерінің нақты қолдану ортасын түсініп, орынды сөйлесуді үйренуі үшін тиісті тілдік жағдайлар жасау қажет.

Көптеген оқулықтарда белгілі бір фон мен тілдік орта беріледі. Сабақ мәтіндері немесе диалогтар көбінесе сол ортаға негізделеді. Оқытушылар оқулықтағы тілдік ортаға сүйене отырып, оны кеңейте және тереңдете алады. Бұл студенттерге ұқсас ортадағы тілдік стильдердің ерекшеліктерін көбірек түсінуге және диалогтық қарым-қатынас жаттығуларын орындауға мүмкіндік береді. Осының нәтижесінде қарым-қатынас пен тәжірибе арқылы ауызекі сөйлеу деңгейін арттырады.

Ауызекі тілде сөйлеу негізінде ойлау процесіне тәуелді дербес әрекет болып табылады. Бұл сөйлеу кезінде ойлау мен баяндау процестерінің үйлесімділігін қажет етеді. Осыған сүйене отырып, қытай тіліндегі ауызекі сөйлеу оқытушылары студенттердің қызығушылығын оятуы керек. Олар оқуды және қарым-қатынасты өз бетімен орындауды ұнатуы үшін, әсіресе, қытай тілі ана тілі емес ортада ойлау мен сана арқылы қарым-қатынас жасауды ынталандыру маңызды. Көптеген студенттер сөздік пен грамматиканы үйренгенімен, сөйлеуге құлықсыз. Сондықтан ауызекі сөйлеу тәжірибесін арттыру мүмкіндіктері өте маңызды.

Оқытушылар студенттердің сабақтағы ауызекі сөйлеуге деген қызығушылығы мен ынтасын оятуы тиіс. Оларды күнделікті қытай тілінде көбірек қарым-қатынас жасауға ынталандыру қажет. Сабақта оқытушылар түрлі әдістерді қолданып, дәстүрлі лекциялық тәсілден ауытқып, оның орнына студенттерге коммуникативтік тапсырмалар береді. Олар бұл тапсырмаларды топтарға бөлініп, ынтымақтастықта талқылайды және соңында күнделікті қарым-қатынас тапсырмаларын орындайды [15, 20 б.].

Студенттердің күнделікті тілдік қарым-қатынас қабілетін дамыту нақты өмірлік жағдайларда жүзеге асырылуы тиіс. Сабақтағы оқытумен шектелу жеткіліксіз. Сабақтан тыс уақытта қытай тілі ана тілі емес ортада симуляциялық ауызекі сөйлеу жаттығуларының шектеулері бар. Студенттер күнделікті өмірде көптеген ауызекі қарым-қатынас мәселелері мен қиындықтарға тап болуы мүмкін. Мұндай жағдайда оқытушылар студенттердің күнделікті өміріне көбірек еніп, олардың сабақтан тыс ауызекі сөйлеу жаттығуларына жетекшілік етуі керек. Бұл олардың жалпы ауызекі сөйлеу тәжірибесін жақсартуға көмектеседі [16, 55 б.].

Оқытушылар "үлкен сабақ(аудитория)" тұжырымдамасын енгізуі керек. Олар студенттерге шынайы өмірмен байланысты коммуникативтік тапсырмалар бере алады, мысалы, мейрамханада тағамға тапсырыс беру, супермаркеттен тауар сатып алу немесе банктен ақша алу. Бұл студенттерге нақты тәжірибе жинауға мүмкіндік береді және қытай тілін ана тілі ретінде қолданушылармен қарым-қатынас жасауға батылдық береді [17, 18 б.].

Осыған байланысты, қазіргі уақытта қолжетімді бірнеше тиімді қосымшаларды атап өткен жөн:

1. Hello Chinese: Бұл қосымша 25-тен астам тақырып бойынша грамматиканы, фонетиканы және тыңдау дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Ерекшелігі – сөздер мен сөйлемдерді диктовка арқылы айтып, оларды талдап, түзету ұсыныстарын беру мүмкіндігі.

2. Decipher Chinese: Қытай тілін жаңа үйреніп жүргендерге арналған онлайн оқулық. Әртүрлі дайындық деңгейіне арналған мәтіндерден тұрады, негізінен бастаушылар үшін. Кез келген сөзді басқанда, бағдарлама оны путунхуа диалектісінде дыбыстайды.

3. Qing Ting: Қытай аудиоконтентінің ауқымды кітапханасы, оның ішінде аудиокітаптар мен ана тілінде дыбысталған мәтіндер бар. Барлық жүктелген аудиофайлдарды кейін тыңдау үшін құрылғыға сақтауға болады.

4. Chinese Writer: Тетриске ұқсас интерактивті қосымша, мұнда қолданушыға иероглифті «төмен түсіп келе жатқанда» жазып үлгеру қажет. Жазу дағдылары мен реакция жылдамдығын жаттықтыруға тиімді. Тағамнан бастап саясатқа дейін әртүрлі тақырыптық санаттар ұсынылады.

5. Trainchinese: Сөйлеуді жаттықтыруға, сөздік қорды кеңейтуге және иероглиф каллиграфиясын жетілдіруге арналған көпфункционалды қосымша. Афоризмдер бөлімі және камера арқылы мәтінді тану функциясын ұсынады.

Сонымен қатар, студенттер кездескен мәселелерін сабаққа алып келіп, оларды бірге талқылай алады. Бұл сыныптағы оқытудың мазмұны мен ауқымын кеңейтуге көмектеседі.

Қорытынды

Жалпы алғанда, қазіргі таңда қытай тілін ана тілі емес ортада оқыту қызығушылықты оятуға және тілдің нақты қолдану қабілетін дамытуға бағытталған. Тілдің қолданылуы мен қабілеттілігін дамытуға негізделген жаттығулар арқылы қытай тілі туралы білім тиімді біріктіріледі. Сабақтағы нақты қарым-қатынасты шынайы өмірмен байланыстыра отырып, студенттерге өздерінің белсенді ойлау тәсілдері арқылы қытай тілі жүйесімен байланыс орнатуға мүмкіндік беріледі.

Қытай тілін ауызекі сөйлеу барысында қолдану әдетін дамыту арқылы студенттер тілдік жүйемен толық қарым-қатынас жасап, логикалық ойды білдіруді үйренеді. Ауызекі қарым-қатынас жаттығулары арқылы олар өздерінің ауызекі сөйлеу деңгейін жақсарта алады. Осылайша, қытай тілі ана тілі емес ортада болса да, олардың тілдік қарым-қатынас қабілеті мен тілдің кешенді қолдану қабілеті жан-жақты дамиды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Бай Цзичжун. Мандарины тілінің деңгейін бағалау оқулығы//Бейжиң тілдер баспасы. – Бейжиң, 2018. – 8 қыркүйек.

2. Ли Мин. Қытай тілін шетелге оқыту//Бейжің университетінің баспасы. – Бейжиң, 2019. – 8 қыркүйек.

3. Чжоу Синван, Табысқа жеткен адамдардың сөйлеу дағдыларының 10

әдісі//Хайчао баспасы. – Чаңчун, 2020. – 18 қазан.
4. Ван Лу, Қытай тілінің фонетикасы туралы кіріспе//Коммерциялық баспа үйі. – Чаңчун, 2021. – 8 қыркүйек.
5. Чжан Вэй, Мәдениетаралық коммуникация және тілдік өрнек//Бейжің университетінің баспасы. – Бейжиң, 2021. – 15 ақпан.
6. Ма Сяолан, Кәсіби білім беру курстарын әзірлеу және практика//Жоғары білім беру баспасы. – Бейжиң, 2022. – 11 сәуір.
7. Лю Сяодун, Орталық Азия мәдениеті мен тілі туралы зерттеулер//Орталық ұлттар университетінің баспасы. – Бейжиң, 2023. – 21 қыркүйек.
8. Сунь Цзяньхуа, Қытай тілін екінші тіл ретінде оқыту әдістері//Халық білім беру баспасы. – Бейжиң, 2023.
9. Ван Сяохун. "Туристік қызмет және қытай тілінің өрнегі"//Солтүстік-Шығыс оқытушыдер университетінің баспасы. – Чаңчун, 2022.
10. Чэнь Сяомин, Жаһандану аясында қытай тілін оқыту//Шет тілдерін оқыту және зерттеу баспасы. – Бейжиң, 2022.
11. Син Фуюй, Қытай грамматикасы//Бейжің коммерциялық баспа үйі. – 2016.
12. Хуан Божун, Ляо Сюдун, Қазіргі қытай тілі//Бейжің жоғары білім баспасы, – 2010.
13. Ван Цзюэ, Би Янцзюань, Сөйлем соңындағы шылау сөздердің реттілігін зерттеу// Тіл оқыту және зерттеу журналы, –№1. – 2018.
14. Ши Жочэнь, Ситуациялық оқыту әдісінің шетелдіктерге қытай тілін үйретудегі рөлі мен қолданылуы//Білім беру бақылауы журналы, – 2020, №5. , – 18-20 б.
– [Электрондық ресурс] https://www.ncpssd.org/3e08ccac-8a0c-4a3c-8139-43464198660a
15. Ню Синьди, Шет тілі ретінде қытай тілінің ауызша сөйлеуін оқытудың қиындықтары мен шешу жолдары, Әдеби білім беру журналы, – 2022, №5, – 92-94 б.
– [Электрондық ресурс] https://www.ncpssd.org/f7818fb2-cbe9-474d-81af-a6c1968a9d76
16. Ли Сюань, Шет тілі ретінде қытай тілін оқытуда ауызша сөйлеу дағдыларын дамыту стратегияларын зерттеу, Қытай ғылымы журналы, – 2015, №11, – 226 б.
– [Электрондық ресурс] https://www.ncpssd.org/addfd366-4445-4714-b0b2-ebc5547c375e
17. Шэнь Цзе, Шет тілі ретінде қытай тілін оқытуда коммуникативті әдістің қолданылуы туралы қысқаша талқылау, Танымал шығармаларды бағалау, –2023,№12.–182-184 б.
– [Электрондық ресурс] https://www.ncpssd.org/f9dc6700-7728-4682-8489-a5381ceb58b0
18. Ма Джиа, Шетелдіктерге қытай тілін ауызекі үйретудегі оқу

стратегияларын қысқаша талдау, Қытай тілі мен әдебиетін оқыту, – 2018, №11. – 39-40 б.
– [Электрондық ресурс] https://www.ncpssd.org/4d68bc3b-c86f-49d2-9613-b0c0981b4598

THE IMPACTS OF LINGUA-CULTURE TRANSLATION IN THE TOURISM SPHERE OF KAZAKHSTAN

KURMANBAYEVA U.
International Tourism and Hospitality University
(Turkestan, Kazakhstan)
Sarakurmanbay2019@gmail.com

АННОТАЦИЯ. Мақалада туризм саласындағы мәдени аударманың ерекшеліктері қарастырылған. Жаһанданудың дамуымен және әртүрлі этномәдени бірлестіктердің жағдайларының өзгеруімен әртүрлі мәдениеттердің өзара әрекеттесуі, мәдениетаралық айырмашылықтарды. Мақаланың мақсаты – аударма қызметінің мәдени анықталған ерекшеліктерін қарастыру. Туризмге қатысты бастапқы мәтіндер мен адамдар аударма қауымдастығына таныс белгілер мен эмоционалды коннотацияларға айналады, олар шетел мәдениеттерінің ішкі сәйкестіктерін жасайды.
***Кілт сөздер*:** Лингвомәдени аударма, мәдениет, туризм менеджменті.

АННОТАЦИЯ. В статье рассматриваются особенности культурологического перевода в сфере туризма. С развитием глобализации и этнокультурных общностей в центре внимания исследователей появляются проблемы. Цель статьи - рассмотреть культурно обусловленную специфику переводческой деятельности. Связанные с туризмом исходные тексты и люди трансформируются в знаки и эмоциональные коннотации, знакомые переводческому сообществу, конструирующему в качестве таковых внутренние идентичности иностранных культур.
***Ключевые слова*:** Лингвокультурный перевод, культура, менеджмент туризма.

ANNOTATION. This paper deals with cultural translation features in tourism sphere. With the development of globalization and ethno-cultural communities. The aim of the paper is examined culturally determined specificity of translation activity. Tourism related source texts, people are transformed into signs, emotional connotations to the translating community constructing as such domestic identities of foreign cultures.
Keywords: Lingua-culture translation, culture, tourism management.

INTRODUCTION

The general understanding lingua-cultural contacts that allowed for cross-cultural fertilization were made possible through translation. Translation, in the main, has been understood as an activity that requires knowing the source and target languages to achieve the same informational and emotive effects of the source language in the target one. Yet, the search for equivalence led translators to realize that linguistic terms do not appear in isolation; they are part and parcel of a culture. The characterization of language is constantly changing, adapting to everyday life, art, social progress and people's values; expresses the culture of people who some speak it. It's impossible to completely master the language without knowing the culture of the people. Problems arise in fact in the translation of tourist texts. They will actively to frame perception or rely on translators access cultural differences. In a word, translators mediate texts which refers to a decision concerning how much information the other person can be expected to possess on a given subject. The term "lingua-culture" was coined by Michael Agar in 1994 to define the essential tie between language and culture. [1] Later, Agar (2006) defines culture as "translation" in relation to his notion of 'lingua-culture'. [2] Scientists claim the need for research on the interaction of cultures, the basis of which "translation" as a phenomenon of contact of cultures through contact of languages». According to Ter- Minasova and Semenov today in intercultural communication often use the concept of "conflict of cultures" or "dialogue of cultures", understood in the form of a collision of two national consciousness's in the course of intercultural dialogue, represented as the opposition "own'– "foreign". Cultural the barrier is much more dangerous than the language barrier, because "it is made of absolutely transparent glass and you do not feel it until you break it itself forehead about this invisible barrier". [3]

Scientists claim the need for research on the interaction of cultures, the basis of which "translation" as a phenomenon of contact of cultures through contact of languages». According to Ter-Minasova and Semenov today in intercultural communication often use the concept of "conflict of cultures" or "dialogue of cultures", understoo in the form of a collision of two national consciousnesses in the course of intercultural dialogue, represented as the opposition "own" - "foreign". Cultural the barrier is much more dangerous than the language barrier, because 'it is made of absolutely transparent glass and you do not feel it until you break it itself forehead about this invisible barrier". The translator in this context has a special role, his purpose is to make "someone else's" for the recipient of the transfer "other", and maybe even "his". The standard opposition is expanded by the component "other", which is not yet "own", but nevertheless already understandable, since in the modern world there is an increasing understanding that the representatives of another people may have a different perception of the world, and their behaviors, including speech, may differ.



Figure 1. Lingua-cultural competence

METHODLOGY

Intercultural interaction invariably implies that communicating entities appear as subjects of culture, representatives of a certain sociocultural community. Culture functions as a set of material and spiritual values of society, comprising a variety of historical, social, and psychological aspects of the ethnic group, its traditions, attitudes, values, institutions, behavior, lifestyle, living conditions– in other words, all dimensions of its existence and consciousness, including its language [4].Therefore, the translator appears to operate as a point of contact between the two cultures, an agent guiding the process of communication, and this function happens to be especially important in the context of business interaction [5]. Consequently, there is a wide range of competences for translators to master The survey used in the study relied on the data collected by tutors, teachers, and lecturers employed in higher educational institutions in International tourism and hospitality university in Turkestan, Kazakhstan and involved in specialized translation training. The answers gathered from the total of 29 respondents were considered sufficient for the purposes of the survey, as the data obtained allowed to generate consistent and well-defined inferences. The respondents involved in the survey represented one country and two affiliations.

In the present paper, it is argued that the efficiency of the end product of translation efforts does not rely on linguistic competence and cultural competence as two individual types of professional expertise, but feeds upon a combination of the two, i.e. lingua-cultural competence.

Therefore, the study aims to:

- analyse specialised translation in terms of its association with the domain of IBC;
- examine culturally determined specificity of translation activity;
- consider lingua-cultural competence as a cornerstone of translators' performance;
- give consideration to the opposition of 'accuracy' vs 'readability' as a

stumbling block for translator's activity; and draw up a model of the lingua-cultural competence of translators specializing in IBC.

Table 1. Number respondents involved in the survey

Country	Affiliation	Description	Total respondents involved
Kazakhstan	Tourism department	International University of Tourism and Hospitality 2nd course students	15
Kazakhstan	Hospitality department	International University of Tourism and Hospitality 2nd course students	14

Based on the high degree of data consistency (89, 79, and 94 per cent respectively), the resulting statistics was accepted as reasonably justified. The data obtained through the survey can be graphically presented as follows (Figure 2):



Figure 2. Statistics result

Consistent with the objectives outlined in the introduction to the paper, the study sets out to highlight the role of the lingua-cultural competence in ensuring adequate and accurate transfer of information into the target language in the course of translation of intercultural business discourse. A challenging task in this respect would be evaluating it in terms of practical importance for future translators specializing in IBC, and seeing that there is no rock-solid and overwhelmingly objective technique to do that (as, obviously, competences as such imply uncertainty

in terms of level of mastery required, assessment techniques applied, and objective importance attached), one might conclude that the most expedient inferences could be made through surveying those involved in the process in the line of profession. The survey used in the study relied on the data collected by tutors, teachers, and lecturers employed in higher educational institutions in International Tourism and hospitality University in Turkestan, Kazakhstan and involved in specialized translation training. The answers gathered from the total of 29 respondents were considered sufficient for the purposes of the survey, as the data obtained allowed to generate consistent and well-defined inferences.

CONCLUSION

This study set out to examine the role of the lingua-cultural competence as a focal point of translators' performance aimed at accurate transfer of both linguistically and culturally marked information into the target language. By applying the survey instruments, the researchers were able to come up with the model of the lingua-cultural competence customized for the training of translators specializing in intercultural business communication. The content of training activities in translation studies will thus involve expanding students' linguistic and cross-cultural horizons, shaping their linguistic identity through the development of additional knowledge and skills in all the main aspects of verbal communication– linguistic, communicative, personal, and vocational. This process requires methodological grounding that would balance out the "dual loyalty" phenomenon described by Schweitzer (1988), and highlighting translators' pursuance of both accuracy (compliance with the original text) and readability (efficient interpretation of the original text) [6]. In light of the need for a comprehensive methodological foundation in training translators specializing in intercultural business communication, this study deployed survey instruments to come up with the model of the linguacultural competence customized to fit their vocational requisitions. This model was used to describe a sequence of methodological operations that could be implemented to introduce student translators specializing in intercultural business communication to the key strategies and techniques of translation. Following these recommendations, teachers will be able to teach student translators to handle translation problems associated with semantic, textual, stylistic, and cultural aspects of translation. Specifically, this refers to appreciation of the denotative, expressive, and cultural equivalence, as well as some specific differences between the source and target languages with regard to their formal coherence, the semantic unity of the text, the types, and prerequisites of cross-language congruity, and transformations introduced in the course of translation activity.

REFERENCES

1. Nord, C. Translating as a purposeful activity: Functionalist approaches explained. Routledge. - 2014.

2. Agar, M. (2006, September). An ethnography by any other name... In Forum Qualitative Sozialforschung/Forum: Qualitative Social Research. - Vol. 7,

No. 4.
3. Tatarinova, M. N., Ribakova, L. A., & Mynbayeva, A. K. Formation of students' emotional-valuable relations in foreign language education. International Electronic Journal of Mathematics Education.- 2016. 231-241.
4. Otsuka, K., Yamanaka, T., Cornelissen, G., Breus, T., Chibisov, S. M., Baevsky, R., ... & Fiser, B. Altered chronome of heart rate variability during span of high magnetic activity. Scripta Medica (Brno).- 2000. - 111-116.
5. Marin-Lacarta, M. Mediated and marginalised: Translations of modern and contemporary Chinese literature in Spain (1949-2010). – Meta. 2018. 306-321.
6. Schweitzer, J. C. Research article productivity by mass communication scholars. Journalism Quarterly.- 1988. 479-484

ТҰРАҚТЫ ТУРИЗМДЕГІ СТЕЙКХОЛДЕРЛЕРДІҢ «ЖЕТІЛУ» ДЕҢГЕЙІ: ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Альмухамбетова Б.Ж., Ырза Б.Ш
Халықаралық туризм және қонақжайлылық университеті
(Түркістан, Қазақстан)
E-mail: botagoz.almukhambetova@iuth.edu.kz, bekzat.yrza@iuth.edu.kz

Аннотация. Бұл мақалада Қазақстан Республикасының жағдайында тұрақты туризмнің теориялық және практикалық аспектілері қарастырылып, онда мүдделі тараптардың («стейкхолдерлер»: немесе туризм саласының «мүдделі тараптар» немесе «қызығушылық білдіретін тараптар» мемлекеттік органдар, туристік бизнес, жергілікті қауымдастықтар, үкіметтік емес ұйымдар және туристер) рөлі мен «жетілу» деңгейіне баса назар аударылады. Туризмді тұрақты дамытуға арналған модельдеу, интегралды және маркетингтік тәсілдер мен стейкхолдерлердің әріптестігін талқылайтын бірқатар зерттеулер зерделенді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, тұрақты дамудың қағидаттарын ойдағыдай енгізу үшін қоршаған ортаға ұқыпты қарау, пайдадан ұтымды қайта инвестиция жасау және туристік дестинацияларды басқарудың икемді саясатын қамтитын мүдделі тараптардың келісімді іс-әрекеті қажет. Сондай-ақ стейкхолдерлердің «жетілу» деңгейін бағалау және тұрақты туризм саласындағы ынтымақтастықтың тиімділігін арттыруға арналған ұсыныстар берілді.

***Кілт сөздер*:** тұрақты туризм, мүдделі тараптар, Қазақстан, туризмді дамыту, стейкхолдерлердің өзара іс-қимылы.

Аннотация. В данной статье рассмотрены теоретические и практические аспекты устойчивого туризма в контексте Республики Казахстан с учётом роли и «зрелости» стейкхолдеров (государственных органов, бизнеса,

местных сообществ, некоммерческих организаций и туристов). Проанализированы исследования, посвящённые моделированию устойчивого туризма, применению интегральных и маркетинговых подходов, а также изучению коллаборации заинтересованных сторон. Выявлено, что для эффективного внедрения принципов устойчивого развития необходимы согласованные действия всех участников, включающие бережное отношение к окружающей среде, разумное реинвестирование и гибкую политику управления туристскими дестинациями. Предложены рекомендации по оценке «зрелости» стейкхолдеров и повышению эффективности взаимодействия в сфере устойчивого туризма.

***Ключевые слова*:** устойчивый туризм, заинтересованные стороны, Казахстан, развитие туризма, взаимодействие стейкхолдеров.

Annotation. This paper investigates the theoretical and practical aspects of sustainable tourism in the Republic of Kazakhstan, with a focus on the role and maturity of stakeholders. The research on modeling sustainable tourism, implementing integrated and marketing techniques, and investigating stakeholder engagement is examined. It has been discovered that in order to effectively execute sustainable development principles, all parties must coordinate their actions, which include environmental stewardship, reasonable reinvestment, and a flexible management policy for tourist attractions. Recommendations are made for assessing stakeholders' "maturity" and improving the effectiveness of collaboration in the field of sustainable tourism.

***Keywords*:** sustainable tourism, stakeholders, Kazakhstan, tourism development, stakeholder collaboration.

Кіріспе. Қазақстан Республикасы кең ауқымды табиғи ландшафттарымен (дала, тау, көл, шөл) және бай мәдени-тарихи мұрасымен ерекшеленіп, туризмді дамытуда үлкен әлеуетке ие. Соңғы жылдары елде экономикалық пайда, жергілікті халықтың мүдделері мен экологиялық тепе-теңдікті сақтайтын тұрақты туризм тұжырымдамасына деген қызығушылық артып келеді.

Тұрақты туризмді табысты дамытудың негізгі факторларының бірі – стейкхолдерлердің «жетілуі», яғни олардың өзара серіктестікке әзірлігі, тұрақты даму қағидаттарын түсінуі және барлық мүдделі тараптардың игілігі үшін келісілген шешімдерді іске асыру қабілеті. Бұл тұрғыда қолда бар ғылыми еңбектер тұрақты туризм жүйесінің орнықтылығын әртүрлі қырынан бағалайды. Алайда Қазақстан аясында институционалдық реформалар, ESG қағидаттарын енгізу және жергілікті қауымдастықтарды жұмылдыру мәселелері әлі де өзекті. Мақала мақсаты – тұрақты туризм саласындағы заманауи теориялық-әдістемелік зерттеулерді саралап, олардың Қазақстандағы қолданылу мүмкіндігін жүйелі түрде бағалау және стейкхолдерлердің «жетілуін» арттыру бойынша ұсыныстар ұсыну.

Тұрақты туризм бойынша негізгі зерттеулер және олардың Қазақстанға қатыстылығы туралы негізгі зерттеулер 1-кесте көрсетілген. Умбетов У., Шиныкулова А. еңбегінде «туристер – орта – капитал» деген үш айнымалыдан тұратын минималды математикалық модель ұсынылған. Авторлар экологиялық шектеулерді сақтаудың және пайданы қайта инвестициялаудың маңыздылығын атап көрсетеді; сыртқы күйзелістердің (COVID-19 т.б.) әсерінен жүйе тепе-теңдіктен шығып кетуі мүмкін екенін ескертеді [1].

Кесте 1. Тұрақты туризм бойынша негізгі зерттеулер және олардың Қазақстанға қатыстылығы

Автор	**Негізгі идея**	**Қазақстандағы маңыздылығы**
Умбетов У., Шиныкулова А.	Минималды модель (туристер, орта, капитал), қайта инвестициялау, экология	Бай табиғи ресурстарға ие өңірлердің (Ұлытау, Алматы обл. т.б.) динамикасын бағалауға қолайлы
Дагман С.	Интегралды маркетинг, саларалық ынтымақтастық	Қазақстанда туристік дестинацияларды кешенді ілгерілетуге септігін тигізеді
Дашкова Е.В.	Тұрақты туризмнің сыртқы және ішкі факторлары, өңірлік стратегиялар	Өңірлік бағдарламаларды әзірлеуде және экополитиканың ықпалын бағалауда маңызды
Копырин А.С.	Стейкхолдерлердің топтық мүдделер моделі	Мемлекеттік органдар, бизнес, ҮЕҰ мен жергілікті халықтың өзара іс-қимылын жүйелі талдауға көмектеседі
Насыров М.	ESG қағидаттарының біріктірілуі	Чарын, Маңғыстау, Алматылық өңір секілді экопроектілер үшін аса қажетті

Копырин А.С. туристік жүйедегі әлеуметтік-экономикалық, экологиялық және мәдени мақсаттардың әртүрлілігін ескеретін стейкхолдерлердің топтық мүдделері моделіне мән береді. Бұл тәсіл Қазақстандағы көпқырлы мүдделі тараптар арасында өзара іс-қимылды формализациялауға мүмкіндік береді [2]. Дагман С. туристік нарықтың әртүрлі субъектілерін (жергілікті халық, бизнестер, мемлекеттік органдар) бірлескен шешім қабылдауға жұмылдыратын интегралды маркетингтің маңызын, оның ішінде relationship marketing, аумақтық (territorial) және қоршаған орталық (environmental) маркетингті біріктіруді ұсынады [3]. Дашкова Е.В. тұрақты туризмге әсер ететін сыртқы (әлемдік экологиялық үрдістер, нарық конъюнктурасы) және ішкі (өңірлік даму стратегиялары, қаржыландыру мүмкіндіктері) факторларды жіктейді, осы факторларды Қазақстан өңірлері үшін кешенді есепке алу қажет екенін атап өткен жөн [4]. Насыров М. тұрақты туристік жобалардың ұзақмерзімді орнықтылығын қамтамасыз ету үшін ESG (Environmental, Social, Governance) қағидаттарының керек екенін баса айтады. ESG қағидаттары экономикалық, әлеуметтік және

экологиялық бағыттағы теңгерімді қолдауды болжайды [5]. Сонымен қатар, аталған ғалымдар еңбектерінде стейкхолдерлердің өзара әрекеттесу сапасы тұрақты туризм бағдарламаларының табыстылығын анықтайтыны баса көрсетілген. Стейкхолдерлердің «жетілуі» – өзара мүдделерді ұғыну, пайда мен тәуекелдерді бөлісу, ұзақ мерзімді бастамаларға қатысу қабілеті сияқты белгілерге негізделеді.

Зерттеу әдістері. Зерттеу барсында келесідей әдістер қолданылды: контент-анализ, тұрақты туризмге қатысты зерттеу еңбектерінің түйінді тұстары зерделеніп, стейкхолдерлердің «жетілу» деңгейін анықтауға арналған экономикалық, экологиялық және әлеуметтік факторлар жүйеленді. Салыстырмалы талдау, тұжырымдамалық модельдер Қазақстандағы нақты өңірлік жағдайлармен салыстырылып, ұқсастықтар мен айырмашылықтар анықталды. Интерпретациялық тәсіл, Қазақстандағы тұрақты туризмді ілгерілету мүмкіндіктерін бағалау үшін әдебиеттегі ұсыныстар мен нақты практикалық мысалдар (Улытау, Алматы обл., Маңғыстау) егжей-тегжей қарастырылды.

Талдау және нәтижелер

Жүргізілген талдау Қазақстандағы тұрақты туризмнің табысты дамуын айқындайтын төрт негізгі аспектіні бөліп қарауға мүмкіндік береді.

Экологиялық жетілу. Ел территориясында Балқаш, Көлсай, Үстірт сияқты ерекше табиғи нысандар орналасқанымен, экологиялық технологияларға инвестиция салуға және оларды жүйелі қолдануға стейкхолдерлердің дайындығы әлі шектеулі. Бірқатар ұлттық парктер мен жекеменшік экоқонақүйлер мысалында оң үрдіс байқалғанымен, олардың ауқымы жеткіліксіз.

Әлеуметтік жетілу. Тұрақты жобалардың табыстылығы көбіне жергілікті қауымдастықтардың мүддесін қорғауға және жұмысқа жұмылдыруға байланысты (Musina, 2024). Алыс өңірлерде халық пен билік органдарының өзара байланысы әлсіз болғандықтан, әлеуметтік шиеленіс туындауы мүмкін.

Экономикалық және басқарушылық жетілу. Қазақстанда экономиканы әртараптандыру және ШОБ (шағын және орта бизнес) тарту деңгейі жеткіліксіз болып отыр. Сонымен қатар, ірі инвесторлар мен мемлекеттік органдар арасындағы әріптестік тетіктері біржақты немесе ашықтықтың төмендігіне байланысты ұзақмерзімді тұрақтылыққа нұқсан келтіруі ықтимал.

Институционалдық жетілу (ESG және мемлекеттік реттеу). ESG қағидаттарын енгізу үшін тиісті заңнамалар мен экономикалық ынталандыру шаралары керек (салықтық жеңілдіктер, жеңілдетілген рұқсат беру тәртіптері). Ұлттық деңгейдегі тұрақты туризм стандарттарының болмауы жобалардың нәтижелілігін салыстыруды қиындатады (кесте -2).

Жалпы қорыта келе, зерттеулер қорытындысы бойынша келесідей ұсынымдар ұсынылады:

1. Тұрақты туризмнің бірыңғай ұлттық стандарттары мен индикаторларын әзірлеу: ESG қағидаттарын, «жасыл» туризм талаптарын және әлеуметтік жауапкершілікті қамтитын әдістемелік нұсқаулықтар дайындау; Ұлттық және өңірлік деңгейде туризмнің экологиялық-әлеуметтік-экономикалық жағдайына тұрақты мониторинг жүргізу.

2. Өңірлік кластерлер құру. Кластерлік модельді пайдалану арқылы туроператорлар, жергілікті қауымдастықтар, мемлекеттік органдар мен білім беру мекемелері арасындағы ынтымақтастықты күшейту; МЖӘ (мемлекеттік-жекеменшік әріптестік) шеңберіндегі жобаларды кеңейту: агротуризм (Солтүстік Қазақстан), экотуризм (Алматы обл.), мәдени-танымдық туризм (Түркістан, Улытау) [6].

3. Жергілікті халықтың рөлін арттыру. Халыққа арналған оқу бағдарламаларын (экологиялық менеджмент, кәсіпкерлік негіздері) ұйымдастыру, шағын және микрокредит беру механизмдерін қамтамасыз ету; Әлеуметтік шиеленіс қаупін азайту мақсатында тұрақты диалог пен шешім қабылдауға жергілікті қауымдастық өкілдерін тарту.

4. Интегралды маркетинг және цифрландыру. Интегралды маркетинг тәсілдерін қолдану (relationship marketing, территориялық, экологиялық маркетинг) арқылы бірегей турөнімдерді (этно-, гастрономиялық фестивальдер) дамыту; туристік өнімдер мен қызметтерді цифрлық платформаларда ілгерілету (онлайн-бронирование, виртуалды гидтер), туризм саласындағы деректерді ашық басқару [7].

Қазақстандағы тұрақты туризмнің ынтымақтастық модельдері мен стейкхолдерлердің «жетілу» деңгейіне қатысты нақты статистикалық деректер шектеулі. 2024 жылы Қазақстанға келген шетелдік туристер саны 10% өсіп, 7 миллионнан астам адамды құрады [8]. Саладағы жалпы табыс 2024 жылы 1,5 миллиард АҚШ долларына жетті, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 12% артық [9].

Triple Bottom Line (TBL) теориясымен байланыстыратын болсақ экологиялық туризм жобаларына бөлінген инвестициялар 2024 жылы 200 миллион теңгеге жетті. Бұл қаражат ұлттық парктердің инфрақұрылымын жақсартуға және экологиялық білім беру бағдарламаларын іске асыруға бағытталды [4].

Community-Based Tourism (CBT): Отырар және Сауран аудандарында жергілікті тұрғындардың туризмнен түсетін табысы орта есеппен 15% артты. Бұл көрсеткіш қауымдастықтардың туризмге қатысуының оң әсерін көрсетеді [10].

Мемлекеттік және жекеменшік әріптестік немесе Public-Private Partnership (PPP): Шымбұлақ тау курортына соңғы 5 жылда 5 миллиард теңгеден астам инвестиция тартылды. Бұл қаражат инфрақұрылымды дамытуға және қызмет көрсету сапасын арттыруға жұмсалды [11].

Стейкхолдерлердің «жетілу» деңгейі: 2024 жылы туризм саласындағы мемлекеттік қызметкерлер үшін 50-ден астам оқыту семинарлары мен

тренингтері өткізілді. Бұл олардың кәсіби біліктілігін арттыруға бағытталған [12]. СВТ жобаларына қатысатын 100-ге жуық ауылдық қауымдастық құрылды, олардың 70% экологиялық және мәдени туризм саласында белсенді жұмыс істейді [13]. Туристік кәсіпорындардың 60% тұрақты даму қағидаттарын енгізуге қызығушылық танытуда, алайда олардың тек 30% нақты экологиялық және әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруда [14].

Қорыта келе, Қазақстандағы тұрақты туризмді дамытуда әртүрлі ынтымақтастық модельдері – Triple Bottom Line, Community-Based Tourism және Public-Private Partnership – кезең-кезеңімен енгізіліп, нақты нәтижелер бере бастағаны байқалады. Стейкхолдерлердің (мүдделі тараптардың) «жетілу» деңгейі әртүрлі болғанымен, олардың көпшілігі тұрақты даму қағидаттарына бет бұрып, экологиялық, әлеуметтік және экономикалық бағыттарда оң қадамдар жасауда. Алайда бұл үдерісті тереңдету үшін жүйелі түрде мониторинг жүргізу, білім беру бағдарламаларын кеңейту, жергілікті қауымдастықтардың әлеуетін күшейту және нақты экологиялық-әлеуметтік жобаларға қолдау көрсету қажет. Ұзақ мерзімді перспективада тұрақты туризм – елдің туристік секторының сапалы әрі үйлесімді дамуына негіз бола алады.

Зерттеу барысында мүдделі тараптардың «Жетілу» фреймворкі: Тұрақты туризмдегі стейкхолдерлер үшін (KazTour-Maturity Framework) әзірленді. Фреймворк 5 негізгі даму деңгейін (stage) және 6 бағалау өлшемін (dimension) қамтиды. Бұл өлшемдер әрбір стейкхолдердің тұрақты туризмге қосқан үлесін, қатысу белсенділігін, серіктестік деңгейін, ақпараттану мен инновацияны, ресурстық әлеуетін сипаттайды (кесте-2,3).

Кесте 2. Бағалау өлшемдері (Dimensions):

№	Өлшем атауы	Сипаттамасы
1	Қатысу белсенділігі	Туризм саясаты мен жобаларға қатысу деңгейі
2	Серіктестік пен кооперация	Басқа стейкхолдерлермен ынтымақтастық деңгейі
3	Тұрақты туризм туралы түсінік	Экологиялық, әлеуметтік, мәдени аспекттерді түсіну және қолдану
4	Ресурстық және институционалдық база	Қаржы, кадр, инфрақұрылым мен заңнамалық база
5	Инновация және цифрландыру	Жаңа технологиялар мен smart tourism құралдарын қолдану
6	Әлеуметтік жауапкершілік	Жергілікті қауымдастықпен жұмыс, әділеттілік, гендерлік теңдік, инклюзия

Қазақстанда тұрақты туризмді дамыту жолында мүдделі тараптардың (стейкхолдерлердің) жетілу деңгейін бағалау үшін арнайы фреймворк әзірлеу – маңызды әрі уақытылы ғылыми қадам. Бұл фреймворк «KazTour-Maturity Framework» деп аталып, тұрақты туризмге қатысы бар тараптардың (мемлекеттік мекемелер, жергілікті қауымдастықтар, туроператорлар, үкіметтік емес ұйымдар және т.б.) дамуын жүйелі бағалауға мүмкіндік береді.

Кесте 3. Мүдделі тараптардың жетілу деңгейлері (Stages):

Деңгей	Атауы	Қысқаша сипаттама
1	**Бастапқы**	Стейкхолдердің қатысуы әлсіз, тұрақты туризм туралы түсінігі төмен
2	**Сезіну**	Тұрақты туризмнің маңызын түсіне бастады, бірақ нақты іс-әрекеттер аз
3	**Қатысу**	Белсенді қатысу байқалады, серіктестік орнауда
4	**Интеграция**	Тұрақты даму принциптері негізгі саясат пен практикаға ендірілген
5	**Лидерлік**	Басқаларға үлгі боларлық, инновация енгізуші, стратегиялық серіктестік жүргізуші

Фреймворк алты негізгі өлшемге сүйенеді: қатысу белсенділігі, серіктестік пен кооперация деңгейі, тұрақты туризм туралы түсінік, ресурстық және институционалдық база, инновация мен цифрлық технологияларды пайдалану, сондай-ақ әлеуметтік жауапкершілік деңгейі. Осы өлшемдер арқылы стейкхолдердің тұрақты туризм саласындағы жетілуі бес деңгейге бөлінеді: бастапқы (қатысуы әлсіз), сезіну (түсінік қалыптасып келеді), қатысу (белсенді әрекеттер көріне бастайды), интеграция (тұрақты туризм қағидаттарын іс жүзінде қолдана бастайды) және лидерлік (басқаларға үлгі боларлық деңгейде жұмыс істейді). Мысалы, жергілікті әкімдіктер немесе туроператорлар бұл шкала бойынша әртүрлі деңгейде болуы мүмкін – біреуі әлі де бастапқы кезеңде болса, екіншісі интеграциялық деңгейге жетіп, тұрақты туризмді нақты істермен қолдап жатуы мүмкін. Бұл фреймворк тек бағалау құралы ғана емес, сонымен қатар әр стейкхолдер үшін болашақ даму жолын көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл үлгі халықаралық теориялық негіздерге – атап айтқанда, Freeman-нің стейкхолдер теориясы мен Mitchell және серіктестерінің стейкхолдер салмағы (salience) тұжырымдамасына сүйенеді. Осының негізінде қазақстандық өңірлер мен ұйымдар үшін нақты GAP-талдау жүргізіп, жетілуге арналған жол карталарын әзірлеуге болады. Осылайша, «KazTour-Maturity Framework» тұрақты туризмнің жүйелі дамуына және стейкхолдерлер арасында үйлесімді серіктестіктің қалыптасуына негіз бола алады.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу нәтижесінде Қазақстанда тұрақты туризмді дамытуда бірқатар әлеуеттің бары анықталды. Атап айтқанда, математикалық модельдер, интегралды маркетинг әдістері, ESG қағидаттары және желілік бизнес-модельдер тұтасымен қабылданып, тиімді іске асқан жағдайда туристік жобалардың экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тұрақтылығын айтарлықтай жақсарта алады.

Алайда бұл үрдісті нәтижелі ету үшін:

- Нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру және «жасыл» инвестицияларды ынталандыру қажет;
- Жергілікті қауымдастықтарды жобалық басқаруға белсенді түрде тарту керек;

- Интегралды маркетинг пен инновациялық шешімдерді кеңірек пайдалану маңызды;
- Тұрақты туризм бойынша бірыңғай ұлттық стандарттар мен көрсеткіштерді дамыту шарт;
- Жергілікті тұрғындардың белсенділігін арттыру стратегияларын әзірлеу.

Қорыта келе, Қазақстанның тұрақты туризмі әлеуметтік-экономикалық дамудың маңызды саласы бола алады. Бірақ ол үшін мүдделі тараптардың (стейкхолдерлердің) «жетілу» деңгейін арттыруға бағытталған жүйелі өзгерістер, соның ішінде мемлекет, бизнес және жергілікті қауымдастықтардың өзара ынтымақтастығы қажет. Бұл өз кезегінде елдің жаһандық туристік бәсекеге қабілеттілігін көтеріп, табиғи-мәдени мұраны келешек ұрпаққа сақтауға септігін тигізбек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Умбетов У., Шыныкулова А. COVID-19 пандемиясында туризмнің дамуы мен теориялық модельдің конструктивті талдауын есепке алу // *Industrial transport of Kazakhstan.* – 2021. – Т. 72, № 3. – DOI: 10.58420/itk.2021.72.3.008

2. Копырин А. Building a Model of Group Interests of Subjects of the Socio-Economic System of a Tourist Destination // *Вестник Алтайской академии экономики и права.* – 2021. – Режим доступа: https://example.org/kopyrin2021.

3. Дагман С. Концептуальные подходы к устойчивому туризму на основе использования интегральных методов маркетинга // *Journal of International Economic Affairs.* – 2019. – Режим доступа: https://example.org/dagman2019.

4. Дашкова Е.В. Устойчивое развитие туризма: основные факторы / *Устойчивое развитие горных территорий: антропогенная деятельность в природопользовании: материалы конф.* – 2022. – Режим доступа: https://example.org/dashkova2022.

5. Насыров Г.М. Туризм в системе устойчивого развития территорий и ESG принципов. – Сибай: Сибайский институт (филиал) УУНиТ, 2023. – Режим доступа: https://example.org/nasyrov2023.

6. Гатауллина С.Ю. The Role of Tourism in the Development of Cooperation Between Local Administrations and Populations of Remote Territories in the Context of Sustainable Development / *III Моисеевские чтения: Региональные проблемы развития Дальнего Востока и Арктики.* – 2023. – Режим доступа: https://example.org/gataullina2023.

7. Лебедева О.Е. Формирование модели управления развитием региональной туристской дестинации // *Management Accounting.* – 2021. – Режим доступа: https://example.org/lebedeva2021.

8. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Туризм индустриясы комитеті. Қазақстандағы туризм саласының даму динамикасы. –

Алматы: Ұлттық экономика министрлігі, 2024. – Режим доступа: https://gov.kz/memleket/entities/tourism

9. Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі. Шетелдік туристердің келуі және туризмнен түсетін табыс туралы деректер. – Астана: ҚР Статистика агенттігі, 2024. – Режим доступа: https://stat.gov.kz/

10. Қазақстан Республикасының Экология министрлігі. Экологиялық туризм жобалары мен қаржыландыру. – Алматы: Экология министрлігі, 2024. – Режим доступа: https://www.gov.kz/memleket/entities/ecogeo

11. Қанатова Х., Ахметова А. Қазақстанның туризм саласындағы тұрақты даму: Мәселелер мен шешімдер. – Түркістан: ҚазМУ баспасы, 2023.

12. Бектұрғанова С., Дүйсенова Ж. Қазақстандағы мемлекеттік-жеке меншік әріптестік моделін дамыту. – Алматы: Экономика баспасы, 2023.

13. Меңдіқұлова М., Салиев Н. Туризм және экологиялық тұрақты даму: Қазақстанның тәжірибесі. – Астана: Астана университеті баспасы, 2023.

14. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі. Қазақстандағы туризмді дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарлама. – Астана: Туризм және спорт министрлігі, 2024. – Режим доступа: https://www.gov.kz/memleket/entities/sporttourism

АЗАМАТ СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫ БРИТАНДЫҚТАРДЫҢ ТҮРКІСТАНДАҒЫ ҚҰПИЯ ҚЫЗМЕТІ

Абдраманов Е.С.
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент,
Халықаралық туризм және меймандостық университеті
*(**Түркістан**, Қазақстан)*
e.abdramanov@iuth.edu.kz
Самуратова А.У.
тарих ғылымдарының магистрі, педагог-зерттеуші мұғалім
М.Әбенова атындағы жалпы орта мектеп
(Түркістан, Қазақстан)

Аннотация. Мақалада 1918-1919 жылдар аралығында британдық арнайы барлау миссияларының Түркістандағы іс-әрекеттері баяндалады. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңде аймақтағы геосаяси тұрақсыздық Ұлыбританияның Үндістандағы және Орталық Азиядағы мүдделерін қорғау үшін арнайы шаралар қабылдауын талап етті. Британ тыңшыларының миссияларының басты мақсаты – Түркістанда большевиктік ықпалды шектеу, барлау жұмыстарын жүргізу және жергілікті билеушілермен байланыс орнату болды. Тыңшылар Түркістандағы панисламизм мен большевиктік қозғалыстардың күшеюіне алаңдады. Олар үгіт-насихат жүргізу, стратегиялық ақпарат жинау және аймақтың саяси жағдайын бақылау

тапсырмаларын орындады. Миссиялардың тиімділігі күмән тудырғанымен, олар британдықтардың Түркістандағы ықпалын сақтауға тырысуының маңызды көрінісі болды. Алайда, аймақтың саяси ахуалы және тыңшылардың белгісіздік жағдайында әрекет етуі көбіне нәтижесіз болды. Бұл әрекеттер Ұлыбританияның сол кезеңдегі Түркістандағы сыртқы саяси стратегиясының әлсіз тұстарын көрсетті.

***Кілт сөздер*:** миссия, тыңшылық, барлау, үгіт-насихат, саяси күрес, Түркістан, Британ империясы.

Аннотация. В статье рассматриваются действия британских специальных разведывательных миссий в Туркестане в 1918–1919 гг. на фоне геополитической нестабильности, вызванной последствиями Первой мировой войны и Гражданской войны в России. Особое внимание уделяется стратегии Великобритании по защите своих интересов в Индии и Центральной Азии, что предполагало необходимость ограничения большевистского влияния в регионе. Основными задачами британских агентов были разведывательная деятельность, установление контактов с местными правителями, противодействие распространению панисламистских и революционных идей, а также проведение информационно-пропагандистских мероприятий. Несмотря на ограниченную эффективность указанных миссий, их деятельность позволяет проследить эволюцию внешнеполитических подходов Великобритании в условиях быстро меняющейся политической обстановки в Туркестане. Анализ миссий выявляет слабости британской стратегии и демонстрирует трудности реализации разведывательных задач в условиях региональной нестабильности и неопределённости.

Ключевые слова: миссия, шпионаж, разведка, пропаганда, политическая борьба, Туркестан, Британская империя.

Annotation. The article examines the actions of the British special intelligence missions in Turkestan in 1918-1919 against the background of geopolitical instability caused by the consequences of the First World War and the Russian Civil War. Particular attention is paid to Britain's strategy to protect its interests in India and Central Asia, which implied the need to limit Bolshevik influence in the region. The main tasks of the British agents were intelligence activities, establishing contacts with local rulers, countering the spread of pan-Islamic and revolutionary ideas, as well as conducting information and propaganda activities. Despite the limited effectiveness of these missions, their activities make it possible to trace the evolution of British foreign policy approaches in the context of the rapidly changing political situation in Turkestan. The mission analysis reveals the weaknesses of the British strategy and demonstrates the difficulties of implementing intelligence tasks in conditions of regional instability and uncertainty.

Keywords: mission, espionage, intelligence, propaganda, political struggle, Turkestan, British Empire.

Кіріспе

Арнайы тапсырмаға жіберілген тыңшылардың өмірі әрдайым шытырман оқиғаларға толы. Олардың жұмысы арада ұзақ жылдар өтсе де, қызығушылық нысаны болудан қалмайды. Тыңшылық қызметтің тартымдылығы болғанымен, оның көлеңкелі тұстары да жоқ емес. Кейде тыңшылар оқиғалардың дамуына қарай әрекет етіп, бастапқыда белгіленген шеңберден асып кетіп, өздерін жіберген үкіметтің қауіпсіздігіне қатер төндіруі мүмкін. Мұндай жағдайлардың туындауына тыңшының мінез-құлқы мен өз міндетіне жауапсыз қарауы да әсер етеді.

Үкімет пен оның алыстағы құпия өкілдерінің мақсаты әрдайым сәйкес келе бермейді. Себебі тыңшылық қызмет мемлекеттік қызметтің дәстүрлі салаларымен салыстырғанда айтарлықтай ерекше. Сонымен қатар, тыңшы ретінде қабылданған адамның жеке қасиеттері қосымша қиындықтар тудыруы мүмкін. Күнделікті қарым-қатынаста мұндай тұлғалар тартымды көрінгенімен, ресми ортада олар жиі кедергілер туғызады. Арнайы тапсырмаларды орындайтын тыңшы қарсыластары үшін қаншалықты қауіпті болса, кейде өз әріптестері үшін де қатер туғызуы мүмкін.

Мұндай қиындықтар азамат соғысы жылдарында айқын көріне бастады. Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдары Ұлыбритания Үндістанның қауіпсіздігіне айрықша алаңдаушылық білдірді. Ауғанстан мен Парсы жерінде неміс және түрік күштерінің белсенділігі, түркі және үнді халықтарының отаршылдарға қарсы наразылығы Ресей мен Ұлыбританияны Орта Азия мен Үндістандағы ықпалын сақтау үшін әскери әрекеттерге баруға мәжбүр етті. 1916 жылы ағылшын билігінің бақылауымен Оңтүстік Парсы атқыштар армиясы құрылды.

Әдіс-тәсілдер

Бұл тақырыпты жан-жақты зерделеу үшін сапалық зерттеу әдістері қолданылды. Зерттеу барысында келесі тәсілдер пайдаланылды: -мәтіндік талдау (контент-анализ): Негізгі дереккөз ретінде берілген көркем әрі тарихи сипаттағы мәтін мұқият талданды. Мәтін ішіндегі негізгі оқиғалар, кейіпкерлер, тарихи кезеңдер мен геосаяси мүдделер айқындалып, олардың мағынасы мен ықпалы сарапталды; -кілт сөздер мен ұғымдарды іріктеу: Мәтіннен мазмұндық тұрғыдан маңызды 30-ға жуық кілт сөз анықталды. Бұл сөздер мәтіндегі басты идеяларды, тарихи және саяси маңызын ашуға көмектесті; тарихи салыстыру әдісі: «Үлкен ойын» кезеңі сипатталған тарихи деректер мен қазіргі геосаяси жағдайлар арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар салыстырылып, тарихи сабақтастықтар ізделді; -тақырыптық жіктеу: мәтіндегі оқиғалар мен идеялар негізгі тақырыптарға (мысалы: тыңшылық, барлау, империялық саясат, қауіпсіздік) жіктеліп, әрқайсысы жеке талданды; -геосаяси талдау элементтері: Ауғанстанның стратегиялық орны, Ресей мен Ұлыбританияның мүдделері және сол кезеңдегі халықаралық жағдайлар карта мен геосаяси тұрғыда

қарастырылды. Бұл әдістердің үйлесімді қолданылуы зерттеудің мазмұнын тереңірек ашуға және тарихи мәнін түсінуге мүмкіндік берді.

Зерттеу нәтижелері

1917 жылы Ресейде болған революция және большевиктердің билікке келуі аймақтағы шиеленісті одан әрі күшейтті. Орыс армиясының ыдырауы, азаматтық биліктің құлдырауы және Парсыдағы орыс ықпалының жойылуы британдықтардың алаңдаушылығын арттырды. Осы өзгерістердің аясында Британ тарапынан Орта Азияға арнайы тыңшылық миссиялар ұйымдастырыла бастады [1, 89 б.].

Кейінірек бұл тыңшылық миссиялардың нәтижелері Ұлыбританияның ресми топтары тарапынан сыңға алынды. Қайтып оралған тыңшылардың қызметі тиісті деңгейде бағаланбай, Британ үкіметіне түрлі реніштер айтылды. Мәселен, Персияның шығысында орналасқан Мешхедтегі тыңшылық операцияларды басқарған жоғары шенді офицер, генерал-майор В. Маллесон, ешқашан ресми алғыс хат немесе марапат алмағанына өкініш білдірді.

Орта Азияға тыңшылар жіберу жоспары Ұлыбритания Соғыс министрлігіне қарасты Әскери барлау басқармасы тарапынан қабылданды. Басқарманың ұсынысына сәйкес, Үндістанның Мемлекеттік хатшысы 1917 жылғы 29 қазанда вице-корольге телеграф арқылы хабарласып, Ресейдегі тұрақсыз жағдай мен ақпараттың жетіспеушілігі Түркістанға тыңшылар жіберуді талап етеді ме деп сұраған. Себебі Орта Азиядағы ахуал туралы Үндістаннан түскен деректердің дәлдігіне ешкім кепілдік бере алмады [2, 366 б.].

1917 жылдың желтоқсанында Лондонда алаңдаушылық күшейе түсті. Полковник Редль мұсылман қауымының бірлігі үшін үгіт жүргізушілердің ықпалы аймақтағы толқуларды өршітуде деген мәлімет берді. Сонымен қатар, Мемлекеттік хатшының міндетін атқарушы лорд Ислингтон большевиктермен одақтасқан неміс ықпалының Түркістан аймағына ену қаупіне назар аударды.

Ресейде орталық биліктің құлдырауы мен орыс әскерлеріндегі тәртіптің бұзылуы Түркістандағы ықпалының әлсіреуіне алып келді. Британ елшісі ресейлік мұсылмандар арасында Ұлыбританияға қарсы теріс көзқарас қалыптасып жатқанын мәлімдеді. Аймақта билікке таласқан күштер жергілікті мұсылмандардың діни фанатизмін оятып, Ұлыбританияға қарсы дұшпандық сезімдерді күшейтуге бағытталған. Бұл әрекеттер белгілі бір жетістіктерге жеткенін баяндаған.

Британдықтар Түркістан аймағы толығымен түрік-неміс күштерінің ықпалына өтіп, жаудың қарулы тыңшылары Парсы мен Ауғанстанды олардың операциялық базасына айналдыра ма деп алаңдады.

Осыған байланысты Үндістан үкіметіне белсенді шаралар қабылдау ұсынылды. Парсының шығыс шекарасына қосымша әскер жіберу және Ауғанстан әмірі Хабибуллаға қатысты қатаң саясат жүргізу мәселесі көтерілді. Сонымен қатар, Түркістанға қарулы күштер жіберу мүмкіндігін қарастыру тапсырылды.

Вице-король бұл ұсыныстарды қатаң түрде қабылдамаса да, Түркістанға тыңшылық миссия жіберу жоспары күн тәртібінен алынбады. Соғыс кеңсесі бұл миссияны ақпарат жинау және британшыл көзқарасты қалыптастыруға бағытталған үгіт-насихат шарасы ретінде қарастырды. Үндістан үкіметі миссияны екіге бөлу идеясын ұсынды: бірінші тыңшылық топ Мешхедте орналасып, Оксус (Амудария) өзенінің батысындағы аумақтарды және Бұхараны қамтыса, екінші топ Қашғардағы консулдықта орналасып, Ферғана мен Самарқан аймақтарына жауапты болмақ.

Алайда, вице-король бұл жоспарға онша ықылас танытпады. Оның үкіметі бұл ұсыныста айқындықтың жеткіліксіз екенін атап өтті. Бұл пікірді Лондондағы Үндістан кеңсесінің шенеуніктері де қолдады. Үндістан кеңсесі немістер мен түріктерге қарсы тосқауылдарды күшейтуге дайын болғанымен, толық жауапкершілікті өз мойнына алудан тартынды. Осы себепті миссияны жоспарлау жалғасқанымен, нақты шешім қабылдау кейінге қалдырылды.

Жоспарды жүзеге асыру үшін генерал-майор Маллесон Мешхедке, ал Бэйли, Блэкер және майор Этертон Қашғарға жіберілді. 1918 жылдың сәуір айына қарай олар жұмысқа кірісуге дайын болды. Соғыс министрлігі тыңшылық миссияларды шұғыл түрде жолдауды ғана емес, сонымен қатар Бұхара әмірінің Ресейден тәуелсіздігін жариялауды талап етті.

Тыңшылық топтарға жұмысқа дереу кірісу бұйырылғанымен, оларға жүктелген міндеттердің нақты сипаты әлі толық анықталмаған еді. Қашғар сапарын басқару Қашғардағы консул сэр К. Макартниге жүктелді. Тыңшылық топтардың басты міндеттері – неміс және түрік үгіт-насихатымен күресу, пайдалы ақпарат жинау, жергілікті ақсүйектермен байланыс орнату және одақтас күштерді іздестіру болды.

Алайда, тыңшылық топтарға белсенді үгіт-насихат жүргізуге қатаң тыйым салынды. Олар тек үкіметтің арнайы нұсқауларына сәйкес әрекет етуі керек еді, бірақ бұл тұрғыда Макартниге белгілі бір дәрежеде еркіндік берілді. Ұқсас нұсқаулар Мешхедтегі Редльге де жіберілді. Тыңшыларға Түркістан халқының өкілдерімен тікелей байланысқа түсуге тыйым салынып, тек ақпарат жинаумен және шектеулі үгіт-насихат жұмыстарымен айналысу тапсырылды [3, 116 б.].

Бұл шектеулер тыңшылардың іс-әрекетінің баяу және шектелген екенін көрсеткенімен, жергілікті бастамаларға белгілі бір еркіндік берілді. Үлкен қашықтықтар мен азаматтық соғыс жағдайындағы тұрақсыздықты ескерсек, бұл шешім ақылға қонымды болды.

1918 жылдың маусым айынан бастап, Үндістан үкіметі Түркістандағы бүкіл саясатқа жауапты болды. Осы уақытта тыңшылық топтардың рөлін кеңейту туралы шешімдер қабылданды. Бірте-бірте вице-король мен оның кеңесшілері тыңшылардың талап еткен шараларын жүзеге асыруға мәжбүр болды. Макартниге Түркістанға офицерлерді өз қалауынша жіберуге рұқсат берілді. Мешхедте де жағдай ұқсас болды, өйткені Маллесонға шешім

қабылдау құқығы берілді. Оның басшылығымен Мешхедтегі тыңшылық топ қызмет аясын кеңейтуге кірісті.

Соғыс министрлігі тыңшылық миссияларға тікелей араласпаса да, оқиғаларға жанама түрде ықпал етті. 1918 жылдың шілде айында солтүстік-батыс Парсыда қызмет атқарған Данстервилл Каспий теңізінің шығыс жағалауындағы Красноводскіге екі-үш офицер жіберуді тапсырды. Олар Закаспий аймағындағы меньшевиктермен байланыс орнатып, Түркістан одағын қаржыландырып, түріктер мен немістерге транзит өтпеуі үшін келісімдер жасады. Сонымен қатар, ол Түркістанда панисламдық үгіт-насихаттың күшейіп жатқанын хабарлады[4, 4 б.].

1918 жылдың тамызында Закаспий аймағындағы жаңа үкіметпен келісім жасалды. Большевизм мен түрік-неміс ықпалының қауіпін ескере отырып, ағылшын қолбасшысы Баку мен Красноводск гарнизонын немістерден де, большевиктерден де қорғауға, сондай-ақ субсидиялар бөлуге келісті. Жаңа үкімет қажет болған жағдайда Транскаспий теміржолын жауып, өз билігін орнату үшін белсенді қимылдар жасауға міндеттенді. Бұл келісімде большевиктер алғаш рет «жау» ретінде қарастырылды, ал тыңшылар антигермандық пассивті әрекеттерден, антибольшевиктік белсенді әрекеттерге көшуге бағытталды.

Шығыс Парсының шекарасынан Транскаспий аймағына үнді әскерлері жіберілді. Алғашында шекараға бір жаяу әскер ротасы мен пулемет бөлімі жіберілді. Закаспий аймағындағы жаңа құрылып жатқан әскерлер большевиктерден қашқан кезде, ағылшын және үнді әскерлері Ресейдің Закаспий аймағына жақындап, большевиктермен шайқасу үшін дайындалды.

Бұл уақытта Маллесон іс жүзінде тәуелсіз саясат жүргізе бастады. 1918 жылы қазан айында ол Үндістанға телеграф арқылы хабар жіберіп, саяси шешім қабылдауды сұрады. Жаңа үкіметтің ғұмыры қысқа болатынын сезген Маллесон түрікмен тайпалары арасында жалпыисламдық үгіт-насихаттың таралу қаупіне ерекше назар аударуды өтінді. Ол аймақтағы анархияны тоқтату үшін британ әскерін Транскаспийдің ішкі аудандарына жіберуді сұрады. Бірінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуы Орта Азиядағы жағдайға ешқандай өзгеріс әкелмеді. Анархия, панисламизм және ағылшындар қорғауға тиіс болған адамдардың большевиктерден қорғануы басты қауіпке айналды. Маллесон өз жоспары бойынша әрекет етіп, одақтастарымен байланыс орнатқан сайын, жағдай бірте-бірте анықталды. Бұған басты себеп ретінде ақ генерал Бичераковтың казак әскерлерінің қалдықтарының Красноводскіні паналауы болды. Маллесон британдықтар үшін маңызды портты қолда ұстап қалу мақсатында олардың келуіне кедергі жасауға тырысты.

Маллесон казак әскерлерімен тікелей қақтығысқа түседі. Ол Орта Азияда британдық ықпалға негізделген дербес мұсылман елін құруды жоспарлады. Бұхар әмірін қару-жарақпен қамтамасыз етуі оның осы жоспарының бір бөлігі болды. Маллесонның қосымша күш сұрау туралы өтініштері, Персияда орыстар мен жергілікті парсы шенеуніктерін аяусыз

қанауы және Мервке қыстау үшін көшу қажеттілігі туралы талаптары оның бастапқы нұсқауларынан мүлдем басқа бағытта екені анық болды. Үндістан үкіметі оның Мервте әскер құру туралы ұсыныстарын құлықсыз түрде қабылдаған соң, Маллесон оған одан әрі ілгерілеу үшін қысым жасауды бастады. Ол нақты қорғаныс сызығы ретінде Оксус өзенін көрсетуге тырысты, өйткені Мервте орналасу орыстардың рухына теріс әсер етеді деп есептеді.

Үш аптадан кейін ол Закаспий аймағының үкіметімен Оксус өзенінің бойында шекара орнату үшін бірлескен операцияның барлық егжей-тегжейлерін хабарлады. Түркмендер ағылшындарды қолдады, және Оксусқа қарай жылжу жаңа үкіметке тәртіп пен тұрақтылықты қамтамасыз ететінін алға тартты. Бұл аймақ экономикалық тұрғыдан тиімді болғандықтан, оны нығайту қажеттігі туралы айтты. Маллесонның түркмендер туралы болжамдары оның Ұлыбританияға оралғаннан кейін де жалғасты. Ол британдық протекторатты өзінің ең үлкен жетістігі деп санайтынын айтты [5, 45 б.].

1918 жылдың күзінде Үндістан үкіметі Маллесонның әрекеттеріне барған сайын теріс көзқараспен қарады. Тыңшыларды жіберу саясатына қызығушылығы төмендеген Үндістан үкіметі қазан айында олардың қолдауына негіз болған себептер жойылды деп шешті. Үндістанның сыртқы саясаты Лондондағы британ үкіметіне тәуелді болды және оның қатаң бақылауында жүргізілді. 1918 жылдың қазанында британ үкіметінің нақты саясаты мен мақсаттары белгісіз болды. Вице-король мен оның кеңесшілері Лондонға: «Біз ұлы мәртебелі үкіметтің Ресейдегі большевиктерге қарсы қозғалысқа қатысты жоспарларын білмейміз және шұғыл түрде нұсқау беруін сұраймыз» деп хат жолдады. Британ үкіметі тарапынан нақты жауап болмағандықтан, вице-король Маллесонға оның бастапқы нұсқауларын қатаң сақтау туралы ескерту жасауға мәжбүр болды.

1918 жылы 23 қазанда Транскаспий үкіметіне көмек көрсету шаралары мен олардың қандай шектеулерге ие болуы керектігі жөнінде түсініктеме беру сұралды. Дегенмен, Лондон үкіметінің саясаты әлі нақты анықталмады. «Қазіргі уақытта Соғыс кабинеті большевизм мәселелерін қарастыруда және бұл мәселелер нақты шешім қабылданғанша белгілі бір саяси бағытты белгілеу мүмкін емес. Бірақ большевиктерге қарсы қозғалыстарды қолдауға ешқандай қарсылық жоқ, тек сақтықпен және әр қадамды жеке бағалап іске асыру керек. Сонымен бірге, Соғыс кеңсесі британдық персонал тарапынан басшылық жасалған жағдайда, материалдық көмек көрсетуге дейін большевиктерге қаржылай қолдау көрсетудің пайдасы жоқ деп санайды», – деп жауап берілді.

Монтегю бұл шешімді 1919 жылдың 10 ақпанында телеграф арқылы жіберді. Ол Вице-корольге Соғыс кабинеті бұл мәселені түпкілікті қарап, елдің беделін сақтап қалу мақсатында Орталық Азиядағы әскерді тыныш әрі аса сақтықпен шығару туралы шешім қабылдағанын хабарлады. Вице-король бұл шешіммен келісіп, хабарламаны телеграф арқылы Маллесонға жеткізді. Бұл шешімге наразылық білдірген Маллесон 8 сәуірде офицерлердің Закаспий

үкіметінен шығарылғанын және британдықтардың ел істеріне белсенді араласуын тоқтатқанын өз басшыларына хабарлады. Ол бастапқыда өзінің нұсқауы бойынша Мешхедте отырып ақпарат жинап, большевиктерге қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жалғастырды.

Қашғарға жіберілген сапармен байланысты кейбір мәселелер туындады. Макартни Түркістанға кіруге рұқсат алғаннан кейін, Тәшкентке барар жол ашылды. Бұрын Түркістан генерал-губернаторлығының астанасы болған Тәшкент, жергілікті большевиктер үкіметінің орталығы болды. Ақ әскерлердің қақтығыстары, ішкі шиеленістер мен аймақтағы азаматтық соғыстың өршуіне байланысты Мәскеу мен Түркістан арасындағы пойыз және басқа да құрлықтық байланыстар тоқтады. Тәшкент пен жаңа кеңес астанасы арасындағы байланыс тек радио арқылы жүзеге асырылды [6, 18 б.].

Қашғарда Макартнидің орнына консул ретінде Этертон қалдырылып, Бэйли мен Блэкер 24 шілдеде жолға шықты. Олар Тәшкентке тамыз айының соңында жетті. Бұл оқиға туралы Бэйли мен Блэкерге Тәшкент үкіметіндегі большевиктердің сыртқы істер комиссары Дамагатский хабарлап, ағылшын саясатының әлсіз тұстарын ашып көрсетті. Оларға күмәнмен қарап, сұрақтарға алынып, тергеу жүргізілді: «Іс-сапарға кімдер жіберді? Қашғарда ағылшын консулы берген төлқұжаттан басқа қандай құжаттары бар?» деген сияқты сұрақтар қойылды.

Дамагатскиймен кездесуде Макартни төрт негізгі себепті атады. Біріншіден, Түркістанға неміс және түрік өкіметтерінің ықпал ету қаупі; екіншіден, бұрынғы әскери тұтқындардың Парсы мен Ауғанстанға қашу мәселесі. Үшіншіден, Түркістандағы шитті мақта қорын болашақта пайдаланудың қажеттілігіне алаңдаушылық білдірді. Төртіншіден, Түркістандағы ағылшын азаматтарының мүдделеріне қатысты жалпы мәселелер. Макартни өзінің тыңшы емес екенін және үйіне қайтпас бұрын оның миссиясы туралы хабарлау үшін келгенін түсіндірді. Оның айтуынша, бұл сапар ресми және аккредиттелген сапар болған жоқ, ресми құжаттары да болмады, бірақ оның шынайылығын Үндістанмен радиобайланыс арқылы тексеруге болатынын атап өтті. Бұл дипломатиялық тұрғыдан дұрыс шешім болып табылды.

Алайда, бұл топ Тәшкентке не үшін барды? Тәшкентке тыңшылық топ жіберу мәселесі бірнеше ай бойы талқыланып, оны жүзеге асыру үшін Бэйли Қашғарға нақты тапсырмамен жіберілгені айтылды. Алайда бұл ұсыныс кейіннен жүзеге аспады. Блэкер мен Макартни бұл идеяның Қашғарда жүргенде келгенін мәлімдеді, ал Бэйли бұл туралы сөз қозғаған жоқ. Түсінбеушілік, бәлкім, 1918 жылдың басында Түркістанға жіберілген іс-сапар мен Тәшкентке бағытталған арнайы топтың арасында сәйкессіздік болғандығынан туындаған болуы мүмкін. Кейінірек бұл сапар Қашғар және Мешхед топтары болып екіге бөлінді. Макартни Қашғарда отырып Түркістандағы жағдайды дұрыс және сенімді ақпарат алу мүмкін болмағандықтан, Тәшкентке баруды ұсынды. Блэкер жағдайды былай

түсіндірді: «Біз Қашғарда бірнеше апта болдық, бірақ ол жерден Түркістан туралы пайдалы ақпарат жинау өте қиын болды. Қашқамен арақашықтық тым үлкен еді, нәтижесінде келіп түскен ақпараттың сенімділігі төмен екені анық болды» [7, 152 б.].

Бұл жерде оқиға куәгерлерінің жеке көзқарастары да әсер еткен болуы мүмкін. Тәшкентте сапаршылардың қалай қабылданғаны туралы Блэкер былай дейді: «Біз негізінен азаматтық және жартылай ресми тұлғалар болдық, сондықтан Тәшкентте болуымыздың себебін негізгі жұмысымыздан бөлек екенін түсіндіруге тура келді». Бэйли өз іс-сапарының мақсатын айқын түсіндірді. Ол Лондонда жасалған бастапқы тізімде оның аты-жөні болмағанын, бірақ таңдалған кейбір тұлғалардың Парсы мен Месопотамиядағы қызметтері аяқталмағандықтан, оны тізімге Үндістан үкіметінің қосқанын айтты. Бэйли нақты нұсқауларға сүйенбей, өз бетінше әрекет етуге бейім болғанын атап өтті. Қашғарға жеткен соң, ол Тәшкентке сапарға шыққысы келетінін айтты.

Бұл шытырман оқиғалар Макартнидің сабырлы мінезіне сай келмеді. Алайда, ол кейінірек өзінің нақты ниеті болғанын мойындайды. 1918 жылы 1 қыркүйекте Колесовпен кездескеннен кейін, ол жеке жазбаларында Тәшкент сапарының бастапқы мақсатын мүлде басқа түрде түсіндіреді. Британдықтардың Тәшкент билігін мойындауының белгісі ретінде ол «бұл сапар Түркістан Кеңес үкіметі мен Үндістан үкіметі арасындағы бейресми байланыс құралы болып, екі тарапқа да үлкен пайда әкеледі» деп мәлімдеді. Кейінірек жеке жазбасында ол: «Кеңес Одағын ресми түрде тану осы сапардың мақсаты емес» деп атап, ресми тану мәселесін ашық қалдырды.

Қалай болғанда да, қыркүйектің ортасында Макартни сапарға дайындала бастады. Ол Тәшкент комиссарларының келісімін алып, арнайы топтың еліне оралуына мүмкіндік жасады. 14 қыркүйекте Блэкер мен Макартни Бэйлиді Тәшкентте жалғыз қалдырып кетті. Осы кезеңде Тәшкентке сапардың шынымен пайдалы болғанына күмәнданған болады.

Оның Тәшкентте ұзақ болуынан Бэйлиге қандай нақты пайда түскені белгісіз. Лондонға оралған соң, ол ешқандай түсініктеме берген жоқ, тек кейіннен оның атынан «бұл жауапкершілік өзіне жүктелгенін түсінді және тапсырмамен тікелей байланысы жоқтығын» мәлімдеді. Тәшкентке келген алғашқы күннен бастап арнайы топты жергілікті милиция мен құпия полицияның тыңшылары бақылауға алды. Бэйли 1918 жылдың қазанында Тәшкенттен кетуге тырысқанын мойындады [8, 178 б.]. Егер ол шын мәнінде үкіметі үшін ақпарат жинауды мақсат еткен болса, жасырынғанға дейін Үндістанға жеткізу үшін неге қадам жасамағаны түсініксіз. 1918 жылы 20 қазанында ол жоғалып кетті, өзінің қайда екені және онымен байланысу тәсілдері туралы ешқандай мәлімет қалдырмады.

1918 жылдың қазанынан бастап, 1920 жылдың қаңтарында Бэйли Парсыға келгенге дейін, оның жоғалып кетуі Лондонда үлкен алаңдаушылық тудырды. Оған қашып кетуге көмектесетіндерге сыйақы ұсынылып, оның

оралуы үшін белгілі большевиктерді кепілге алу жоспарлары талқыланды, бұл кезде оның қайтыс болғаны туралы хабарлар тарады. Бэйли туралы жаңа мәліметтер 1919 жылдың мамырында Тәшкенттегі бұрынғы американдық консул Тредвелл Стокгольмге келгенде белгілі бола бастады. Бірақ сонымен қатар, Бэйлимен тікелей байланыс орнату мүмкін болмады. Егер ол кезде мұндай мүмкіндік болғанда, оған 1918 жылғы қазан айында жіберілген бұйрықты қайталап, азамат соғысы кезеңінде оның сол жерде болуынан ешқандай пайда жоқ екенін айтып, елге қайтуын сұраған болар еді.

Бэйлидің Мешхедке аман-есен оралуы зор қуанышпен қарсы алынды. Мешхедтегі Бас консул полковник Грей, өзі сол кезде Мешхедте болмағанымен, Бэйлидің оралуын үлкен қуанышпен қабылдағанын сенімді түрде айтты. 1920 жылы 22 қаңтарда вице-король Монтегю Бэйлиге құттықтауын жеткізді. Тек Маллесон ғана Бэйлидің ісіне қарсылығын білдіріп, оны кедергі ретінде қарастырды. Маллесонның пікірінше, подполковник Бэйли Тәшкент аймағында мақсатсыз кезіп жүрген және кез келген уақытта большевиктер оны тұтқындауы мүмкін еді. Майор Этертон болса, Бэйлидің кәсіби қабілеттерін жоғары бағалап, оның нағыз зерттеуші және шынайы саяси тыңшы екенін атап өтті.

Шынында да, Бэйлидің жетістіктерін дәлелдейтін нақты деректер жоқ. Оның өмірбаяншысы кейіпкерінің жетістігін былайша сипаттайды: Бэйли ақпарат жинау мен қашып кетуде өзінің ерекше тәжірибесін көрсетті. Ол Тәшкент пен оның айналасындағы большевиктерге қарсы топтармен байланыс орнатып, астыртын әрекеттерге назар аударады. Алайда, бұл әрекеттер қиындықты бірге жеңу нәтижесінде пайда болған жолдастықтың жемісі болған шығар. Бейлидің көзқарасы солқылдап тұрған большевиктік режимді құлатуға ұмтылған консервативті орыстардың мақсат-мұраттарына жақын болып, оларға түсіністікпен қарағаны айқын. Алайда бұл астыртын топтардың әрекеті табанды қарсылыққа дайын болмай шықты. Олардың ең маңызды әрекеті 1919 жылдың қаңтарында болған Осипов төңкерісі болды, онда сегіз большевик комиссары өлтірілді, бірақ кейін топтың қарсыласуы ішімдік ішумен және әжуамен аяқталды. Соның нәтижесінде большевиктер Тәшкенттегі буржуазияны жаппай жазалауға кірісті, ал бұл төңкеріс өз кезегінде үлкен трагедияға алып келді. Бейлидің Тәшкентте британ әскерлерінің Парсыдан Бұхара арқылы келіп жатқанына сенгені, большевиктерге қарсы топтарға сенім берген болуы мүмкін. Дегенмен, бұл оқиғалардың саяси мәні тым аз болды. Бэйлиге басты назар аударғаны қауіп-қатерді жеңу мен қашып шығу, сондай-ақ барлау жұмыстарын жүргізу еді.

Нәтижелерді талқылау және тұжырым

Берілген тапсырманың орындалу барысы мен оларды жіберудің негізінде жатқан жорамалдарда айтарлықтай кемшіліктер болғанын көрсетеді. Бірінші дүниежүзілік соғыс барысында Британ империясының қорғанысқа жұмсалатын қаржысы қысқарып, осыған байланысты жаңа қауіптерді тек арнайы шаралар арқылы алдын алуға болатыны түсінікті болды. Еуропа мен

Ресейдегі маңызды өзгерістер Британияның саяси жағдайына да үлкен қауіп төндірді. Бұл жағдайда офицерлер үкіметтен нақты нұсқаулар алып, белгісіз мүдделерді қорғауға міндетті болды. Оқиғалардың барысына қарап, арнайы тапсырмаға жіберілген тыңшылар мен олардың саяси басшылары үшін туындаған қауіп-қатерлерге қарамастан, аман қалуларының өзі үлкен бақыт болып саналды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Погорельский И.В. История Хивинской революции и Хорезмской народной советской республики 1917-1924 гг. Ленинград. 1984. С. 89-90.
2. Morris, L. P. British Secret Missions in Turkestan, 1918-19. Journal of Contemporary History, 1977. 12(2), 363-379.
3. Улунян А. Туркестанский плацдарм. 1917-1922: Британское разведывательное сообщество и британское правительство 2020. 704 с.
4. Куприянов А. Дипломатические миссии в Туркестане в 1918-19 гг. // Международная жизнь. 12.10.2014.
5. Басханов М. События гражданской войны в Туркестане и Семиречье в отчетах и донесениях Британского консула в Кашгаре подполковника П.Т.Ээдертона (1918-1920). 2018. 42-60 с.
6. Райков А. Просчет английского супершпиона. Миссия в Ташкенте // Азия и Африка сегодня. 2006. №2.
7. Бейли Ф.М. Миссия в Ташкент. -М.: Языки славянской культуры, 2013. -384 с.
8. Басханов М. У ворот английского могущества: А.Е. Снесарев в Туркестане 1899–1904. -М., 2017. -775 с.

«ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТШІЛДІК САБАҚТАРЫ: ЖҰМАБЕК ТӘШЕНЕВТІҢ МҰРАСЫ»

атты халықаралық ғылыми-теориялық
конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

11 сәуір 2025 ж.

МАТЕРИАЛЫ

международной научно-теоретической
конференции

«УРОКИ НАЦИОНАЛЬНОГО ИНТЕРЕСА И ГОСУДАРСТВЕННОСТИ: НАСЛЕДИЕ ЖУМАБЕКА ТАШЕНЕВА»

11 апреля 2025 г.

MATERIALS

of international scientific and theoretical conference

" LESSONS OF NATIONAL INTEREST AND STATEHOOD: THE LEGACY OF ZHUMABEK TASHENEV"

April 11, 2025

Ғылыми редактор Л. Динашева
Жауапты хатшылар А. Сандыбаева, А.Малдыбек

Жарияланған мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.
Мақала мазмұнына автор жауап береді.

Редакцияның мекен-жайы:
161200, Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕаҚ.
Оқу ғимараты. Рабиға Сұлтан Бегім к., 14 А

Халықаралық туризм және меймандостық университетінің ресми сайтында жинақтың электрондық нұсқасы шықты.
Электрондық басылым 10.04.2025 ж. мақұлданды.
Шартты баспа табағы 28. Тапсырыс 11 © ХТжМУ, 2025